

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім
беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім саласындағы
өзін-өзі бағалау материалдары**

2024 жыл, мамыр

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» КММ өзін – өзі бағалау қорытындысының анықтамасы

Өзін – өзі бағалау өткізудің негіздемесі:

- «Білім туралы» Заң 1 бап 44 пункт 1 тармақшасы;
- «Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының оқу – ағарту министрінің бұйрығы 05 желтоқсан 2022 жылы №486;
- «2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Қостанай облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрлігі білім саласында сапаны Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі» 20 желтоқсан 2024 жылындағы №84 бұйрығы.
- "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30183 болып тіркелді.

Өзін – өзі бағалау комиссияның құрамы

1	Мукашева Кульназия Жумабаевна	комиссия төрайымы, мектеп директоры
2	Ахметкалиева Мейрамкул Бакытбековна	комиссия төрайымының орынбасары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Смагулова Копей Файзоллиновна	комиссия мүшесі, директордың ғылыми әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Карбозова Айнур Ерденовна	комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5	Сарымсакова Айсауле Баймуратовна	комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
6	Калиев Дастан Сафарғалиевич	комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7	Тулегенова Эльмира Сапаровна	комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
8	Анапина Зәуре Бауыржанқызы	комиссия мүшесі, кәсіподақ төрайымы

Өзін – өзі бағалау кезінде зерттеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып табылатыны:

- 1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- 2.Кадрлық әлеуетті талдау
- 3.Білім алушылар контингенті
- 4.Оқу-әдістемелік жұмыс
- 5.Оқу-материалдық активтер
- 6.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
- 7.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
- 8.Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесінің жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Білім беру ұйымының орналасқан жері: 110300, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Ш.Жәнібек көшесі, 81 үй

Занды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон: 871430-72622

Электронды пошта: kst.ark.sh4@mail.kz;

Web-сайт: arkkeikibatyr.edu.kz; arkalyk.4mektep инстаграм, «Кейкі батыр атындағы №4 ЖББМ» фейсбук парақшасы.

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Мектеп директоры Мукашева Кульназия Жумабаевна, Арқалық қаласы білім бөлімі басшысының 2022 жылғы 29 шілдедегі №240 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы әкімдіктің 2021 жылдың 5 қаңтардағы №19 қаулысымен бекітілген Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы БИН 970940000538, 12.01.2021 жыл.

Рұқсат беру құжаттары:

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияның нөмірі: KZ05LAA00019802. 28.04.2012 жыл.

Ғимараттың салынған жылы: 1971 жыл

Жұмыс істеу күні: 1971 жыл

Құрушы: Арқалық қаласы
әкімдігі **Жобалық**

қуаттылығы: 702 бала

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі (коды): 12-282-011-1414

Жер учаскесінің көлемі -2255,7 га

Арқалық қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 5 шілдедегі №339 қаулысы негізінде жерді тұрақты пайдалану құқығы актісі берілді.

Оқытылып отырған оқушы саны: 1267 оқушы

Сынып комплектісі: 54 сынып

Оқыту тілі: қазақ тілі және орыс тілі

Мектеп өз жұмысында төмендегі ұйғарымдар мен ережелерді басшылыққа алады:

✓ Мектептің ішкі тәртіп ережесі;

✓ Жалпы білім беретін мектептің, педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің, пән бірлестіктерінің, жас мамандардың, әкімшілік басқару

нұсқаулары;

- ✓ 2023 - 2024 оқу жылының сабақ кестелері;
- ✓ Істер номенклатурасы;
- ✓ Әкімшілік, педагог және техникалық кіші қызметкерлердің, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кітапхана меңгерушісі, кітапханашы, лаборант, бас есепші, есепшілер лауазымдық міндеттері, штаттық кестесі;
- ✓ Негізгі қызметтер, жеке құрам бойынша бұйрықтар;
- ✓ Еңбек келісім шарты. Еңбек кітапшалары.

Педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, директордың жанындағы отырыстар, ата - аналар жиналыстарының, Қамқоршылық кеңестің хаттамалары мен материалдары.

Мектептің іс-әрекеті Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының, Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы, мектептің жарғысы және басқа құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асады.

Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі мемлекеттік аттестациядан соңғы рет 2024 жылы өтті (2023-2024 оқу жылы).

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру

1.1 Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі.

Мектепке дейінгі шағын орталық мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін бөбек жасындағы балаларға және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларын тәрбиелеу-білім беру қызметін мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі-Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚРДСМ-59 бұйрығымен «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалар басшылыққа алынып жасалынды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499

бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтың ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырылған кіріктірілген сабақ түрінде жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне және музыка тындау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды мәдениетті қарым-қатынасты игерту жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту бағыттар:

- Физикалық дамыту;
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары жыл сайын қалалық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, педагогикалық кеңесте қаралып, бекітіледі.

Шағын орталық топтарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес *Киші топ* (2 жас) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру-күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Сенсорика күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу күн сайын, мүсіндеу күн сайын, жапсыру-күн сайын, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет, музыка күн сайын.

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес *Ортаңғы топ* (3 жас) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын.

Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет. Музыка-күн сайын. *Ересек топ* (4 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына екі рет. Музыка күн сайын.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды мектепалды даярлық сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру- 3 сағат. Дене шынықтыру - күн сайын. Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет -2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті - күн сайын. Қазақ тілі-2 сағат. Қазақ тілі-күн сайын. Сауат ашу негіздері-3 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет-күн сайын. Математика негіздері-3 сағат. Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру-2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті-күн сайын. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-1 сағат. Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-күн сайын. Музыка - 2 сағат. Музыка-күн сайын. Аптадағы нормативтік жүктеме 20 сағатты құрайды.

Шағын орталықта «Балбөбек» кіші топта – 20 тәрбиеленуші, «Айгөлек» ортаңғы топта - 20, «Балбұлақ» ересек тобында- 20; Мектепалды даярлық сыныптарында 101 (26 орыс сыныбында) тәрбиеленуші тәрбиеленді.

2) *білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;*

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылды:

- «Балбөбек» кіші топ – 2 жастағы балалар;
- «Айгөлек» ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
- «Балбұлақ» ересек топ – 4 жастағы балалар.

Мектепалды даярлық сыныптары 0 А, Ә, Б, Г және В – 5 жастағы балалар.

Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды; өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Кіші топ (2 жастағы балалар) «Балбөбек» тобында Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) «Айгөлек» тобында Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылды. Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды.

Ересек топ (4 жастағы балалар) «Балбұлақ» тобында Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын

түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мектепалды сынып (5 жастағы балалар). Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекет саны 20 сағатты, мектепалды сынып жасындағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады. Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін түрлі балалар әрекетінде дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту үшін қолданылады.

Шағын орталық топтары және мектепалды даярлық сыныптары жиһаздармен қамтамасыз етілген.

№	Ат ау ы	Топтардың толымдылығына байланысты саны				
		Өлшем бірлігі	Бөбекжа й жасы (кіші топ)	Мекте пке дейінгі жас (ортаңғы топ)	Мектепк е дейінгі жас (ересек топ)	Мектепке дейінгі жас (мектепалды топ)
	Топтық жабдықтар және жиһаз					
Топқа арналған қосымша жабдықтар мен жиһаздар						
1	Киімге арналған шкаф	дана	20	20	20	45
2	Сүлгіге арналған ілгіш	дана	20	20	20	0
3	Киімге арналған	дана	20	20	20	0

	тумбочка					
4	Тұрмыстық термометр	дана	4	3	3	1
5	Үсті-үстіне қойылған екі қабатты төсек	дана	20	20	0	0
6	Балалар орындығы	дана	20	20	30	75
бір балаға және топқа шаққанда жабдықтар						
13	Балалар матрасы	дана	50			
14	Балалар жастығы	дана	50			
15	Балалар жастық тысы	дана	50			
16	Балалар ақжаймасы	дана	50			
17	Балалар ақжайма тысы	дана	50			
18	Балалар көрпесі	дана	50			
19	Жамылғы	дана	50			
20	Топтық бөлмеге арналған кілем	дана	3			
21	Жатын бөлмеге арналған кілемше	жиынты қ	2			
22	Топтағы терезелерге арналған перделер	жиынты қ	7			
Кір жуу бөлмесі						
24	Кірді жібітуге арналған арба	дана	1			
25	Кірді тасуға арналған арба	дана	2			
26	Тұрмыстық кір жуу машинасы	дана	1			
27	Кірге арналған стеллаж	дана	3			
28	Үтіктеу тақтасы	дана	1			
29	Тұрмыстық үтік	дана	1			

Тәрбиелеу - білім беру процесі перспективалық жоспарға;

циклограммаға; бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылды.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жасап, бекіттірді. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалды. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде топтардың кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылды. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылды және іске асырылды.

Циклограмма әр аптаға құрылды, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, кіші топта күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Мектеп жанындағы шағын орталықта тәрбиеленушілердің жақсы демалуына, сапалы тәрбие алуына барлық жағдай жасалған, шағын орталық бөлмелері мен оқу кабинеттері жабдықталған. Шағын орталықта толық күнмен жұмыс жасайтын «Балбөбек» кіші тобы аптаның бес күндік тәртіппен, күнделікті таңертең 07³⁰-18⁰⁰-ге дейін 10,5 сағат жұмыс істейді.

Толық емес күнмен жұмыс жасайтын топ түске дейін 8⁰⁰-13⁰⁰-ге дейін «Балбұлақ» ересектер тобы 5 сағаттан жұмыс жасайды.

3) *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақтау;*

Шағын орталықта жас ерекшеліктеріне қарай кіші топта – 20; ортаңғы топта 20; ересек топтарда – 20; мектепалды даярлық сыныптарында – 83 тәрбиеленуші бар.

«Физикалық қасиетерді дамытуды» іске асыру бойынша балалардың денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыруда спорттық құрал-жабдықтар: (кегл жиынтығы-3, доптар, шығыршықтар, пластмасса гантелдер, т.б.), қимылды ойындар жиынтығы-31, ағаштан жасалған гимнастикалық қабырға-1, гимнастикалық қабырғаға арналған саты-2, едендегі гимнастикалық ағаш-1, гимнастикалық орындық-2, тартылуға арналған арқан-1, массажды жол-2, ұзын, қысқа түрлі түсті лента-4, балалар шығыршығы-8, гимнастикалық таяқ-8, секіргіш-12, түрлі түсті жалау-10, ұзын, қысқа жіп-2, гигиеналық жабына бар спорттық матрас-12, допқа арналған себет-1, балалар кедергілер жолағы-1, өрмелеуге арналған арқан-1, денсаулық жолы-1, ысқырық - 6, құмсағат-1, массаж добы-1. шариктер жиынымен құрғақ бассейн-1. Денсаулық бұрышы бар.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша балалардың

коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамытуда және қарым-қатынас жасауын қалыптастыруда дидактикалық ойындар және атрибуттары, қуыршақ театрлары, сюжеттік, тақырыптық суреттер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер жинақтары, әр түсті магниттер т.б. жинақталған. Оқу-әдістемелік құралдар, суретті кітапшалар, ертегі кітапшалар, «Жануарлар» бұрышы, жануарлар мүсіні, ертегі кейіпкерлерімен жабдықталған. Сонымен қатар түрлі көрнекіліктер, логикалық блок, сюжетті-рөлді ойындар, қима суреттер, көкөністер мен жемістердің нақпіншілері, баспа әріптер, дидактикалық ойындар жиыны бар. Балаларға арналған кітап бұрыштары барлық топтарда жабдықталған. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау ұйымдастырылды. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік берілді.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша геометриялық пішіндер жиынтығы, түрлі пішіндегі заттар бейнеленген суреттер жиынтығы, геометриялық жазық пішіндер жиынтығы, сандар қассасы, 1 ден 10 ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы, санау таяқшалары, сандарды үйретуге арналған кілемше, кубиктер, пазлдар, магнитті сандар бар. Тәрбиеленушілерді дамыту үшін конструкторлар, әр түрлі қарапайым математикалық ұғымдарды игеруге арналған материалдар, баспа әріптер, сандар, сөздер, кестелер, жануарлар туралы иллюстрациялық басылымдар, өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер есептеу таяқшалары бар.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша үлестірмелі - дидактикалық материалдармен толығымен жабдықталған. Бейнелеу өнеріне арналған креативті жиынтық, гуашь бояулар жиынтығы, оригамиге арналған түрлі-түсті картондар мен түрлі-түсті картон қағаздар, мүсіндеуге арналған тақтайшалар, қарандаштар, желімдер, балаларға арналған қайшылар, ермексаздар, сулы майлықтар, сурет салуға арналған альбомдар, акварельді бояулар жиынтығы, акварельді қылқаламдар, мүсіндеу жұмыстарын қоюға арналған подиум, әртүрлі трафареттер, музыкалық аспаптар: домбыра, қобыз, музыкалық орталық бар.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша балаларды қоршаған ортамен таныстыру негізінде, әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыруда сюжеттік-рольдік ойындардың жиынтығы, жол ережелері, жемістер мен көкөністер, ойындарға атрибуттар, үлкендер еңбегімен таныстыруға бағытталған дидактикалық ойындар, ойыншық жиһаздар, техникалық заттар, ыдыстар, қуыршақтар, жануарлар, түрлі театрлар: қуыршақ, саусақ, үстел үсті театрлар жинақталған.

«Табиғат» бұрышында гүлге арналған тұғыр, бөлме өсімдіктері

қойылған. Жыл мезгілдері, өсімдіктер мен жануарлар, мемлекеттік рәміздер, ұлттық костюмдар, тұрмыстық заттар көрнекілік суреттері, түрлі қоршаған орта жайлы дискілер бар. Ересек топта қазақы бұрыш жабдықталған.

Топтарда білім беру дағдыларын дамыту бойынша ортаны жабдықтау барысында эстетикалық талаптар сақталған, құралдар балалардың жас ерекшелігіне байланысты қолжетімді жерде орналасқан.

МЖМБС, МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтердің (100%) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімдері бар.

2022-2023 оқу жылында мектепте 10 тәрбиеші жұмыс істеді. Тәрбиешілердің басым бөлігі - еңбек өтілі 5 жылдан жоғары. 5 даярлық тобының тәрбиешілері және шағын орталықтың 5 тәрбиешісі.

Даярлық топ тәрбиешілері:

Саматова Жанаргуль Курманалиевна, білімі-арнаулы орта, еңбек өтілі -7 жыл, 2 санатты .

Оспанова Акмарал Сабитбековна, білімі- жоғары, еңбек өтілі -16 жыл 8 ай, санаты жоқ .

Асанханова Әйгерім Қуакнышқызы, білімі- жоғары, еңбек өтілі -5 жыл 9 ай, санаты жоқ.

Маннанова Айдана Николайқызы, білімі- арнаулы орта, еңбек өтілі -1 жыл, санаты жоқ .

Шағын орталық тәрбиешілері:

Сейдина Базаркул Закировна, білімі – жоғары, 15 жыл 8 ай, санаты жоқ.

Бекенова Жумакуль Жакановна, білімі – жоғары, еңбек өтілі -10 жыл, санаты жоқ.

Оразбай Дианара Куанышқызы, білімі – арнаулы орта, еңбек өтілі – 6 жыл 9 ай, санаты жоқ.

Топелова Ұлмекен , білімі – жоғары, еңбек өтілі -6 жыл, 9 ай, санаты жоқ.

Кадрлардың сапалық құрамы мен сандық құрамы

Оқу жылы	Барлық Тәрбиешілер	Білімі			Біліктілік санаты							Педагогтардың еңбек өтілі					Жас құрамы			
		жоғары	арн.орта	магистр	жоғары	бірінші	екінші	мастер	зерттеуші	сарапшы	модератор	санатсыз	3 ж дейін	3-8 ж.д.	8-16 ж.д.	16-20	20 ж.жоғ.	55 жасқа	55-58 жас	58 жас. жоғары
2023-2024	8	5	3	0	0	0	1	-	0	0	0	7	1	5	2	0	0	7	1	0
		Жоғары – 62,5 %			бірінші, сарапшы - 0 %							Орташа – 7 жыл					Орташа жас - 30			

1) Тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарынан 100 %, Қостанай қаласында

«Өрлеу» БАҰО АҚ базасында өтті. Тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарынан мектептің перспективті жоспарына сай өткізіледі. баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Мектепке дейінгі топтардың барлығында әр тәрбиеленушіге жеке даму картасы толтырылды.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқыту нәтижелеріне тоқталсам: Бастапқы жүргізілген индикатор бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игергені 0 А сыныбында 18 тәрбиеленушінің 77 %; 0 Ә сыныбында 18 тәрбиеленуші 73,3% көрсетіп тұр.

Аралық мониторинг бойынша 0 А сыныбында 18 тәрбиеленуші: N₁-62,2 %, N₂-31,1%, N₃-6,7 %; 0 Ә сыныбында 18 тәрбиеленуші: N₁-61,1%, N₂-32,3%, N₃-6,6 %.

Қорытынды мониторинг бойынша 0А сыныбында 18 тәрбиеленуші: N₁-75,7 %, N₂-20,8%, N₃-3,5 %; 0 Ә сыныбында 18 тәрбиеленуші: N₁-74,7%, N₂-21,8%, N₃-3,5 %.

2) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау:

Тәрбиеленушілерді даму мониторингісінің бойынша **бастапқы**, даму мониторингінің нәтижелеріне тоқталатын болсақ, «Балбөбек» кіші топ – 54,7%, «Айгөлек» ортаңғы топ – 70,6%, «Балбұлақ» ересектер тобы – 74,6%, мектепалды даярлық тобы 0 А – 77%, мектепалды даярлық тобы 0 Ә – 75,3%, мектепалды даярлық тобы 0 Б – 77%, мектепалды даярлық тобы 0 Г – 77%, мектепалды даярлық тобы 0 В – 77%, ал жалпы бойынша үлгілік оқу бағдарламасын игеруі – 82,7%-ды құрады.

Білім беру саласы	2023- 2024		
	1деңгей	2деңгей	3деңгей
Денсаулық сақтау дағдылары	33,1	38,4	28,5
Коммуникативтік тілдік дағдылары	37,4	40,1	22,5
Танымдық дағдылар	30,5	45,5	24
Шығармашылық дағдылар	34	37	29
Әлеумет дағдылар	32,5	43,7	23,8

Барлық жас ерекшелік топтарында балалардың білімін қалыптастыру нәтижесінде бес білім беру саласы жүйелі түрде қадағаланады: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет».

1) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

Сапалы бағалау мен тәрбие-білім іс-әрекетін өткізу мақсатымен, сонымен қатар ҚР МЖБС мектепке дейінгі білім беру базалық бағдарламалары құрылуымен сәйкес тәрбиеленушілердің дамуына қолайсыздық мүмкіндігін туғызатын ықпалдарын ескертудегі дамыту орталарының жағдайлары деңгейін анықтаумен, қаралған жағдайлар, жоспарланған нәтижелердің балалардың жетістігіне бағытталған, білім процесі структурасы есебімен жылына 3 рет (жылдың басы, ортасы, соңы) балалар жетістігі бағдарламасының мониторингі жүргізілді.

Диагностикалық материал жүйеленеді және кабинетте сақталды.

Қорытынды мәліметтерінен 5 білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің даму, өсу динамикасы көрінеді.

Мектепалды және шағын орталық тәрбиеленушілерінің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингінің нәтижесінде, әр критерийге сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдалырды игеруін, балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлері анықталды.

Топтар атауы	№ 1 Жоғары нәтиже %	№2 Орташа нәтиже %	№ 3 Төмен нәтиже %
«Балбөбек» кіші топ	96%	4%	-
«Айгөлек» ортаңғы топ	99,8%	0,2%	-
«Балбұлақ» ересек топ	67%	32%	1%
Мектепалды даярлық сынып 0А	75,7%	20,8%	3,5%
Мектепалды даярлық сынып 0Ә	74,7%	21,8%	3,5%
Мектепалды даярлық сынып 0Б	75,7%	20,8%	3,5%
Мектепалды даярлық сынып 0Г	74,7%	21,8%	3,5%
Мектепалды даярлық сынып 0В	75,7%	20,8%	3,5%
Барлығы	77,2%	19,5%	3,3%

2023-2024 оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша жоғары деңгей 77,2 %; орташа деңгей 19,5 %; төмен деңгей 3,3 % құрады. Бұл тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасын толық меңгергенін көрсетеді

1.2 Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Шағын орталықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

2023-2024 оқу жылы: Кіші топ (2 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру-күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Сенсорика күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу күн сайын, мүсіндеу күн сайын, жапсыру-күн сайын, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет, музыка күн сайын.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын.

Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына бір рет. Музыка-күн сайын. Ересек топ (4 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет күн сайын. Қазақ тілі аптасына бір рет. Қазақ тілі күн сайын. Математика негіздері күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру күн сайын. Сурет салу мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын. Музыка аптасына екі рет. Музыка күн сайын.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды мектепалды даярлық сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: **Дене шынықтыру- 3 сағат. Дене шынықтыру - күн сайын. Сөйлеуді дамыту - 2 сағат. Көркем әдебиет -2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті -күн сайын. Қазақ тілі-2 сағат. Қазақ тілі-күн сайын. Сауат ашу негіздері-3 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет-күн сайын. Математика негіздері-3 сағат. Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру-2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті-күн сайын. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-1 сағат. Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-күн сайын. Музыка- 2 сағат. Музыка-күн сайын. Аптадағы нормативтік жүктеме 20 сағатты құрайды.**

1.1 Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» КММ шағын орталығы мен мектепалды сыныбының тәрбие-білім беру қызметі мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҰОЖ) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Шағын орталыққа балалар қабылдау «INDIGO» порталы арқылы жүргізіледі. Ата-аналар электронды жүйе арқылы өздері жолдама алады. Қажетті құжаттар тізімдемесі: баланың туу туралы куәлік көшірмесі, форма 026/у-3 баланың денсаулық паспорты, баланың денсаулығы туралы анықтама, ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі.

Алфавиттік қозғалыс кітап жүргізіледі, тәрбиеленушілердің бұйрық кітабы. Кітаптар тігілген, нөмірленген, мектеп басшысының мөрі мен қолы қойылып бекітілген.

Жобалық қуаты 75 баланы құрайды. 2023-2024 оқу жылында 60 бала.

Мектебімізде шағын орталықта 2 - 4 жас аралығындағы бүлдіршіндер кіші топ «Балбөбек», ортаңғы топ «Айгөлек», «Балбұлақ» ересек топтарға бөлінген. Мектепалды даярлық сыныптарына 5 жастағы балалар қабылданды.

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу жүзеге асырылды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптері, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылды. Оқу жұмыс жоспарлары бес күндік оқу аптасына бөлінген.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады: 1) 1 қыркүйек - 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

Мектепалды сыныбында тәрбиеленушілер 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін оқытылады және оқу жылы барысында белгіленген демалыс уақыттары бар.

Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес дамытудың барлық бағыттарын қамтиды, сыныптағы дамушы орта өзін-өзі қамтамасыз етеді. Даярлық сынып тәрбиеленушілері 1-сыныпқа тұрақты көшеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының физикалық

қасиеттерді дамыту дағдылары, коммуникативтік-тілдік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жоспары арқылы жүзеге асырылды.

3-бөлім. Кадрлар құрамы, біліктілік талаптарының сақталуы.

Мектептің кадр саясаты педагог қызметкерлердің, басқарушы кадрлардың және қосалқы қызметкерлердің кәсіптік және шығармашылық, іздену-зерттеушілік деңгейін көтеруге жағдай жасауды көздейді.

Мукашева Кульназия Жумабаевна – мектеп - директоры, педагог - зерттеуші. Педагогикалық еңбек өтілі 38 жыл 2 ай, директорлық қызметте 13 жыл, соның ішінде осы мектепте басшылық қызметінде 2 жыл. 2022 жылдың 1 тамызынан бастап «Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 29 шілдесіндегі №240 бұйрығының негізінде «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалды. Кульназия Жумабаевна – басшылық, жетекшілік қызметтің қыр – сырын меңгерген білікті басшы.

Ахметкалиева Мейрамкул Бакытбековна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог-сарапшы. Жалпы еңбек өтілі 10 жыл 11 ай, педагогикалық еңбек өтілі 10 жыл 11 ай. Соның ішінде, директордың орынбасары қызметінде еңбек өтілі - 6 жыл.

Карбозова Айнур Ерденевна - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог - зерттеуші. Жалпы еңбек өтілі 26 жыл, педагогикалық еңбек өтілі 26, соның ішінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіндегі өтілі 2 жыл.

Сарымсакова Айсауле Баймуратовна – директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу- ісі жөніндегі орынбасары, педагог, жалпы еңбек өтілі 29,5 жыл, педагогикалық еңбек өтілі 29,5 жыл, соның ішінде директордың орынбасары қызметіндегі өтілі 12 жыл.

Смагулова Коней Файзоллиновна – директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші. Жалпы еңбек өтілі 34 жыл 9 ай, педагогикалық еңбек өтілі 34 жыл 9 ай. Соның ішінде, директордың орынбасары қызметінде еңбек өтілі 1 жылға дейін.

Байахмет Талғат Жауынгерұлы – директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші. Жалпы еңбек өтілі 24 жыл, педагогикалық еңбек өтілі 24 жыл. Соның ішінде, директордың орынбасары қызметінде еңбек өтілі 1 жылға дейін.

Тулегенова Эльмира Сапаровна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог - сарапшы. Жалпы еңбек өтілі 21 жыл, педагогикалық еңбек өтілі – 21 жыл, соның ішінде директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметте еңбек өтілі 1 жылға дейін.

Калиев Дастан Сафарғалиевич – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог – зерттеуші. Жалпы еңбек өтілі 15 жыл 7 ай, педагогикалық еңбек өтілі - 15 жыл 7 ай, соның ішінде директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметте еңбек өтілі 1 жылға дейін.

Әкімшілік – басқару қызметінің әрбір мүшесінің мектеп директоры бекіткен

лауазымдық нұсқаулықтары бар. Онда әрбір басқарушы қызметкердің лауазымдық міндеттері мен құқықтары, педагогикалық кадрлармен жұмыс атқару, олардың оқу жүктемесін анықтау, педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау, педагогикалық және оқушылар ұжымының іс – әрекетін ұйымдастыру және бақылау жасау бағыттары көрсетілген.

Әкімшілік – басқару қызметі мүшелерінің марапаттаулары:

- ☐ Қостанай облысы білім басқармасының грамотасы – 1
- ☐ Облыс әкімінің грамотасы - 2
- ☐ Қала әкімінің грамотасы - 3
- ☐ Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің мақтау қағазы - 7

Әкімшілік – басқару қызметі сандық құрамы штат кестесіне сәйкес келеді.

Әкімшілік - басқару қызметкерлерінің еңбек өтілдерінің молдығы білім беру мекемесінің дамуына септігін тигізуде. Педагогикалық қызметтегі орташа өтіл – 25 жыл. Әкімшілік - басқару қызметкерлерінің орташа жасы – жас. Басқару жұмысындағы орташа өтіл – 7 жыл.

Әкімшілік - басқару қызметкерлерінің квалификациялық деңгейі басқару қызметінде тиімді әсер етуде. Квалификациялық білім жетілдіру жоспарына сай әкімшілік аппарат 5 жылда бір рет міндетті түрде Білім жетілдіру институтында курстық алдын ала дайындықтардан өтіп тұрады. Курстық алдын алу дайындықтарының тақырыптары басқару ісі жөніндегі сұрақтар және білім беру ұйымын басқару, оқушыларды дайындау сапасы, ҚР білім берудегі жаңалықтар мен білім беру ісіндегі менеджмент, т.б.

Басқару ісінің тиімділігі әкімшілік - басқару тұлғаларының қызметінің жоғары шеберлік деңгейімен анықталады. Біліктілігін көтеру жоспарына сәйкес әкімшілік аппарат міндетті түрде білім жетілдіру институтында үш жылда бір рет курстық дайындықтан өтіп отырады. Курстық дайындықтың тақырыптары басқару және білім беруді ұйымдастыру, оқушылардың білім дайындығының сапасын көтеру, ҚР білім беру ісіндегі жаңашылдық мазмұнына сәйкесті таңдалады. Әкімшілік – басқару аппаратының барлық мүшелерінде базалық білімі талапқа сәйкес, өздерінің біліктілік деңгейлерін облыстық және республикалық деңгейдегі біліктілік арттыру курстары, семинарлары арқылы жетілдіріп отырады.

Білім беру процессінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында мектепке мұғалімдер мен тәрбиешілер мамандығына сәйкес қабылданады.

Педагог қызметкерлер

2023 - 2024 оқу жылы мектепте барлығы 96 мұғалім, сонымен қатар, педагогтарға теңестірілгендер (7): барлығы да пән мұғалімдері. Жоғары білімді мұғалім – 94, арнаулы орта білімді – 2.

2023 - 2024 оқу жылында 96 мұғалімнің жоғары санаттысы – 0, бірінші санат – 1, екінші санат – 5, педагог - шебер – жоқ, педагог - зерттеуші – 23, педагог-сарапшы – 10, педагог-модератор – 34; санатсыз – 23.

Педагогтардың көбінің бай педагогикалық тәжірибелері бар. 2023 жылдың қыркүйегінде 20 жылдан аса еңбек өтілімен 36 мұғалім (34.2%), 16 жылдан 20 жылға дейінгі еңбек өтілімен 10 педагог (9.5%), 22 педагогтың 8 жылдан 16 жылға дейінгі еңбек өтілі бар (20.9%), 3-8 жылға дейін 27 педагог (25.7%), және 10 мұғалімнің 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар (9.5%).

Педагог қызметкерлерді аттестаттау – бұл педагогикалық кәсіптік біліктіліктің деңгейін және қызметтің өнімділігін кешенді бағалау болып табылады. Педагогтарды кәсіби дамыту жүйесі мектептің білім беру моделінің қажеттілігіне және әр педагогтың кәсіби деңгейін жетілдіруге, жеке мүмкіндігін дамытуға бағытталған. Педагогтарды аттестаттау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсан, №533 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтар, №83 бұйрығымен бекітілген.

«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартына» сәйкес жүргізілді. Жыл сайын мектеп директорының бұйрығымен аттестаттау комиссиясы, сараптама тобы құрылады. Аттестаттау комиссиясы мұғалімдерді аттестаттаудан, қайта аттестаттаудан өткізу жоспары бойынша жұмыс жүргізеді. Педагогтардың аттестатталуы болжалды жоспар бойынша жыл сайын бақылауда тұр. 2022 жылдың 30 желтоқсан №533 бұйрығы, аттестаттау ережесімен барлық ұстаздар таныстырылды. Мұғалімнің кәсіби дамуының қалыптасуына, өзін-өзі бағалау мен талдаудың тұрақты процессіне негізделген педагогтарды мектепшілік аттестациялау жүйесі ұйымдастырылады. Ережеге сәйкес, педагогикалық қызметкерлердің аттестаттау үдерісіне қатысуы 5 жылда бір рет. Оқу жылының басында аттестатталушылар тізімі жасалып, тапсырылды.

Аттестаттауға биылғы оқу жылында 53 мұғалім. соның ішінде: 9 - педагог– зерттеуші, 10 - педагог – сарапшы, 34 - педагог – модераторға өтініш бергелі отыр.

Педагог кадрлардың үш жылда бір рет білім жетілдіру курсынан өтуі қадағаланып отырылады.

Білім беру ұйымдарындағы білім және тәрбие беру сапасының жетілдіруі тікелей мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейіне байланысты. Қоғам үнемі педагог мамандарға жоғары талаптар қойған. Өзгелерді үйрету үшін, басқаларға қарағанда білімнің тереңдігі қажет. Педагог маманы міндетті түрде өз пәнінің сыртында оқыту әдістемесін меңгеру, қоғам өмірінің әр саласында білімді және саясат пен экономикада хабардар болу керек.

Мектептің педагогикалық ұжымы өздерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіру және біліктіліктерін көтеру мақсатында жүйелі түрде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді курстардан өтіп отырады. Пән мұғалімдері өз пәндері, лауазымдық қызметіне байланысты Қостанай қаласындағы Қайта даярлау және білім жетілдіру институтымен және «Өрлеу» БАҰО, ПШО үздіксіз байланыс жасау арқылы білімдерін жетілдіреді. Педагогтардың біліктілік арттыру курстарынан өтуі болжалды кесте бойынша бақыланады. Курстан өткен мұғалімдер тың жаңалықтарымен бірлестік отырыстары, лездеме, арнайы семинарларда бөлісіп отырады. Кәсіби құзыреттілік бойынша қысқа мерзімді пән бойынша тақырыптық курстан тыс инклюзивті білім беру, «Lesson study» бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курсынан педагог кадрлардың өтуі қамтамасыз етілуде. 2023 жылға пән бойынша курстан өтпеген педагогтар үшін, одан басқа қосымша пән бойынша қысқа мерзімді тақырыптық курстарға сұраныс берілді.

Жас мамандармен жұмыс.

Жас мамандардың мектепке тез бейімделу үшін және оқу-тәрбие үрдісінде нәтижелі жұмыс жасау үшін мектепте тұрақты «Жас маман мектебі» жұмыс жасайды. «Жас маман мектебінің» мақсаты: жаңадан жұмыс бастаған оқытушыларда кәсіптік құзіреттіліктерді, әдістемелік дағдыларды, үнемі өздігінен даму мен өздігінен жетілу қажеттіліктерін қалыптастыру.

Қойылған мақсатқа жету үшін міндеттер айқындалған. Міндеттердің негізгі мазмұны педагогикалық ұжымда жас мамандарға қолдау көрсету жағдайын жасау, әдістемелік іс-тәжірибенің дағдыларын меңгеруде, оқу-тәрбие қызметін жоспарлауда мен ұйымдастыруында көмек көрсету.

«Жас маман мектебінің» жұмыс жоспарына кіреді:

1. Бұйрық бойынша арнайы жеке тәжірибелі тәлімгер бекіту;
2. Нормативтік-құқықтық әдістемелік және локальді құжаттармен танысу.
3. Тақырыптық күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарын жасауға бағыт беру.
4. Өз білімін жетілдіру тақырыбын таңдауға көмек беру.
5. Тәжірибелі мамандардың сабақтарына қатысуын ұйымдастыру.
6. Психологиялық қолдау көрсету.
7. Өзара сабақтарға қатысуын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, мектепішілік және қалалық жас мамандардың іс-шараларына белсенді түрде қатысуын ұйымдастыру. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығын негізге ала отырып, мектептің арнайы 05.09.2022 жылғы №167 бұйрығы негізінде тәлімгерлер тағайындалды. «Жас маман» мектебінің жұмысы жас мамандар бойынша банк деректері және олармен атқарылатын жұмыс жоспары құрылды. Жас мамандарды нормативтік құжаттармен «Әдістемелік-нұсқаулық хат», «Білім туралы» заң, №472, №160 бұйрық, «Педагог мәртебесі» т.б. құжаттармен таныстырылды.

Оқу жылының басынан әдістемелік кеңестер берілді, тәлімгерлермен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жас мамандардың іс-әрекетіне бақылау жүргізу үшін, мектепішілік бақылауға қойылды. Бекітілген тәлімгер арнайы жас маманмен жылдық жұмыс жоспарын жасайды, үнемі тәжірибе барысындағы туындаған сұрақтарға жауап беріп, «Жас маман мектебі»

сыртында озық педагогикалық технологиялардың әдіс - тәсілдерін тиімді қолдануда бағыт бағдар және жас маманның жылдық жұмысына баға береді.

2023 - 2024 оқу жылының - 7 жас маман болды.

Жас мамандар мектебінің жетекшісі - директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары Смагулова Копей Файзуллиновна.

Жас мамандар туралы мәлімет

№	Аты – жөні	Білімі	Оқу орны, бітірген жылы, мамандығы	Пед. өтілі	Тағайындалған тәлімгерлер
1	Әбдібай Гүлдарига Меңдібайқызы	Жоғары	КарМУ, 2021 ағылшын тілі	3 жыл	Нурекешова Жадыра Сериковна
2	Нұрмаш Гүлсезім Нұрмашқызы	Жоғары	АрМПИ 2020 ж. биология	3 жыл	Кемпирова Асемгул Сайлаубековна
3	Маннанова Айдана Николайқызы	Жоғары	АрМПИ 2023 ж. Мектепке дейінгі тәрбие және психология	3 жыл	Егинбаева Айнур Капаровна
4	Мүсілім Аблай	Жоғары	АрМПИ 2020 ж. математика	1 жылға дейін	Мукашева Кульназия Жумабаевна
5	Жүніс Бек-Әбіл	Жоғары	АрМПИ 2023 ж. Математика информатика	1 жылға дейін	Мукашева Кульназия Жумабаевна
6	Хужаева Айбану	Жоғары	АрМПИ 2023 ж. Ағылшын тілі	1 жылға дейін	Нурекешова Жадыра Сериковна
7	Бөлегенова Ақбаян	Жоғары	Костанай 2023 ж. Ағылшын тілі	1 жылға дейін	Нурекешова Жадыра Сериковна

2023 - 2024 оқу жылында жас мамандар мектебінің жылдық жоспары құрылған, жоспар бойынша оқу жылында 5 отырыс өтті, отырыс хаттамасы жазылды.

Жас мамандар мектеп өміріндегі әр түрлі деңгейдегі іс – шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Жас мамандар өз білімін жетілдіру негізінде жүргізілген жоспарларын, өзара сабаққа кіру дәптерлерін, әдістемелік тақырыбы жиналған іс-құжаттарын көрмеге ұсынып, жүргізілген жұмыстарына есеп берді.

«Заманауи сабаққа қойылатын әдістемелік талап» тақырыбында қыркүйек айында жас мамандарға арналған семинар өткізілді. «Жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсету» тақырыбында - қазан айында коучинг өткізілді. «Мен маман ретінде қалыптасуыма қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім» тақырыбында және «Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман» тақырыбында тренингтер өткізілді.

Жас мамандар үнемі қалалық семинарларға да қатысып отырады. Атап айтқанда, Нұрмаш Г.Н., Әбдібай Г.М., Жүніс Б.Е., Мүсілім А.А. бірнеше рет қалалық семинарларда іс- тәжірибелерімен бөлісті. Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің 60 жылдығына арналған “Ұлттық рух-ұрпақ

тәрбиесінің арқауы” 2023 жылы желтоқсанда өткен қалалық семинарда, Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі “Салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруда-мектептің жұмыс жүйесі” тақырыбында сынып жетекшілерге арналған 2023 жылғы қалалық семинарда, №2 жалпы білім беретін мектебі “Инклюзивті білім беруде оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастырудың тиімді әдістері” тақырыбындағы қалалық семинар, “Бүгін жас маман-ертеңгі ұлағатты ұстаз!” қалалық семинар-практикумы . Жас мамандарға тәлімгерлері, мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, мектеп ұжымы тарапынан әдістемелік қолдау жасалды. Кәсіби деңгейді тәжірибелерін жетілдіру мақсатында іс – шараларға, мектепшілік, қалалық, облыстық деңгейде өткізілген өзекті тақырыптарға байланысты, қажеттіліктерін ескере отырып, семинар, вебинарларға қатысуы қамтамасыз етілуде. Жас мамандар үнемі басты назарда, әдістемелік көмек жұмыстары әлі де жалғасын таба бермек.

4-бөлім. Білім алушылар контингенті

Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне негізделген сапалы, қолжетімді білім, қауіпсіз жағдайларда даму мен тәрбие беру үстінде. Көрсетілетін білім қызметтері барлығы үшін қолжетімді. Мектепке қабылдау кезінде конкурсты іріктеу жүргізілуге жол берілмейді. Мектепте тек қана мөлтек аудандағы оқушылар ғана емес, сонымен қатар қаланың басқа да мөлтек аудандарынан білім алушылар бар.

Оқушы санының өсуіне және білім сапасына әсер етеді. Көптеген сыныптарда оқушылар саны 25 баладан асып кетеді.

Білім алушылар контингенті бойынша жалпы мәліметтер Ұлттық білім беру деректер базасына енгізіліп, әр жыл сайын мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан өзгерістер мен толықтырулар жасалып, жаңартылады.

2023-2024 оқу жылы -1267 оқушы, оның ішінде қызы – 605.

1 - 4 сынып – 524; 5 - 9 сынып – 586 оқушы; 10 - 11 сынып – 157 оқушы.
Сынып жиынтығы – 53. I ауысымда 27 сынып, 629 оқушы; II ауысымда
26 сынып, 638 оқушы.

Мектепте оқу үрдісі бес күндік, екі ауысымда жүреді.

Оқушылардың ауысым бойынша бөлінуі

Оқу жылы	2023 - 2024	
Сынып	1-ауысым	2-ауысым
1-4	246	278
5-9	207	379
10-11	157	-
Барлығы	610	657

5-бөлім. Оқу-әдістемелік жұмыс және педагогикалық жүктеме

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Мектептің миссиясы: Эмоционалды интеллект деңгейінде білім беруге жайлы орта құру.

Мақсаты: Оқушылардың өз эмоциясын қабылдау қабілеттерін арыттырып, тәрбие беруде жағымды көңіл-күй орнату арқылы білім алуға қолайлы жағдай туғызу.

Міндеттері:

- жағымды көңіл-күй орнату арқылы оқушылардың оқу үлгеремін арттыру;
- оқу-тәрбие процесінің жағдайын диагностикалау арқылы оқу пәндерінің сапалы берілуінің нәтижесінде білімді, рухани дамыған, жан-жақты тұлға тәрбиелеу;
- білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдениет мінез-құлық дағдыларын арттырып, өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынас орнату;
- жас ұрпақтың өзінің рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, өмірі мен өз денсаулықтары мен аман-есендігі үшін әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыруға жағдай жасау;
- оқушылардың білімді меңгеруімен даму деңгейіне, өз беттерінше білім алу әдістемелеріне кезеңдік бақылау жүргізу.

Мектептің өзекті тақырыбы аясында туындаған мәселелер мұғалімге қойылатын талап пен жауапкершілікті күшейтеді. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық, ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Білім беру саласында мұғалімнің кәсіби шеберлігінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытып оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмек көрсетуде әдістемелік кеңес жұмысының атқаратын ролы зор.

2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдау барысында басымдық орынды алатын мектепшілік әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы. Әр әдістемелік бірлестіктің тақырыбы мектептің миссиясымен ұштасады.

Әдістемелік жұмыс – бұл барлық педагогтар ұжымының шығармашылық ынтасын арттыруға және дамытуға, әрбір педагогтың кәсіби шеберлігін және біліктілігін жан - жақты көтеруге бағытталған іс-шаралар мен іс - әрекеттер, ол тұтастай ғылыми жетістіктерге негізделген және алдыңғы педагогикалық тәжірибелер мен өзара байланыстағы шаралар жүйесіндегі оқу - тәрбие үрдісінің нақты талдауы.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс мақсаты: әр оқушының жеке ерекшелігін дамыту, әлеуметтік бейімделуге қабілеттілігін, белсенді азаматтық көзқарасты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді іске асыруға қолайлы білім кеңістігін құру.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:

- педагогика, психология ғылымдары саласында жарыққа шығып жатқан жаңа бағдарлама, басылым, әдебиеттермен үнемі таныстырып отыру,
- оқу –тәрбие үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету
- мұғалімнің кәсіби шеберлігін, біліктілігін арттыру мәселелерін қарастыру

Жұмыс нысандары:

1. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарлатуға бағытталған және педагогтарды шығармашылық потенциалын көтеруді көздейді.
2. Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру – ол педагогтардың кәсіптік дамуын қолдауға арналған.
3. Озық тәжірибені оқып үйрену, тарату.
4. Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеруге және мұғалімдердің
5. Ғылыми-педагогтық қызметтерін жандандыруға бағытталған.

Әдістемелік кеңес – мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысын және тікелей пән бірлестіктерінің жұмысын басқарушы орган болып табылады.

Әдістемелік кеңесті құрудағы мақсат: Мектептегі әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастыру, жүзеге асыру.

Білім беру саласында шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған білім мен тәрбиені ұйымдастыруына көмек көрсетуде мектепшілік 8 әдістемелік бірлестіктер /мектепалды даярлық және шағын орталық тәрбиешілерінің бірлестігі, тарих пәні бірлестігі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің бірлестігі; орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің бірлестігі; ағылшын тілі пәні бірлестігі; жаратылыстану /химия, биология, география, музыка, көркем еңбек/ пәндері бірлестігі; МИФ /математика, информатика, физика/ бірлестігі; дене шынықтыру пәні бірлестігі, бастауыш сынып бірлестігі, эстетикалық бағыттағы пәндер бірлестігі құрылған. Әдістемелік жұмысты басқарудағы міндеттердің орындалуы, іс- шаралардың жүзеге асырылуы әдістемелік жұмыстың жүйесін қалыптастырды. ӘБ мына тақырыптарды басшылыққа алды:

- ☐ «Қазақстан-Ұлы дала елі» тарих пәні бірлестігінің жетекшісі *С.Ж.Бекентаев*;
- ☐ «Тіл ұлттың жан дүниесі» қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің бірлестігі, жетекшісі *Ж.А.Утебаева*;
- ☐ «Бессмертие народа- в его языке» орыс тілі мен әдебиет пәндері бірлестігі, жетекшісі *А.И.Шалдыбай*;

- «English is spoken all over the world» ағылшын тілі пәнінің бірлестігі, жетекшісі *А.Т.Тауменова*;
- «Әлемді тек ғылым ғана өзгертеді» жаратылыстану бірлестігі /география, химия, биология/ жетекшісі *Кемпирова А.С.*;
- «Әлемнің ғажайып 3 тірегі» физика, информатика, математика пәндер бірлестігі, жетекшісі *З.Б.Анапина*;
- «Спорт – таусылмас азық, өнер сарқылмас байлық» дене шынықтыру пәні бірлестігі, жетекшісі *Е.Т.Ауезбеков*;
- «Белсенді әдіс – тәсілдер арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» бастауыш сынып бірлестігі, жетекшісі *А.К.Егинбаева*;
- «Музыка мен еңбек-өнердің көкжиегінде!» эстетикалық бағыттағы пәндер бірлестігі (музыка, көркем еңбек, бірлестік жетекшісі *М.А.Ермаганова*

Мектеп тақырыбы, әдістемелік тақырып, бірлестіктер тақырыбы, бірлестік тақырыбына сәйкес әр пән мұғалімінің де тақырыптары өзгерді. Осы мақсат міндеттерге жетуде жұмыстар жүргізілуде.

Оқу жылының басында мектептің арнайы 01.09.2023 жыл №237 бұйрық бойынша бекітілген әдістемелік кеңес құрамы құрылды. Алғашқы әдістемелік кеңесте атқаратын жұмысы, мақсат, міндеттері таныстырылды. 5 әдістемелік кеңес, 5 бірлестік отырыстары өткізілді. Әр отырыс барысында 3, 4 мәселеден ұжымның алға қойған мақсатына сәйкес, мұғалімдердің қажеттілігіне қарай жаңартылған білім берудің ерекшеліктері, «Цифрлық сауаттылық-заман талабы», «Оқушылардың зияткерлік –шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы білім беру сапасын арттыру» тақырыбында коучинг, «Ғылыми ізденіс-мотивация тудыру негізі», «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру», педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу бойынша нормативтік құжаттармен таныстыру т.б. қазіргі өзекті мәселелерге байланысты тақырыптар қарастырылды. Әдістемелік кеңестерде, бірлестік отырыстарында, жас маман отырыстарында, жекелей болсын әр мұғалімге әдістемелік көмектер, өзіндік ізденіс жұмыстары жүргізілді.

Оқу жылының басында арнайы жылдық жұмыс циклограммасы құрастырылып, әдістемелік кеңесте арнайы таныстырылады, бірлестік жетекшілеріне жеке беріледі, хабарландыру тақтасына арнайы ілінеді, ватсап әлеуметтік желісіндегі арнайы чатқа да жүктеліп отырады. Жоспар бойынша әр бірлестік мүшелері, яғни пән мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісу, өзара тәжірибе алмасу мақсатында апталық жоспарланған. Жоспарға сәйкес ашық сабақтар, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында бақылау жұмыстары жүргізілді. Жалпы апталық, семинарды өткізудегі негізгі мақсат: мұғалімдердің шығармашылық, ізденушілік, жауапкершілікті сезіну қабілетін арттыру, өзара тәжірибе алмасу. Жас мамандар үшін де әдістемелік қызметін шыңдауда көмегі зор деп білеміз.

Әдістемелік бірлестіктерінің пән онкүндіктері мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттырудағы, дарынды және талантты оқушыларды анықтауда, танымдық қабілеттерін дамытудағы әдістемелік жұмыстың бір түрі. Пән

онкүндіктерінде пән бойынша танымдық жағынан жеке, топтық, жалпылама жұмыс түрлері жүргізілуі мұғалімдер мен оқушыларға шығармашылық қабілеттерін ашуда, өздерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданып, өткізу түрі түрлендіріледі: ашық сабақтар, коучингтер, зияткерлік, танымдық ойындар, сайыстар, спорттық жарыстар, саяхаттар, көрмелер т.т.

1. Мектеп қызметінің мақсаты: Өзіндік іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілетті әлеуметтік бағыттағы шығармашыл тұлғаны қалыптастыру және дамыту. Әлеуметтік-педагогикалық жағдайын қалыптастыру негізінде педагогикалық қызметкерлердің кәсіптік педагогикалық құзырлылығын жетілдіру және олардың білім дайындығының сапасын көтеру

2. Мектептің әдістемелік тақырыбы: Әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі. 2023-2024 оқу жылынан бастап мектептің миссиясы-Сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, құзыретті тұлға тәрбиелеу Қойылған мақсат мен міндеттерге сәйкес әдістемелік жұмыс келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды: ұжымдық әдістемелік қызмет - педагогикалық және әдістемелік кеңес жұмысы; кадрларды таңдау және орналастыру; топтық әдістемелік қызмет – ӘБ жұмысы; мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін, біліктіліктерін көтеру; ақпаратты-кеңестік қызмет – жас және жаңадан келген мұғалімдермен жұмыс; жеке әдістемелік және жаңашыл қызмет- тәжірибе жұмыстарды талдап қорыту, әдістемелік семинар, конференцияларға қатысу; диагностика-аналитикалық қызмет, педагогикалық қызмет; мектеп кабинеттерін әдістемелік материалдармен жаңартып, толтыру, әдістемелік жұмыстармен қамтамасыз ету.

3. Әдістемелік кеңестің мәжілісі, ӘБ отырыстары жоспарға сәйкес 5 рет өткізілді. ӘК-де 2023-2024 оқу жылындағы ӘБ жұмыс жоспарлары, бейінді оқыту бағдарламалары, онкүндіктер уақыты, жоспары, пән бойынша мектепшілік, қалалық олимпиада нәтижелерін сараптау, мектепшілік ғылыми жұмыстар сайысының қорытындысы, т.б. тақырыптар кеңінен талданып қарастырылды. ӘБ-де күнтізбелік-тақырыптық жоспар, жұмыс жоспарлары, пәндік онкүндіктерді өткізу, дарынды оқушылармен жұмыс, тестілеу нәтижелері, жаңа технологияларды қолдану, қашықтық олимпиадаларға қатысу, озат педагогикалық тәжірибені үйрену, т.б. тақырыптар талқыланды. Әдістемелік кеңес, бірлестіктердегі тақырыптар әдістемелік жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін оңтайлы шешуге мүмкіндік беруге бағытталды.

4. Оқушылардың және оқытушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашатын пәндік онкүндіктер әдістемелік жұмыстардың дәстүрлі жұмыс түрі болып табылады. 9 бірлестік бойынша ұйымдастырылған онкүндіктер бұған мысал бола алады. Онкүндіктер жоспарына сәйкес ашық сабақтар, сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектепшілік іс-шаралар мен іс-әрекеттің өзара байланысты жүйесі ретінде мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы білім беру үрдісінің сапасы мен әрбір мұғалімнің біліктілігін көтеруге бағытталған. Пән онкүндіктері барысында мұғалімдер жақсы ұйымдастырушылық қабілеттерін

көрсетті, олар өткізген алуан түрлі жұмыс формалары оқушылардың қызығушылығын арттырды. Интеллектуалдық деңгейді қажет ететін мектеп, қала, облыстық түрлі шараларға қатысатын оқушылар саны артты.

Ал онкүндіктер тақырыбы мен жүйесі төмендегідей жоспарланып өтілді.

2023-2024 оқу жылында өтілетін апталық пен онкүндіктер

Мерзімі	Әдістемелік бірлестіктер, онкүндік тақырыбы	Жауапты
05-12 қыркүйек	ҚР халқының Тілдер күніне орай «Тіл – ойдың бейнесі» тақырыбындағы апталық	ТЖЖ орынбасарлары, Смагулова К.Ф., Саитгареева И.А. Тауенова А.Т.
11-20 қазан	Ағылшын тілі «English is spoken all over the world»	Тауенова А.Т.
20-30 қараша	Тарих және құқық пәндері мұғалімдерінің апталығы «Қазақстан-Ұлы дала елі»	Бекентаев С.Ж.
18-28 желтоқсан	Жаратылыстану бағытындағы пәндер (химия, биология) «Әлемді тек ғылым ғана өзгертеді»	Кемпирова А.С.
15-24 қаңтар	Жаратылыстану бағытындағы пәндер (математика, информатика, физика) «Әлемнің ғажайып үш тірегі»	Анапина З.Б.
14-28 ақпан	МАД және бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі	Егінбаева А.К.
11-20 наурыз	Қазақ тілінде оқытылатын гуманитарлық бағыттағы пәндер (қазақ тілі мен әдебиеті) «Тіл ұлттың жан дүниесі»	Утебаева Ж.А.
18-26 сәуір	Орыс тілінде оқытылатын гуманитарлық бағыттағы пәндер (орыс тілі мен әдебиеті) «Бессмертие народа- в его языке»	Шалдыбай А.И.
02.05-11.05.мамыр	«Спорт – таусылмас азық, өнер сарқылмас байлық»	Ауезбеков Е.
13-23.мамыр	«Музыка мен еңбек-өнердің көкжиегінде!»	Ермаганова М.А.

Сонымен қатар, мектепшілік конференция, семинарлар да жоспарға сай мәнді ұйымдастырылды. Конференцияда дайындалған мұғалімдердің мақалалары биылғы оқу жылында өткізілген түрлі деңгейдегі конференцияларға ұсынылып, конференция материалдарына енгізілді.

5. Оқытудың жай-күйі және білім сапасының серпінділігі

Білім алушылар контингентінің құрылымы

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп			негізгі мектеп			орта мектеп			Мектеп бойынша барлығы		
		2021-	2022-	2023-	2021-	2022-	2023-	2021-	2022-	2023-	2021-	2022-	2023-

		2022	2023	2024	2022	2023	2024	2022	2023	2024	2022	2023	2024
1	Білім алушылар саны	521	507	521	589	602	584	115	120	158	1222	1229	1263
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	25/521	25/507	26/521	24/589	25/602	25/584	6/115	7/120	7/158	1225	1229	1263
3	ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар саны	20	24	27	7	7	5	7	5	6	34	36	38

Берілген кестелерге сәйкес талдау жасайтын болсақ, оқушылар контингентінің артуына байланысты сынып-жиынтықтардың тұрақты өсуі және ерекше білім беруді қажет ететін бала санының өсуі байқалады.

Жалпы мектеп бойынша білім сапасы мен оқу үлгерімінің 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері

Сыныптар бойынша білім алушылардың білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Оқыту кезеңдері	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
сыныптар	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
1 сыныптар	-	-	-	-	-	-
2 сыныптар	83	100%	65,4	100%	72,1	100%
3 сыныптар	70	100%	70,3	100%	60,9	100%
4 сыныптар	54,7	100%	61,3	100%	67,4	100%
1-4 сыныптар	50,8	100%	49,5	100%	65,5	100%
5 сыныптар	41,9	100%	53,2	100%	49,6	100%
6 сыныптар	35,8	100%	53	100%	56,2	100%
7 сыныптар	33,3	100%	38,4	100%	45,4	100%
8 сыныптар	16	100%	33,8	100%	31,1	100%
9сыныптар	19	100%	19,6	100%	36,9	100%
5-9	30	100%	40,4	100%	43,6	100%
10 сыныптар	32,1	100%	37,2	100%	33,3	100%
11 сыныптар	32,8	100%	46,5	100%	40,7	100%

10-11 сыныптар	33	100%	41,8	100%	36,6	100%
1-11 сыныптар	44,4	100%	50,5	100%	51,2	100%

Берілген кестелерге сәйкес талдау жасайтын болсақ, оқушылар контингентінің артуына байланысты сынып-жиынтықтардың тұрақты өсуі және ерекше білім беруді қажет ететін бала санының өсуі байқалады. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 2023-2024 оқу жылында оқу сапасы -59,3 пайызға өскендігі көрініп тұр.

Жалпы мектеп бойынша білім сапасы мен оқу үлгерімінің 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылдары	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлық оқушы саны	1209	1222	1223	1263
«Алтын белгі»	-	1	3	-
Үздік аттестатқа бітіргендер	1	1	3	2
Негізгі мектепті үздік аттестатқа бітіргендер	5	-	-	1

Оқу сапасы 2022-2023 оқу жылына қарағанда 6, 1% пайызға артқан. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша үлгермеуші оқушы жоқ.

Аралық емтихан қорытындысы (2023-2024 ж.)

2023-2024 оқу жылында аралық емтихан қорытындысы төмендегі көрсеткіштерді көрсетті

№	Сыныптар	Оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгірім
1	5	99	21	49	29	-	70,7	100
2	6	92	20	33	39	-	57,6	100
3	7	105	17	56	32	-	69,5	100
4	8	80	11	41	28	-	65	100
5	10	77	27	36	14		81,8	100
Барлығы		453	96	215	142		68,20	100

Қазақ тілі (орыс сыныптарында) Т2

№	Сыныптар	Оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгірім
1	5	26	4	15	7	-	73	100
2	6	30	5	11	14	-	50	100
3	7	27	7	11	9	-	66,6	100
4	8	25	5	10	10	-	60	100
5	10	14	3	9	2		85,7	100

Барлығы	122	24	56	42	-	65,57	100
----------------	------------	-----------	-----------	-----------	----------	--------------	------------

Салыстырмалы көрсеткіштер

Оқыту кезеңдер	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
	44,4	100	50,5	100	51,2	100	59,2	100

№	Жоғары көрсеткішке әсер ететін себептер	Төменгі деңгей көрсету себептері
1	Бастауыш сынып, орта буындардың көпшілігінде ата-ананың қадағалауы ерекше болады	Жоғары буында оқушылардың ынтасының төмендеуі жиі кездеседі, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі
2	Сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің талаптары күштірек болады, пәнге деген қызығушылықтарының басым болуы жақсы әсер етеді.	Бағдарламаның күрделене түсуінің оқушыларға ықпал етуі, әр пән мұғалімінің талаптарына мойынсұнбау, электронды оқулықтардың аз болуы
3	Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері, АКТ қолдану, өз ісінің шеберлері, электронды оқулықтар көмегімен мультимедиялық сабақтар беру, интерактивті тақтаны қолдану, т.б.	«өтпелі кезең», ата-ана бақылауының болмауы, сыныптағы оқушылардың көп болуы, есте сақтаулары төмен болуы, кітап оқымау, интернетте көп отыру, ұялы телефонға «байлаулы», уақытты тиімсіз пайдалану
4	1-4, 5-10 сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшкелі бағалау өзгеріп, бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалауға төселген, яғни ауызша айтуға жоқ кейбір оқушылар жазба жұмысына тиянақтылық көрсетіп дағдылануда	Жазба жұмысында (бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалауда) өз білімін көрсете алмай жатқан оқушылар да кездесіп жатыр, эссе жазуда, логикалық тапсырмаларда ойланбай жаза салу да көрініс табуда
5	Сыныптарда қашықтан оқытуда ата-аналар көмегі, уақыт бөлу, оқушылардың қадағалауда отыруы, жоғары сынып оқушыларының «мобильді» болуы, тез арада	Жоғары сынып оқушыларының жауапкершілік таныта алмауы, кері байланысқа үнемі түсе бермеуі

	ақпаратпен алмаса алуы	
--	------------------------	--

6. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстың тиімділігі

Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар негізінен пәндер бойынша олимпиада, қашықтық олимпиада, интернет олимпиада, түрлі деңгейдегі сайыс, байқау, республикалық, халықаралық ойындарға, т.б. қатысу болып табылады. Бұлардың әрқайсысының оқушы танымын, белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

Мақсаты: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын нақты анықтау, балаға тапсырманы деңгейлеп беріп, зейінін тұрақтандыру, баланың мінез-құлық ерекшелігін жетік білу, дарындылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері: Оқушылардың ақыл ой - қабілеттерін жетілдіру.

Шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту

Қабілеті ерекше оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Мұғалімдердің білім беру, педагогикалық қызметтегі заманауи ғылыми жолдар туралы ақпараттық қамтамасыздығын ұйымдастыру.

Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша Кейкі батыр атындағы №4 мектептен -21 оқушы қатысты. Оның-14 оқушысы жүлдегер болды. Сапасы 66,6 пайыз көрсетіп тұр. Қазақстан тарихы ,орыс тілі мен әдебиеті және информатикадан 3 оқушы бірінші орын алып, облысқа жолдама алып, қатысушы болды. Олар: Қайыржанқызы Қарақат ,Бейсенбек Жанел ,Серикбай Баубек.

Қаламызда өтетін түрлі сайыстарға оқушылар тартылып тұрады. «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбындағы қашықтықтан графикалық жұмыстар конкурсында орта жас категориясы бойынша 6-сынып оқушысы Серик Сабина I орын, ересектер жас категориясы бойынша 8-сынып оқушысы Тюряткин Жандәулет II орын, 8-сынып оқушысы Шайкен Сабина III орын иеленіп, «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің дипломымен марапатталды. Жетекшілері Карашинов К.С., Қалтай Н.Б.

5-8 сынып оқушылары арасында математикадан олимпиадаға 4 оқушы қалалық кезеңде қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Олимпиада жеңімпаздарын «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің дипломымен марапаттады. 5-сынып оқушысы Сапи Айлана жүлделі III орын жеңімпазы болса, 6-сынып оқушысы Әбдір Ерасыл мен 7-сынып оқушысы Сапарбек Ислам I жүлделі орынға ие болды. Жеңімпаздарды дайындаған жетекшілер: Анапина З.Б., Еденова И.Е., Мүсілім А.А., Ұлысбай Ш.Е.

Математика пәнінен жасөспірімдер олимпиадасының жүлдегерлерін төмендегі кестеден көруге болады

№	Оқушының аты -жөні	орны	жетекшісі
1	Сапи Айлана	3-орын	Анапина З.Б.

2	Әбдір Ерасыл	1-орын	Мүслім А.А.
3	Сапарбек Ислам	1-орын	Еденова И.Е.
4	Маликова Айназ	3-орын	Ұлысбай Ш.Е.

Қазан айында «Ыбырай оқулары» байқауында 7 А сынып оқушысы Қапез Мейірлан облыстан Бас жүлдеге ие болып, мектеп абыройын асқақтатты. Жетекшісі: Смагулова К.Ф. "Арқалық қаласы білім бөлімінің "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығы" КМҚК ұйымдастыруымен өткен қала және ауыл мектеп оқушылары арасында "Менің сүйікті мектебім" атты танымдық бейнематериал байқауы, 9 "А" сынып оқушысы Болат Дилназ "II" орын (Альмағанбетов Р)

."Бүкіл әлем сөйлейді нақты ғылым тілінде" тақырыбында қалалық семинар өтті. Мектебіміздің информатика пәнінің мұғалімдері, Карашинов К.С, Қалтай Н.Б. Альмағанбетов Р.К, Жүніс Б.Е, семинарда жаңартылған мазмұндағы сыныптарда 3 ашық сабақ, 1 шебер сынып өткізді.

Оқу жылының басында Тілдер мерекесі ұйымдастырылып, мектеп мұғалімдері белсенді ат салысты. Қазан айында ағылшын пәні мұғалімдерінің апталығы өтсе, қараша айында тарих пәні, желтоқсан айында жаратылыстану бағыты бойынша арнайы құрылған жоспар бойынша онкүндіктер өтті. Жас мамандармен де жұмыс жүргізіліп жатыр. Жас мамандар тәлімгерлердің сабағына қатысып, тәжірибе жинақтауда. Тәлімгерлер де әдістемелік көмек көрсету мақсатында сабақтарына кіреді. Мектебімізде 7 жас маман бар, оның төртеуі биылғы оқу жылынан бастап еңбек етуде. Тәлімгерлері, Нурекешова Ж.С, Мукашева К.Ж, Бекешова Н.С, Кемпирова Ә.С.

Сонымен қатар кәсіби бағдар беру мақсатында 9-11 сынып аралығында кәсіби мамандармен жиі кездесулер, сұхбаттар жиі өтіп тұрды.

Жалпы мектебіміздің оқушылары, көптеген зияткерлік олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр.

«Зерде» республикалық зерттеу жобаларына қатысқан оқушылардың нәтижесі:

№	Оқушының аты -жөні	Пәні, орны	жетекшісі
1	Сапи Айлана	Қазақ тілі мен әдебиеті, қалалық 1-орын, облысқа қатысшы	Карбозова А.Е.
2	Қоғабаетова Гүлсая	Тарих, қалалық 2-орын	Кәкімжанова Ә
3	Қожагелді Гүлдана	Математика, 2-орын	Анапина З.Б.

“Ақбота” интеллектуалдық жарысына қатыстыру, «Тұғыры биік төл теңге» республикалық байқау, Халықаралық «Пони» Әлемді ашады онлайн байқауы, “Кенгуру-математик” сайысы, "Зерде" ғылыми жобалар сайысы, «Абай» пәндік Республикалық олимпиадасы, "Тіл - ең асыл құндылық" эссе байқауы, “Дарын”,

“Парасат” зияткерлік сайыстарына мектеп оқушылары қатысып,жүлделі орындарға ие болып жатыр. Спандияр Көбеевтің 145 жыл толуына орай, "Тарихтағы бір күндер" атты өңірлік конференцияға іс -тәжірибемен бөлісу мақсатында Калиева Н.Ж. баяндама оқып келді.

8-10 сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылған республикалық балалар оқулары байқауының нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Деңгейі,нәтижесі	жетекшісі
1	Бейбитова Назым	3-орын,қалалық деңгей	Халық А.А
2	Тұрғынбекқызы Зарина	қатысушы	Қойшығұлқызы Закария
3	Амантай Дастан	қатысушы	Ниязбек А.Т

8-10 сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылған республикалық балалар оқулары байқауының қалалық кезеңіне қатысып,10- сынып оқушысы Бейбитова Назым 3-орын иеленді,(жетекшісі: Халық А.А.), белсене қатысқаны үшін 9-сынып оқушысыТұрғынбекқызы Зарина (жетекшісі: Қойшығұлқызы Закария), 8-сынып оқушысы Амантай Дастан (жетекшісі Ниязбек А.Т.) мадақтамамен марапатталды.Кейкі батыр атындағы №4 мектепте балалардың қысқы демалысы мезгіліндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, 3 қаңтар күні «Үнемі оқитын адам - табысты адам» айдарымен 5 - 11 сынып оқушылары арасында кездесу, әңгімелесу және саяхат сабақтары өткізілді. Тақырыпқа сәйкес, сыныптарда өткізілген іс-шаралар барысында оқушылар бүгінгі күнге дейін және демалыста оқыған кітаптарына шолу жасап, кітаптың мазмұнын сыныптастарына баяндап берді. Сонымен қатар оқушылар кітаптағы автордың ойы, идеясы және оқиғаның тәрбиелік мәнін айтып, сыныптастарымен өзара талқылай білді. Сынып жетекшілер мен мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен өткен іс - шаралар әр сынып кабинеттерінде, мектеп кітапханасында өткізілді. Кейбір сыныптар қалалық кітапханаға саяхатқа барып, жаңадан келген кітап қоры, кітаптар көрмесімен танысып, 2024 жылдың алғашқы оқырмандары бола білді. Оқушыларға «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша үйде кітап оқуға кеңес беріліп, оқитын кітаптар тізімі ұсынылды.Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз" тақырыбындағы іс-шараға Кейкі батыр атындағы №4жалпы білім беретін мектебінің оқушылары белсенді қатысты. Қалалалық кітапханаға барып, 2024 жылдың алғашқы оқырмандары болып сыйлық алды. Мектебіміздің оқушылары өздеріне қажетті кітаптарды таңдап, танымдық қызығушылықтарын арттырды. Осындай ауқымды іс-шараға мектеп кітапханашылары мен сынып жетекшілер де өз үлестерін қосып, балаларды кітап әлеміне үңілуге себебін тигізді.

7-8 сынып оқушылары арасында физика пәнінен жасөспірімдер олимпиадасы өтті.7- сыныптан Сапарбек Ислам физикадан қатысып 2-орын иеленді.Жетекшісі: Қойбағарова Жаңылсын Жауынбайқызы.8-сыныптан Төкеш Ернұр 3-орын жүлдегері болды. ,жетекшісі Бекмуратова Гаухар Сакеновна.

«Ағылшын тілін оқыту мен оқуды TikTok қолдану» тақырыбы бойынша семинарға 4 мұғалім қатысты. Олар: Кобекбаева Раушан Рахымбердиевна, Бөлегенова Ақбаян

Саянқызы, Нұрсұлтан Диана Қайыржанқызы, Боранбай Алина Аманқызы. 8 сағат көлемінде білім алды. Мұғалімдерге куәлік берілді. 24 қаңтарда №6 мектепке семинарға екі мұғалім тыңдаушы болып Таутенова А.Т, Бөлегенова А.С. қатысып келді. 26 қаңтарда орыс тілі пәні бойынша №1 мектепке Шалдыбай А.И, Иманкулова А.К. қатысып келді.

Дәстүрлі өткен «Ілияс оқулары» мен «Мақатаев оқулары»

№	Қатысушының аты-жөні	Номинация атауы	сыныбы	нәтижесі	жетекшісі
1	Бейбитова Назым	«Ілияс –сөз шебері»	10	Қалалық/ 1 орын, Облыстан/ 3 орын	Карбозова А.Е.
2	Сулекеева Кәусар	«Ілияс – қазақ поэзиясының жыр құлагері»	8	қалалық кезеңде жүлделі 3-орын	Утебаева Ж.А.
3	Кабдижамитова Динара	«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...»	10	Қалалық кезеңде/10 орын, облыстық/қатысушы	Халық А.А.
4	Мешітбай Айшабибі	«Жыр эстафетасы»	8	Қалалық кезеңде/20 орын	Ниязбек Ә.Т.
5	Меңдеш Ақмаржан	«Айтып өткен ақында арман бар ма?»	9	қалалық кезеңде жүлделі 1-орын, Облыстан/3 орын	Калиева Н.Ж.

«Ілияс –сөз шебері» номинациясынан қалалық кезеңде жүлделі 1-орын, облыстық кезеңде жүлделі 3-орынға ие болған 10-сынып оқушысы Бейбитова Назым, жетекшісі Карбозова А.Е.

«Ілияс –қазақ поэзиясының жыр құлагері» номинациясында қалалық кезеңде жүлделі 3-орынға ие болған 8-сынып оқушысы Сулекеева Кәусар, жетекшісі Утебаева Ж.А.

«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» номинациясында қалалық кезеңде жүлделі 1-орынға ие болған 10-сынып оқушысы Кабдижамитова Динара, облыстық кезеңге қатысқаны үшін сертификат берілді, жетекшісі Халық А.А.

Мақатаев оқуларында «Жыр эстафетасы» номинациясында 8-сынып оқушысы Мешітбай Айшабибі жүлделі 2-орын, жетекшісі Ниязбек Ә.Т.

«Айтып өткен ақында арман бар ма?» номинациясында қалалық кезеңде жүлделі 1-орынға ие болған 9-сынып оқушысы Меңдеш Ақмаржан, облыстық кезеңде жүлделі 3-орын, жетекшісі Калиева Н.Ж.

Pro Eko Республикалық экологиялық жобалар конкурсының қалалық кезеңіне 8В сыныбынан Юнueva Сабина мен 8Б сыныбынан Қайрат Ажар қатысып, Юнueva С. 2-орын, Қайрат А. 3-орын иеленді.

Сондай-ақ 7-8 сынып оқушылары арасындағы физика пәнінен жасөспірімдер олимпиадасында Сапарбек Ислам, жүлделі 2-орынға ие болса, Төкеш Ернұр 3-орын жеңімпазы болды. Жетекшілері, Қойбағарова Ж.Ж, Бекмұратова Г.С.

«Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» КММ жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 15 - 24 қаңтары аралығында «Әлемнің ғажайып үш тірегі» тақырыбында жаратылыстану бағытындағы (физика, математика, информатика) пәндер бірлестігінің онкүндігі өтті. Аталған онкүндік аясында тірек мектептер ресурстық орталығының жаратылыстану бағытындағы пәндердің ұстаздарына арналған «Әлемнің ғажайып үш тірегі» тақырыбындағы қалалық семинарын өткізді. Семинарға магниттік мектептер ұстаздары қатысты. Семинарға қатысқан магниттік мектептің ұстаздары өздеріне мол әдістемелік қоржын жинағанын айта отырып, мектеп әкімшілігіне алғыс білдірді. Семинар барысында бірлестік мұғалімдері берген сабақтар жоғары деңгейде өтіп, іс-тәжірибиесімен бөліскен ұстаздарға қалалық білім бөлімінің әдіскері Бекмағанбетова Аяғоз Тулеуханқызы білім бөлімінің арнайы сертификаттарын табыс етті.

2023-2024 оқу жылында оқушылардың ғылыми-конференцияға қатысуы

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Іс-шараның тақырыбы	деңгейі	нәтижесі	Жетекшісі
1	Яритик Александрина	9 «В»	"In the world if English idioms"	қала	2-орын	Самотина Л.В.
2	Махаева Камила	10 «Б»		қала	3-орын	Нурекешова Ж.С.
3	Серікбаева Аружан	9 «А»	«Несие пайызын есептеу»	Қала облысқа	1-орын	Ұлысбай Ш.Е.

Кейкі батыр атындағы №4 мектебінде 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың екінші кезеңінде (қалалық) жүлдегерлер тізімі

№	Оқушының аты –жөні	Сыныбы	Пәні	орын	Мұғалімі
---	--------------------	--------	------	------	----------

1	Димитрева Мария	6	русский язык и литература	2	Сайтгереева Ирина Анатольевна
2	Бектепберген Асылан	5	русский язык и литература	3	Аманбаева Нургуль Жоламанова
3	Алкенова Ямур	5	русский язык и литература	2	Иманкулова Алмагул Каршигаевна
4	Исламбек Арайлым	6	русский язык и литература	-	Аманбаева Нургуль Жоламанова
5	Асылбекқызы Асылай	5	казахский язык и литература	3	Карбозова Айнұр Ерденовна
6	Мақсұтбек Шахмұрат	6	казахский язык и литература	2	Сәлімжан Акбота Дүйсенбайқызы
7	Закиров Радмир	6	казахский язык и литература	2	Султанова Перизат Елтайқызы
8	Ғалихан Акерке	6	естествознание	2	Ысмағұл Айгүл Әмірханқызы
9	Елтаева Алия	5	математика	-	Еденова Индира Ескермесовна
10	Тойлыбеков Алихан	6	математика	-	Калдыбаева Маржан Сағынғалиқызы
11	Қайырғали Аружан	5	Қазақстан тарихы	-	Какимжанова Асел Кыпшакбаевна
12	Қожагелді Гүлдана	5	Қазақстан тарихы	-	Калиев Дастан Сафарғалиевич
13	Баташева Малика	5	Английский язык	3	Нурекшова Жадыра Сериковна
14	Мирсалиев Мирсайд	6	Английский язык	-	Нурекшова Жадыра Сериковна
15	Айдарханұлы Дінмұхамед	6	Английский язык	2	Карабаева Гульбану Алтынбековна

5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың екінші кезеңінде (қалалық) 6-сыныптардан 8 оқушы қатысып, 5 жүлдегер болды. 62,5 пайызды құрайды. 5-сыныптардан 7 оқушы қатысып, 4 жүлдегер болды. 57,1 пайыз құрады. Жалпы сапасы 15 оқушы қатысып, 9 оқушы жүлделі орынға ие болды. Сапасы 60 пайызды құрайды.

Кейкі батыр атындағы №4 мектебінде 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың екінші кезеңінде (қалалық) жүлдегерлер тізімі

№	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	Пәні	орын	Мұғалімі
1	Амантай Әдемі	7	казахский язык и литература	3	Қойшығұлқызы З.
2	Байдильдин Амир	7	Английский язык	1	Әбдібай Гүлдарига Меңдібайқызы
3	Тұрғын Мұстафа	7	математика	-	Нургалиева Гүлбаршын Марденовна
4	Есламбекқызы Қаракөз	7	Қазақстан тарихы	-	Космаганбетова Гүлім Бейсенбаева
5	Тоқтарбек Құндыз	7	физика	3	Койбағарова Жанылсын Жауынбаевна
6	Қоғалбаева Гүлсая	7	Қазақстан тарихы	-	Какимжанова Асел Кыпшақбаевна
7	Байдеш Жансұлтанбек	7	русский язык и литература	-	Аканова Алма Джамбуловна
8	Мешітбай Айшабибі	8	казахский язык и литература	-	Ниязбек Асемгул Тунғышбекқызы
9	Маликова Айназ	8	математика	-	Ұлысбай Шерхан Еркінұлы
10	Садман Аякөз	8	Қазақстан тарихы	3	Ибраева Луза Диханқызы
11	Расулов Амир	8	информатика	3	Альмаганбетов Руслан Кайырбекович
12	Исай Сергей	8	русский	1	Саитгареева

			язык и литература		Ирина Анатольевна
13	Бақытжан Айару	8	география	-	Ысмағұл Айгүл Әмірханқызы
14	Қайрат Ажар	8	химия	-	Асипова Акерке Кайыржановна
15	Шингисов Наримн	8	Английский язык	-	Самотина Любовь Владимировна

7-сыныптар (қазақ) бойынша қалалық кезеңге 5 пәннен ғана қатысты. Информатика, география, орыс тілі пәнінен оқушылар қатыстырылмады. Орыс сыныбынан тек бір пәннен ғана қатысты. 7-сыныптар бойынша қатысқан оқушылардың сапасы 42,8 Кейкі батыр атындағы №4 мектебінің 7- сынып оқушыларына арналған **Республикалық олимпиаданың екінші қалалық кезеңнің қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінен 7- сынып оқушысы Байдильдин Амир жүлделі 1-орын, облыстық кезеңде 3-орын, жетекшісі Әбдібай Г.М.** Қазақ тілі пәнінен Амантай Әдемі, жүлделі 3-орын, жетекшісі Қойшығұлқызы З. Физика пәнінен Тоқтарбек Құндыз жүлделі 3-орын, жетекшісі Қойбағарова Ж.Ж.

«Тоғыз айға -9 іс-шара» тұжырымдамасын іске асырылу мақсатында «Қазақ есебі» челленджі 26 қаңтар күні өткізілді. Оған 7-8 сынып оқушылары қатысты. Нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген:

№	Оқушының аты-жөні	тақырыбы	сыныбы	Деңгейі, нәтижесі	жетекшісі
1	Тоқтарбек Құндыз	А.Жұмаділдаев «Қазақ есебі» челленджі	7 «Г»	3-орын	Нурғалиева Г.М.
2	Маликова Айназ	А.Жұмаділдаев «Қазақ есебі» челленджі	8 «Ә»	3-орын	Ұлысбай Ш.Е.
3	Әлмерек Назар	А.Жұмаділдаев «Қазақ есебі» челленджі	8 «В»	2-орын	Расулов Т.С.

қалалық «Ясауитану» байқауының нәтижесі

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Жаттаған хикметтер саны	нәтижесі	Жетекшісінің аты-жөні
1	Жүсіп Салтанат	6 «А»	7 хикмет	Белсене қатысқаны үшін Алғыс хат	Сәлімжан А.Д.
2	Кабденова Дилназ	7 «А»	15 хикмет	3-орын	Смагулова К.Ф.
3	Мұрат Азиза	8 «Ә»	25 хикмет	2-орын	Утебаева Ж.А.

4	Серікбаева Аружан	9 «А»	25 хикмет	Белсене қатысқаны үшін Алғыс хат	Калиева Н.Ж.
---	-------------------	-------	-----------	----------------------------------	--------------

29 ақпан күні қалалық «Ясауитану» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерін насихаттау, ұлы баба өнегесімен шәкірттерді адамгершілікке, ізгілікке баулу мақсатында өтті. Байқауға 5 оқушы қатысып, 9-сынып оқушысы Серікбаева Аружан белсене қатысқаны үшін Алғыс хат, 6-сынып оқушысы Жүсіп Салтанат та Алғыс хатпен марапатталды. 8 «Ә» сынып оқушысы Мұрат Азиза жүлделі 2-орын иеленсе, 7 «А» сынып оқушысы Қабденова Дильназ жүлделі 3-орынға ие болды. Қазақ Халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерін насихаттау, ұлы баба өнегесімен шәкірттерді адамгершілікке, ізгілікке баулу мақсатында дәстүрлі түрде өтетін «Ясауитану» байқауына жүлдегер дайындағаны үшін жетекшілеріне, Смагулова К.Ф., Утебаева Ж.А. Алғыс хат берілді. 2024ж

Арқалық қаласы білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2024 жылдың 21 ақпан күні қосымша білім беру орталығында «**Шекарасыз балалық шақ**» фестивалінің қалалық кезеңі өткізілді. Бейнелеу өнер номинациясы бойынша Сухова Лиана – II орын алды.

26 ақпан күні мектепшілік «Алтын сақа» математикалық олимпиадасы 3-4 сынып және 5-6 сынып аралығында өтті. Олимпиадаға 3-4 сынып аралығынан 24 оқушы, 5-6 сынып аралығынан 18 оқушы қатысып, қалалық кезеңге 4 оқушы өтті. 5-6 сынып аралығынан бір оқушы, Әбдір Ерасыл облыстық кезеңге өтіп қатысушы болып келді. Жетекшісі, Мүслім А.А.

3-4 сынып бойынша қалалық кезеңге қатысқандардың нәтижесі:

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Нәтижесі, деңгейі	жетекшісі
1	Елтаева Арайлым	3	-	Егинбаева Айнур Капаровна
2	Мұратбек Әлинұр	3	Қалалық кезең 3-орын	Баязитова Гулим Сейтбековна
3	Жандосқызы Адина	3	Қалалық кезең 3-орын	Пашкеева Регина Геннадиевна
4	Қайырбек Бекжан	4	Қалалық кезең 3-орын	Сарымсакова Айсауле Баймуратовна
5	Еламан Айша	4	Қалалық кезең 3-орын	Сарымсакова Айсауле Баймуратовна

Мұғалімдердің аймақтық, облыстық, республикалық конференция, семинарларға қатысуы:

№	Тақырыбы	Қатысқан мұғалім	Күні, нәтижесі, орны
---	----------	------------------	----------------------

1	«Оқыту үрдісіндегі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану-заман талабы» тақырыбындағы аймақтық конференциясы	Смагулова Копей Файзоллинов на Сертификат №0523 29.02.2024ж	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ
2	«Оқыту үрдісіндегі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану-заман талабы» тақырыбындағы аймақтық конференциясы	Халық Алтын Аманжолқызы Сертификат №0508 29.02.2024ж	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ
3	«Оқыту үрдісіндегі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану-заман талабы» тақырыбындағы аймақтық конференциясы	Калиева Нурсулу Жаксыбаевна Сертификат №0509 29.02.2024ж	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ
4	«Оқыту үрдісіндегі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану-заман талабы» тақырыбындағы аймақтық конференциясы	Байахмет Талғат Жауынгерұлы Алғыс хат №0493 29.02.2024ж	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ
5	Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қоса отырып, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған абыройлы еңбегі үшін «География әлемі» атты қалалық пәндік олимпиада үміткерлерін дайындағаны үшін	Кемпирова Асемгуль Сайлаубеков на Алғыс хат 29.02.24.	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ Жаратылыстан у және ақпараттандыру факультеті

			География, География және тарих, Биология және география білім беру бағдарламасы
6	Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қоса отырып, шәкірт тәрбиелеу жолында атқарған абыройлы еңбегі үшін «География әлемі» атты қалалық пәндік олимпиада үміткерлерін дайындағаны үшін	Журмаганбет ова Алмагуль Жаксылыков на Алғыс хат 29.02.24.	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ Жаратылыстан у және ақпараттандыру факультеті География, География және тарих, Биология және география білім беру бағдарламасы
- 9 – сыныптарда – Зайырлылық және дінтану негіздері пәндері.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 3-қосымшаның 36-37 т. сәйкес «Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады.

8- сыныптарда «Көркем еңбек» пәні оқушы компонентіндегі таңдау курсы «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің мектепаралық көндірістік оқу комбинатында өткізіледі.

10 – 11 сыныптарда - Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (вариативтік компонент) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-сыныпта - 34 сағат, 11 сыныпта – 34 сағаттан аспайды.

- **10 – 11 сыныптар - жоғары сатыда** міндетті пәндерге қосымша енгізілген вариативтік курстар:

- жаһандық құзыреттілік аясында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 1 сағ.;
- Математикалық сауаттылық – 1 сағат,
- Биогенді химия – 1 сағат.

2006 жылдан бері Қазақстан мектептерінде жүзеге асырылып келе жатқан бағдарлы оқыту мектебімізде 10–11 сыныптар – жаратылыстану – математикалық бағыт бойынша 73 оқушы оқиды.

2022 - 2023 оқу жылында 10 сыныпта 34 оқушы, бағдарлау бағыты бойынша: **Жаратылыстану - математика**. Оқыту бағыты: химия - математика.

11 сыныпта 39 оқушы, бағдарлау бағыты: **Жаратылыстану-математика**. Оқыту бағыты: Физика – география, биология - химия. Сабақ беретін мұғалімдердің барлығы жоғары дәрежелі мамандар. Оқытудың жоғарғы сатысының міндеттеріне сәйкес оқыту оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді.

Биылғы оқу жылындағы ҰБТ – де 11 сынып білім алушылары оқыту бағытына қарай таңдау көрсеткіші төмен. Атап айтсақ: физика – география – 0, биология – химия – 2, /физика – математика комбинациясын таңдағаны – 11/. Жалпы түлектер арасында таңдаған мамандықтарына сәйкес аталған пәндерді жекелей таңдау көрсеткіші: физика – 12, математика – 19, биология – 8, химия – 2 құрайды.

Осы көрсеткішті негізге ала отырып, келесі оқу жылында мектеп ұжымы 10 - 11 сыныптардың бейінін 2 бағытта, яғни жаратылыстану – математикалық, қоғамдық – гуманитарлық бағыт қатар алуды көздеп отыр.

2022 - 2023 оқу жылында 10, 11-сыныптарда бағдарлау бағыты бойынша: Жаратылыстану - математика. 10-11 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің сабақтары М.Әуезов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебі жанындағы жастарды әскерге дайындау орталығында өткізіледі.

Мектептің материалдық - техникалық базасы бейінді оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мектепте интернет желісі іске қосылған. Кітапхана жұмыс жасайды. Қажетті оқу материалдары, әдістемелік құралдар кітапхана қорынан табылады. Оқу бағдарламасының мазмұн көлемі типтік оқу жоспарының оқу жүктемесінің инварианттық бөлімінің жобасында, сонымен қатар базистік оқу жоспарының нормативті бөлігінің мектеп компонентінің оқу жүктемесін пайдалану арқылы іске асырылған.

Мемлекеттік бөлім стандартының базалық компоненті оқушының бейінімен қызығушылығына сәйкес оқушы білімі дамыту мақсатына бағытталған.

Мемлекеттік стандарттың орындалуы

Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік стандарт бойынша 2023-2024 оқу жылының оқу жоспарының сәйкесті оқу пәндерінің бағдарламаларының орындалу кестесі жасалды.

Апталық сабақ кестесі жарты жылдыққа құрылып, мектеп директоры бекітеді. Сабақ кестесі оқу жоспарындағы барлық пәндер сыныптар бойынша енгізілген. Әр оқу жылдың басында тұрақты сабақ кестесі жасалады. Сабақ кестесін жасауда Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігінің 2014 жыл 29 желтоқсандағы №179 бұйрығының 12-қосымшасына сәйкес санитарлық ережелер сақталды. Оқу жоспарындағы барлық сағаттар толық қамтылды.

Мектепшілік құжаттардың жүргізілуі

Мектептің мектепшілік құжаттарын мектеп әкімшілігі жыл сайын тексеріп, жыл бойы болған өзгерістер уақытында іс-қағаздарға енгізіліп отырады. Іс-қағаздар ұқыпты жүргізіледі. Талапқа сай барлық құжаттар тігілген.

Сынып журналдарында оқушылардың сабаққа қатысқаны уақытында белгіленіп отырылады. Өзіндік, бақылау жұмыстарының бағалары уақытында қойылады. «Оқушылар туралы жалпы мәліметтер» бөліміндегі деректер, алфавиттік кітаптағы және жеке –іс парағындағы деректермен сәйкес. Сынып журналдары дер кезінде тексеріледі және ескертулер жазылады.

1-11 сыныптардың жеке іс-құжаттары: оқушылардың туған жылдары, мекен-жайлары, алфавиттік кітаптағы, сынып журналындағы деректермен сәйкес.

Қатаң есеп бланкілерін беру және есебін жүргізу кітаптары жылма-жыл тігілген, нөмірленген және мөрленген. Уақытында құжаттардың кіріс-шығысы тіркеледі. Кітаптардың барлық бағандары талапқа сай толтырылған. Комиссияның қолы қойылған.

Оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы нөмірленген, тігілген, мөрленген. Оқушылардың келу және кету бұйрықтары жазылған. Оқу жылының аяқталуы, 9,11 сыныптардың қорытынды аттестацияға жіберілуі, негізгі, орта мектеп бітіргені туралы құжатты беру туралы бұйрықтар жазылған.

6-бөлім. Оқу-тәрбие жұмысы.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

- ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді

қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

Сонымен қатар жаңа оқу жылының тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы, Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі: - оқу пәндерінің мазмұны; - сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар; - сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады. 1. Оқу пәндері шеңберінде: – сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; – бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру; – орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет. Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады. Педагогтер сабақ мақсатының пәндік мазмұнын ғана емес, сол оқу мақсаты Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. 31 шеңберіндегі қазақстандық және/немесе тәрбиелік компоненттерді ескеруі маңызды. 2. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде: – әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады; – құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы

көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады; – сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылады (педагог-психологпен бірлескен сынып сағатының санын, өткізу жиілігін білім беру ұйымдары дербес анықтайды). Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады: «Ар-ұят және жауапкершілік» «Біздің қоғамдағы әділеттілік» «Іс-әрекеттегі мейірімділік» «Мейірімділік құндылығы» «Күнделікті өмірдегі адалдық» «Этикалық құндылықтарды дамыту» «Отаншылдық және оның мәні» «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік» «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» «Қоғам игілігіне қызмет ету» «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі» «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Аймановтың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет. 32 Сынып жетекшілері ұсынылған сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескеруі қажет. 3. Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде: – бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру; – қосымша білім алуға жағдай жасау; – тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.) – танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізу; – білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті бітіріп, табысты еңбек етіп жүрген түлектермен кездесу ұйымдастыру ұсынылады. Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алады. Жобалар ғылыми зерттеулерді, мәдени және тарихи ескерткіштерді

зерделеуді көздеуі мүмкін немесе әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталуы мүмкін. Мұндай жобалардың мақсаты – білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Бірлескен жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатияны және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлері бар. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар практикалық жұмыстардан бастап ғылыми-зерттеу жобаларына дейінгі ісшаралардың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Олар: «Менің елім және менің құқығым», «Құқық-квест», «Заңға қосқан үлесім», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Заң мамандықтары». Бұл жобалардың барлығы білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесінің жұмысын түсінуге ықпал етеді. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Қолөнер шеберханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзің жасап көр», «Аспаздық жоба» және т.б. Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады: «Бейбіт күннің қаһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б. Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері», «Экранға тәуелділік: жаман әдет», «Цифрлық гигиена» және т.б. Білім күнін өткізу 1 қыркүйекте «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: «Мектебім – мейірім мекені!». Мыналар: – балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау; – «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау; – заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану ұсынылады. Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында Жобамен жұмыс жасау барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды. Сонымен қатар

жобалар тақырыптары ұсыным ретінде беріліп отыр. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00. Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар: - барлығы үшін: «Мектебім, менің мектебім!», «Мектебім – мейірбандық мекені», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»; - бірінші сынып білім алушыларына: «Мектепке алғашқы қадам»; - 2-4-сынып білім алушыларына: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»; - 5-8-сынып білім алушылары үшін – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»; - 9-11-сынып білім алушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»; - 1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»; - сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бағыттары мен мақсатына сәйкес, оқушыларды тәрбиелеу, сынып, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру бойынша смынып жетекшілерге бағыт-бағдар, әдістемелік көмек көрсету үшін сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі төмендегідей жұмыс шараларын жоспарлап, жүзеге асырды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің атқарған жұмысы.

Қазақстан республикасының оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы негізінде Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізге ала отырып 2023-2024 оқу жылына арналып тәрбие жоспары құрылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. . Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтар негізінде білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылды.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім

беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылған.

Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде: – әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастар ұйымдастырылды. Құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізуді ұйымдастыру үшін сынып жетекшілерге әдістемелік көмек және озық тәжірибемен бөлісу мақсатында сынып жетекшілер бірлестігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды дарыту» тақырыбында мектепшілік семинары өтті. Семинарда тәжірибесімен бөліскендер: бастауыш сынып бірлесігі бойынша Әсемғазы А.Ж., Байкасынова Б.К., Сарымсакова А.Б., және Жусипова Э.А.; орта буын бірлестігі бойынша: Койбагарова Ж.Ж., Карабаева Г.А., Баянбаева Н.С., Сайтгареева И.А. Сондай-ақ, біртұтас тәрбие бағдарламасында – сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылған болатын. Осыған орай аталған сынып жетекшілер семинарында мектебіміздің психологтары Танаберген А.О мен Ибраева Ж.С. оқушылармен өткізуге қолайлы әрі тиімді жұмыс түрлерін, бала жанын түсінуге бағыттайтын зерттеу тренингтерімен таныстырды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда сынып жетекшілерге бағыт-бағдар беру жұмысының жалғасы ретінде, сынып жетекшілер бірлестігінің 1 жарты жылдығына арналған отырысында «Сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбие беруге бағытталған тәрбиелік іс-шаралардың өткізілуі, алдағы міндеттер» тақырыбында 2 В сыныбының сынып жетекшісі Драганчук Н.А. және Кемпилова Э.С. өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Мектеп психологы Танаберген А.О. «Классификация видов насилия в зависимости от направленности насилия» тақырыбында оқушылар жиі ұшырайтын зорлық-зомбылық түрлерін атады және оның алдын алу шараларымен бөлісті. Аталған Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Үндестік», «9 айға 9 іс-шара», «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығы» жобаларын жүзеге асырудың тиімді жолдары тақырыбында директордың тәрбие орынбасары Тулегенова Э.С. баяндама оқып, әдістемелік нұсқаулықтар таратты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға негізделген мақсатын жүзеге асыру барысында 3 тоқсанның қорытындысы ретінде тағы да ауқымды, құнды іс-шара өткізілді. Аталған отырыста «Біртұтас тәрбие бағдарламасы мен жобалардың жүзеге асырылуы және алдағы міндеттер» тақырыбында Тулегенова Э.С. есеп берсе, «Бастауыш сыныптағы тәрбие-тәрбие үрдісінің негізгі кезеңі тақырыбында Ешмағалиева Аруна тәжірибесімен бөлісті. «Оқушыларды қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп тәрбиелеу бағытында жүргізілген тәрбиелік жұмыстардың барысы» тақырыбында жас маман Әбдібай Г.М. есеп берді. «Балалардың жас мөлшері мен дербес ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысын жүргізудің жолдары» тақырыбында Калиева Н.Ж. баяндама оқып, жасөспірімдік шақта оқушылар бойында кездесетін қиындықтар және басты назар аударылуы тиіс тәрбиелік бағыттар туралы бөлісті. Мектеп психологы Ибраева Ж.С. «Мектеп оқушылары арасында жасөспірімдік кезеңде аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жолдары» тақырыбында жұмыс түрлерін көрсетті. Аталған шаралардың үлкен нәтижесі ретінде 20 наурыз күні «Наурыз – береке бастауы» тақырыбында сынып жетекшілердің қалалық семинары өткізілді. Наурыз – бұл ұлтты ұйыстырып, қазақтың ұлттық тәрбие, тағылымға толы салт-дәстүрлерін, құрпын жаңғыртатын мерекелердің ұлы бастауы. Семинарда сынып жетекшілер сынып, тәрбие сағаттарында ұлттық құндылықтар мен дәстүрді дәріптеу жолдарын кеңінен көрсетті. Атап айтар болсақ, «Ұлттық құндылық – тәрбие негізі» тақырыбында «Мұра» ұлттық тәрбие клубының жетекшісі Муканова А.Х. баяндама оқыды. «Айтыс – халықтың төл өнері» тақырыбында Ерназимова А.Д. мен Жусипова Э.А. танымдық сабақ өткізді. «Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде мақал-мәтелдің маңызы» тақырыбында Нұрмаш Г.Н. зияткерлік сабақ өткізсе, «Тұсау кесу-бала болашағының жарқын қадамы» сабағын Баязитова Г.Сейтбекқызы көрсетті. Сондай-ақ, орыс тілінде оқытылатын 5 В сыныбы жетекшісі Аманбаева Н.Ж. «Наурыз-праздник года» тақырыбында өткізген сабағында өзге ұлт өкілдері қазақ халқының бай мұрасымен танысып қана қоймай, айтыс өнерін көрсетіп, ұлттық биді семинар қатысушыларымен бірге биледі, ұлттық ойындар ойнатып, наурыз мейрамының тойлану дәстүрін жақсы көрсете алды.

Жоғары буын оқушыларымен өтілетін тәрбие сағатының тиімді жолдарын ұсынған Космаганбетова Г.Б. «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың бастауы» аралас сабақ әдісіне қолданып өткізсе, Исниязов М.Р. қазақ халқының ер бала бойында ер мінезділікті қалыптастырудағы ұлттық тәрбие айқын көрініс табатын «Қазағымның жігіттері-ай!» байқау сабағын көрсетті. Сондай-ақ, оқушылар бойында қазақ халқының ұлттық дәстүрін, табиғатын, мінезін өзге ұлт өкілдерін таныту, ұлттық мерекеге, ұлтымызға деген сыйластықты дамыту мақсатында 7В сынып жетекшісі Самотина Л.В. танымдық сабағын өткізді. Сонымен қатар, ұлтымыздың мол мұрасы- қол өнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырған «Шебер қолдар» клубы жетекшісі Баянбаева Н.С. мен аға тәлімгер Бултрикова Г.М.. Ал қазағымның дархан

даласы мен кең пейіліндей дастарқанының сәні - ұлттық тағамдарынан көрме ұйымдастырған Утебаева Ж.А мен Ниябек Ә.Т. Қалалық семинар оқушылардың және сынып жетекшілердің шығармашылығынан дайындалған «Наурыз – береке, наурыз-мереке» мерекелік концертімен аяқталды. Семинарға қала дамуы мен өркендеуіне мол үлесін қосқан еңбек ардагерлері қатысып, бүгінгі мен бұрынғы тәрбиенің ерекшеліктерін атады және іс-шара бойынша оң пікір білдірді.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша қазақстандық қоғамда отбасы институттарының әлсіреп, ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық құндылықтар мен дәстүрлердің жоғалып бара жатқанын анықтап отыр. Дәстүрлі білім беру тәжірибесі әрдайым қоршаған әлемнің келбетін өзгертетін терең, сапалы өзгерістерге сәйкес келе бермейді. Сол себепті де Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы енгізіліп отыр.

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі,

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру. Осы тұрғыда жыл бойына тоқсан сайын ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ата-аналарға арналған тренинг-сабақтар ұйымдастырылды. Осы орайда сынып жетекшілер мен мектеп психологтары ұйымдасқан түрде мазмұнды іс-шаралар, мектеп инспекторы, жол полициясы, балалар дәрігерінің қатысуымен кездесулер өтті. Аталған кездесуде ата-аналар сала мамандарына сұрақтарын қойды, әсіресе, балалар дәрігерінің қатысуымен өткен кездесуде екпе жайында ата-аналар көп мағлұқмат алды. Ішінара екпе жайында теріс көзқарасын оң пікірге айналдыра алғандары да болды. Білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту мақсатында сыныпаралық және жалпы

мектепшілік ата-аналар жиналысы және ата-аналарға арналған семинар ұйымдастырылды. Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысына мектеп директоры Мукашева К.Ж. мектеп тынысы жөнінде, оқу жылы барысында атқарылған жұмыстар мен материалдық базаның нығайтылуы жөнінде баяндама жасады. Сонымен қатар, оқу мен тәрбие саласында ұстаздардың тәлімгерлігімен оқушылардың түрлі байқаулар, жарыстарда қол жеткізгендігін айтып, балалар мен ұстаздарға қолдау білдіргені үшін алғыс хаттар табыстады. Осы бағытта жұмыстар ата-аналар қауымымен жалғасын таба беретінін айтты. Бала тәрбиесінде ата-аналарға педагогикалық көмек көрсету мақсатында Білім мен тәрбие педагогика саласында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен, бала тәрбиесінде тәжірибесі мол еңбек ардагерлері қатысып, баяндама оқыды, бала тәрбиесіне қатысты ақыл-кеңесімен бөлісті. Атап айтар болсақ, Филология ғылымдарының доценті Колдасбаева Зинаида Шакировна, саналы ғұмырын білім беруге арнаған ардақты ұстаз Бейсенбаев Ержан ағамыз «Бала-болашағымыз» тақырыбында сөз сөйлеп, балалар бойына мектеп жасынан рухани-адамгершілік тәрбиенің құндылықтарын сіңіру керектігін айтты, ғылыми тұрғыда бала психологиясының тәзік те сезімтал санасы жайында дәріс оқыды, ата-аналар қауымын бала тәрбиелеу ісінде ұстаздармен біріккен түрде ынтымақтастықта жұмыс жасауға шақырды. Сондай-ақ, күнделікті күйбең тіршілікте бала тәрбиесіне немқұрайлы қарау, уақыт таппау салдарынан бала өз бетінше өсіп, қоғамдағы өзгерістерге төтеп бере алмай дағдарысқа ұшырау салдарынан түрлі қиындыққа тап болатыны жайлы мектептің әлеуметтік педагогы Кулмаганбетова А.Б. «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу» тақырыбында, мектеп психологы Танаберген А.О. «Профилактика аутодеструктивного поведения» тақырыбында баяндама жасады. Кездесуде қозғалған тақырыптардың бәрі ата-анаға үлкен ой сала алды деген сенімдеміз.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ішінен құрылған «Даналық мектебі» жұмысы да ата-аналарға тәрбие бойынша ой саларлық, білімін жетілдіруге, позитивті ата-ана мәдениетін дамыту бағытында бірқатар шаралар ұйымдастырды. Атап айтар болсақ, «Асыл мұра» клубының жетекшісі Бекмуратова Г.С ұйымдастыруымен өткен «Қылықты қыз – ата-ана мақтанышы» Қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Қалтаева Бақытжамал Аяғанқызының қатысуымен кездесу, 4 Г сыныбы жетекшісі Сарымсақова А.Б. өткізген «Әкелер жиналысы, Ешмағалиева Арунаның «Атам мен немере» сайысын атауға болады. Бұл бағыт бойынша атқарылатын жұмыстарды әлі жетілдіруді қажет етіп тұр. Алдағы оқу жылына тәрбие саласы бойынша дұрыс жолға қою үшін бірқатар жұмыс шаралары жоспарлануда.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қорытынды жұмыс ретінде «Ұлт боламын десек, бесігіңді түзе» ата-аналарға арналған семинар өтті. Семинарда үш секция жұмыс атқарды. №1 секцияда мектептің әлеуметтік педагогтері кулмаганбетова А.Б мен Шакен Н.М. «Отбасы – бақыт мекені қоучингін өткізді және Қалалық аналар кеңесінің төрағасы Қалтаева Б.А. «Ұлттық құндылықтар негізінде бала тәрбиелеудің жолдары» тақырыбында

баяндама жасады. Секция модераторы қызметін Байахметов Т.Ж. атқарды. №2 секцияда «Театр – өнер ордасы» - Қаламыздағы өнер ордасы Театрдың директоры Қасжанов мырза баяндама жасады. Баяндамасында ата-аналарға балаларға болашақ мамандығын таңдауда, бос уақытын өткізуге театр көрермені ретінде балаларды көргісі келетінін айтты. Өнер-үлкен шеберлік. Көбінде баламызды спортқа, ағылшын тіліне беертініміз өтірік емес. Өнерді сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу керек. Өнердің нәзік әліппесін игерген бала болашақта қатыгез болмайды, адамжанын ұғынатын рухани бай ұрпақ тәрбиелеуіміз –деді. Болашақта театр залына балаларыңызды ертіп келіңіздер-деген тілекпен сөзін аяқтады. Сондай-ақ, осы секцияда Ибраева Жансая Жақсыбайқызы «Бала тәрбиесі – үлкен бір ғылым» коучингін өткізді. Секция модераторы қызметін Исниязов М.Р. атқарды. №3 секцияда мектеп «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, ата-аналарды кітап оқуға шақырды. Рухани бай, білім көкжиегі кең ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, кітап оқуды өзімізден бастайық –деген тілекпен мектеп кітапханашылары Уткельбаева Елена Викторовна мен Оспанова Маржан Насырқызы «Оқы! Ойлан! Әлемді таны» шеберлік сағатын өткізді. Шараға ата-аналар белсенді қатысты. Секция модераторы қызметін Шалдыбай акерке Ибаділдәқызы атқарды. Семинардың пленарлық бөлімінің Қалалық Ардагер Кеңесі төрағасы Аубакиров Түбекбай Ғайсаұлы «Саналы ұрпақ – ұлт болашағы» тақырыбында алғы сөз сөйледі. Ал, «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» тақырыбында мектебіміздегі аналар Кеңесі Төрағасы Нұрбекова Гүлбану Ақтасқызы баяндама оқыды. Ата-аналарға баласының болашақ мамандығын таңдауда жол көрсету, жетістікке қалай жетуіне қолдау көрсетуге үндеу мақсатында математика ғылымдарының докторы, АрПИ деканы Әлібек Ескермесұлы арнайы қонақ ретінде қатысып, жетістікке жету жолындағы өз тәжірибесімен бөлісті және ата-аналарға баласын басқа қала емес, өз қаламыздағы оқу орнына қолдау көрсетіп, өз елімізде білім алуына ықпал ету оңтайлы шешім екенін айтты. Семинар соңында ақыл-кеңесімен бөліскен баяндамашылар мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды. Аталған шараларға ата-аналардың қатысуы төмен болды. Бұл дегеніміз ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығының жұмысын әлі де жетілдіру керек дегенді білдіреді. Яғни, ата-аналарды мектеп өміріне араласуын белсендіру жұмысын дұрыс жолға қою керек. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуге қатысуын арттыру, бала тәрбиесі, отбасы мәдениетін жоғарылату, мектептің өзара байланысын жақсарту жолында бірқатар жұмыстар атқарылуы тиіс.

Ел тарихында ұлт болашағы үшін күрескен, келешек ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін аянбаған, қылым сермеп емес, қалам тербеген ұлтының намысты ерлері, өз өмірін тәлкек еткен елжанды біртуарларын ұлықтау да Біртұтас тәрбие бағдарламасының бір саласы. Сондай ерлердің бірі Сағадат Нұрмағанбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай сынып сағаттары, «Жас сарбаз» клубының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығына орай өлкетану клубы мен «Жас қалам» клубтарының танымдық шарасы, география пәнінің мұғалімдерінің

ұйымдастыруымен дөңгелек үстел, Мағжан Жұмабевтың 130 жылдығына орай Сәлімжан Ақбота Дүйсенбайқызы мен Халық А.А. поэзия кешін өткізді.

Мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында жыл бойына жалғасқан «Жылы жүрек-жақсы ниет» қайырымдылық шарасында белсенділік танытқан және ең алғашқылардың бірі болып ұсыныс тастаған Аканова А.Д., Қалдыбай М.С., Амандыкова Ж.М., игі істі аяқсыз қалдырмай бар ықыласымен жалғастырған Калиева Н.Ж., Космаганбетова Г.Б., Кемпирова Ә.С., Журмаганбетова А.Ж., Муканова А.Х., Шалдыбай А.И., Какимжанова Ә.К., Нургалиева Г.М., Самотина Л.В., Әлімбаев Ф.М., Нұрмаш Г.Н., Әбдібай Г.М.; Утебаева Ж.А., Еденова И.Е., Анапина З.Б., Сондай-ақ, су тасқынан зарлдап шеккен балаларға бір күндік тамаша демалыс сыйлаған сынып жетекшілер: Саитгареева И.А., Койбагарова Ж.Ж., Аманқызы Алина, Карабаева Г.А., Баянбаева Н.С.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде жүзеге асырылуы.

Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

Сонымен қатар жаңа оқу жылының тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Аймановтың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Осынау ауқымды шаралардың нәтижелі жүзеге асып, сапалы орындалуы, ең бастысы – мекеменің имиджін көтеру, танымалдылығын арттыру, бәрі де орталық мамандарының ынтымақтастығына, жаңашылдығына, үндестігіне, ғылыми әлеуетіне, шығармашылығына тікелей байланысты болмақ.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ

дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының дінгегі десек те болады. Осы орайда мектемізде ардагерлермен жұмыс дұрыс жолға қойылған.

Ардагерлермен жүргізілген жұмыстар.

Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата- әжелеріміздің өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына екендігін ұғындыру мақсатында мектепте түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіледі.

Еңбек күніне орай әр салада қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан ардагерлердің қатысуымен **«Еңбек – өмір айнасы»** тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге мектебімізде ұстаздық еткен **Мұстафина Күлғасылай Шормановна, Жұмаханова Қарлыға, Оразбекова Сандуғаш, Сейсенбаева Бахыткул Муслимовна және шаруашылық қызмет атқарған Шаяхметова Күлаш Күланқызы, Бапақ Садуақас** ардагерлерміз келді. Құрметті еңбек демалысына шыққан еңбек ардагерлері өздерінің оқушылық кезеңдері мен мамандық таңдаудағы қызықты оқиғаларымен бөлісті. Оқушылар да өз тарапынан сұрақтар қойды. Осыдан 40-50 жыл бұрынғы оқушы бейнесі, балалар ойыны жайлы әңгімелерін оқушыларымыз қызығушылықпен тыңдады.

Қаңтар айынан бастау алған **«Жылы жүрек - жақсы ниет»** игі істер челленджі жоғары дейгейде өткізілді және оқушылар мен сынып жетекшілерден үлкен қолдау тапты. Бұл игі шараны 9 "В", 9 "Ә" және "Адал ұрпақ" клубы мүшелері бастаған болатын. Жақсылық жасау керуенін 10 "Г" сынып оқушылары жалғастыруды ұйғарып, қаламыздағы "Жастар" ресурстық орталығының ұйымдастырып жатқан акциясына қатысты. Сенбі күнгі демалыстарының жартысын қала сыртында тұратын **Фещук Леонид Павлович** есімді қарияға көмек беруге арнады. 80 жастағы қарияның көмір тұратын сарайының алдын қардан тазалап, үйінен сарайға дейін жол салып берді. Қария балаларға өзінің еңбек жолы туралы әңгімеледі, қаламыздағы Торғай боксит-кен басқармасы мекемесінде көп жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан екен. Адал еңбегі үшін әлі күнге дейін мекеме қамқорлық жасап, көмір түсіріп беретінін айтты. Оқушыларға бүгінгі еңбегі үшін алғысын білдіріп, батасын берді. Жасалған әр жақсылық жүрекке жылу, қуаныш сыйлайды емес пе?. Оқушылар да өздерінің қарияға көрсеткен қолқабысынан керемет әсер алды. Қалада туып, өскен балалардың арасында қолдарына алғаш рет күрек ұстап көргендері де болды. Демалыстарын пайдалы өткізген оқушылар көтеріңкі көңіл-күйде тарқасты. Осы ұсынысты

бір ауыздан қолдап, оқушыларды ұйқысынан оятып, қолдарына жүрек жалғар тәттілерін ұстатып, сәттілік тілеп үйде қалған 10 "Г" сынып ата-аналарына да үлкен рақмет айтылды.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап өткізілген іс-шараларға қалалық «Ардагерлер кеңесі», қаламыздың «Ауған соғысының ардагерлері» т.б. сияқты қонақтар шақыртылып, қатыстырылды.

Мектептің жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 16 - ақпаны күні «Бала тәрбиесі - баршаға ортақ міндет» тақырыбында мектепішілік ата-аналара жиналысы өткізілді. Жиналысқа қаламыздағы «Ардагерлер кеңесі» өкілі, зейнеткер ұстаз **З. Ш. Қолдасбаева** мен мектепке жауапты ретінде бөлінген зейнеткер ұстазымыз **Б. Е. Ержанов** келіп қатысты. Жиналыс күн тәртібінде бала тәрбиесі, бала тәрбиелеудің жолдары мен қоғамда бала тәрбиесіне кері әсер етіп отырған мәселелер жөнінде мектеп инспекторы, әлеуметтік-психологиялық қызметтің мамандары баяндама жасап, құқықтық-нормативтік құжаттардағы бап тармақтары, шектеулер жөнінде айтса, қосымша шақырылған ардагер ұстаздарымыз бала тәрбиесі жайында өздерінің кеңестері айтты.

Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту, оқушыларды бейнелеу, қолданбалы өнерге баулу мақсатында жұмыс жоспарына сәйкес, «Өнер – ұрпаққа үлгі, елге мұра» тақырыбында ұстаз, ардагерлер **Молдакәрім Қойшанұлы мен Өсила Каменқызының** қатысуымен шеберлік кездесу сағаты өткізілді. Іс-шараға қонақтар өздерінің қолдарын шыққан зергерлік бұйымдарын, қолөнер бұйымдары мен тоқымадан әзірленген кестелер әкеліп, арнайы көрме көрсетті. Шебер қол иелері әрқашанда өнерліге өріс кеңе екендігі, ел іші-өнер кеніші екендігін айтып, өнерлі адам әрқашанда ел алдында, үлкен беделге ие болатындығын айтып, өскелең ұрпақты өз ісінің маманы болуға, өнер иесі болуға шақырды.

«**Бала тәрбиесі баршаға**» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға сманалы ғұмырын ұстаздыққа арнаған Бейсенбаев Ержан, Педагогика ғылымдарның докторы Колдасбаева Зинаида Шакировна шақырылды. Қадірменді қонақ ретінде шақырылған еңбек ардагерлері бала тәрбиесіндегі келелі мәселелерде тиімді шешім ұсынды. Жасөспірімдік өтпелі кезеңде кездесетін кейбір қиындықтарды қалай оңай еңсеруге болатынына да тоқталды. Білім алу – жауапты, қиын еңбек. Мектепке бару баланың өмірін айтарлықтай өзгертеді. Мектептегі өмірге, қоғамдық өмірге бейімделуге қалай көмек беруге болатындығы жөнінде ардагер ұстаз ретінде кеңес берді.

«**Асыл мұра**» клубының ұйымдастыруымен «Қыз сұлуқ көрінеді қылығымен» атты Қалалық «Ана-дария» Аналар Кеңесінің төрайымы Бақытжамал Аяғанқызымен кездесу өткізілді. Кездесуде қыз бала тәрбиесі туралы салиқалы әңгіме өрбітті. Қазақ халқының қыз балалар жайлы тыйым сөздері жинақталған кітапшасын мектебіміздің «Жауқазын» қыздар ұйымы жетекшісіне тарту етті.

25 ақпан күні қаламыздағы ауған соғысы ардагері **Кенжебеков тоба**

Мұханбетжанұлының қатысуымен «Ауған – отты жылдар ызғары» тақырыбы кездесу болып өтті. Кездесуге 8-9 сынып оқушылары қатысты. Тоба ағамызға бастан кешкен соғыс оқиғасын еске алу қаншалықты қиын болса да, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, сол сұрапыл кездерді есіне алды. Ауған соғысы ардагері майдандас достарын, қапылыс кезең болса да, достыққа адал, сертке берік болған майдандас достарын көзіне жас алып әңгімелеп берді. Ағамыздың әңгімесінен оқушылар достыққа, Отанға деген елжандылық сезімдері беки түскендеріне сенімдіміз.

12 нарыз күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында «Шебердің қолы алтын» тақырыбында қаламыздағы Арқалық қаласы педагогикалық институтының зейнеткер оқытушысы, шебер суретші Байсенгиров Молдакәрім Қойшанұлы ағамыздбен кездесу ұйымдастырылды. Молдакәрім ағай қаламыздағы педагогикалық институтта 23 жыл еңбек атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Молдакәрім Қойшанұлы кездесуде өзінің біз білмейтін қырымен де бөлісті. Бала кезінен «Қыз жібек пен Төлеген» дастанын жатқа айтатынын білдік. Сондай-ақ, ағайымыз домбырада шебер ойнайды, ақындық қабілеті де бар екен. Кездесу өте жоғары деңгейде өтті.

20 наурыз күні «Берекеңмен кел, өз Наурыз» сынып жетекшілерге арналған қалалық семинарға. **Абдиков Қажымұқамбет пен Бейсенбай Ержанұлы** ашық сынып сағаттарына қатысты. Семинар соңында сабақ берген ұстаздарға алғысын білдірді, сондай-ақ, сабақ беру жүйесінің едәуір өзгеріп, жаңашыл болғанын байқағанын айтты. Жас ұстаздарға сәттілік тілеп, ел болашағын тәрбиелеуде қажымас қайрат тіледі.

25 сәуір күні қалалық Ардагерлер Кеңесі мүшелерінің қатысуымен «Ұлт боламын десек, бесііңді түзе» тақырыбында ата-аналарға арналған семинар өтті.

Мақсаты:

Семинарға жиналған ата-аналар тіркеуден өткенде қызыл, сары, көк үш түсті бағдарлама таңдау арқылы, үш секцияға бөлінді.

№1 секцияда қалалық Аналар Кеңесі төрайымы **Калтаева Бакытжамал Аяғанқызы** «Ұлттық құндылықтар негізінде бала тәрбиелеудің жолдары» тақырыбында баяндама оқыса, «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында әлеуметтік педагог: Кулмағанбетова А.Б. коучинг өткізді.

Көк түсті таңдаған **№2 секция** қатысушылары кәсіптік бағдар беру бойынша Арқалық қаласы қазақ жасөспірімдер театрының директоры Қасжанов Нұрлыбек Сапабекұлының «Театр – өнер ордасы» тақырыбындағы баяндамасын тыңдады және «Бала тірбиесі – үлкен бір ғылым» коучингіне қатысты. Коучинг ұйымдастырған Ибраева Жансая Жаксыбаевна.

Қызыл түс арқылы **№ 3 секцияны** таңдаған ата-аналар «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» тақырыбындағы баяндамасын тыңдады және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқы! Ойлан! Әлемді таны!» шеберлік сыныбына қатысты.

Секция жұмыстары аяқталған соң барлық ата-аналар семинардың пленарлық бөліміне жиналып, семинардың алғы сөзі Арқалық қаласы Ардагерлер Кеңес

төрағасы **Аубакиров Түбекбай Ғабсалықұлына** берілді. Туған жеріне тынбай еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ата-ана және қадірменді ата татағын иеленіп үлгірген Түбекбай ғабсалықұлы «**Ұлт боламын десек, бесігінді түзе**» тақырыбында баяндама оқыды. Семинарға келген ата-аналарға әр үйдің еркесі, ұрпағының жалғасы ертең-ақ ер жетіп, елге қызмет етер жасқа жетері хақ. Сондықтан да, кішкентай кезінен бастап, адал, мейірімді, жауапкершілігі мықты, ұлтжанды, ұлттық дәстүрді бойына сіңіріп өскен тұлға тәрбиелеуіміз керек, - деді. Бүгінгі бала-ертеңгі ұлт болашағы, ұлт жанашыры. Ұрпақ тәрбиесі – тұтастастай бір ұлттық тәрбиесі. Ұлттық дәстүр, салт-сана, тіліміз бен діліміздің келесі ұрпаққа жеткізушісі. Сондықтан да, тәрбиелеп отырған балаларымыз ұлт болашағына жаны ашитын, отансүйгіш, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсете алатын саналы ұрпақ етіп тәрбиелейік, -деп ойын түйіндеді. Бала тәрбиесін арқау еткен ауқымды іс-шара мінберіне мектепшілік Аналар Кеңесінің төрайымы Нұрбекова Гүлбану Ақтасқызы «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыбындағы баяндамасымен шықты. Гүлбану Ақтасқызы әр бала отбасы жылуына, сүйіспеншілігіне бөленіп өсуі керек. Отбасы татулығын, отбасы мүшелерінің арасындағы сезіммен байланған туыстық жібін сезініп өспеген бала, болашақта өз отбасын құрағанда қиындыққа тап болары сөзсіз деді. Ел ісіне араласқан уақытында да отбасынан алған сарқылмас құндылығының арқасында адалдық пен мейірімділікті, қайырымды болу сынды асыл қасиеттерін алға қоятын болады. Баяндама соңында, ата-анасын, ұстаздарын, достарын, ұлттық дәстүрін, отбасы құндылықтарын құрметтеуді жасынан бойына сіңіріп өсірейік. Сонда ғана болашақта өзге ересектерге де құрметпен қарайтын, өзгенің еңбегін бағалайтын саналы тұлға тәрбиелей аламыз,-деп ойын қорытып, қатысып отырған ата-аналарға үндеу тастады.

Ата-ана қашанда баласы үшін маңызды да, пайдалы шешімдер қабылдауда қателеспеуге тырысады. Болашақ мамандығын таңдар алдында да баласы үшін жақсы мамандық болар ау деген оймен бала шешіміне араласып жатады. Көбінде, жоғары оқу орнының табақтай дипломы болсын деп, жүрегі қаламаған мамандыққа баруына ықпал ететіндері де аз емес. Осыған орай, ата-аналарға оңтайлы шешім қабылдауына көмегі тиер деген оймен арнайы шақырылған қонағымыз- қаламыздағы қара шаңырақ Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының «Жаратылыстану және ақпараттандыру» факультетінің деканы, математика пәні бойынша философия(PhD) ғылымдарының докторы Әлібек Ескермесұлы «Мамандық таңдау – жауапты іс» баяндамасын оқыды. Балам биіктерден көрінсін деп таңдаулы, арнайы мектептерге беріп, өз қаласында оқу орындары бола тұра, үлкен қалалардағы оқуға сүйреп жүретін ата-аналарға дәлел ретінде Әлібек Ескермесұлы өз өмірі жайлы ақпарат беріп өтті. Өзі де аталған оқу орнын тәмәмдап, сол оқу орнында оқытушылық қызметтен бастаған екен еңбек жолын. Тіпті осы мамандығын қосымша табыс көзіне айналдырып отырғанын да айтып өтті. Факультет деканы, Докторлық атағын, осы жерде жүріп-ақ, қорғағанын және осы мамандықтың арқасында шет елдерге шығып жүргенін де тілге тиек етті.

Ата-аналар да жас ғалымға болашақтағы жоспары жөнінде сұрақтар қойды. Таңдаған мамандығы өз қаламызда болса, студент өз қаласында қалуы болашақ маман иесі үшін көп жақсы. Себебі: өз үйінде жүріп, көп таршылық көрмей тек қана білімге ден қоятын болады. Ал, білімге құштар студент өз ісінің нағыз білгірі болары сөзсіз. Еліміздің болашағы – білімді жастарының, білікті мамандардың қолында,- деп түйіндеді ойын.

Іс-шара соңында оқушылар шығармашылығынан шағын концерт ұйымдастырылды. Бала тәрбиесіне қатысты есті әңгіменің жалғасы ретінде, қаламыздағы жас айтыскер ақын, Ернұр Саянұлы өз жүрегінен шыққан жыр шумақтарынан бала тәрбиесіне орай өрілген арнау өлеңін қазақтың қара домбырасымен шырқап берді. Тағылымды шара Арқалық қаласы қазақ жасөспірімдер театрының кәсіби әртістері мен мектебіміздегі «Кейкі мерген» театр клубының тәрбиеленушілерінің бірлескен «Отбасы-алтын діңгек» қойылымымен жалғасын тапты. Ата-анаға ой саларлық мазмұндағы сахналық қойылым көрермендер көңілінен шықты. Қойылымдағы жас отбасының қылығы өзіміз күнделікті күйбең тіршілік барысында ұсақ-түйек деп қарайтын елеусіз проблеманы көз алдымызға алып келді. Жалпы іс-шараның басынан аяғына дейін қозғалған мәселе айтылған ой-пікірлер, қойылым мазмұны ата-аналарға ой саларына сеніміміз мол. Ата-аналардың ризашылығын білдірген қорытынды сөзіне қарай, ұйымдастырылған іс-шара өз мақсатына жетті деуге әбден болады.

7 - мамыр «Отан қорғаушылар» күні қарсаңында қазақ халқында ерлікпен қаза тауып, барша ғұмырын азаттық жолындағы күреске арнап, ер азаматтарға тән қайсарлық мінезімен тарихымыздан орын ала білген №4 мектеп жанындағы батыр Кейкі Көкембайұлының ескерткішіне тағзым етуге арналған іс-шарасы өткізілді. Іс-шараға Арқалық қаласының мәслихат хатшысы **Елтебаева Гүлбану Төкенқызы**, қаламыздың құрметті ардагері, зейнеткер ұстаз **Қазымбеков Қуанышбай Қабенұлы**, білім бөлімінің басшысы **Мәметекөв Есламбек Жеңісұлы** және білім беру ұйымы басшылары бастаған мекеме ұжымдары қатысты.

Іс-шараға қатысушы қонақтар сөз алып, Отан қорғаушылар күні өзінің бастапқы кәсіби маңызымен бүгінде биік дәрежеге көтеріліп, Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие нағыз ерлердің мерекесіне айналғандығын тілге тиек етсе, ұрпағына үлгі боларлықтай ерлікпен қаза тапқан батыр жайында мектебіміздің тарих пәні мұғалімі Бирмаканов Қорғанбек Сағындықұлы баяндама жасады.

Отан алдында ерлікпен қаза тапқан батыр тұлғалардың рухына 1 минут үнсіздік жарияланып, қонақтар мен қатысушы мекеме ұжымдары ескерткішке гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

<https://www.instagram.com/p/C6qIr0MIJNv/?igsh=MXgxamp5emc3Ymo5ZA==>

Қаламыздағы ардагерлермен жүргізілетін жұмыстар алдағы оқу жылында да жалғасын табады.

Сонымен қатар, ер балалар мен қыз балалар ұйымы да «біртұтас тәрбие» бағдарламасына сай жұмыс атқарды. Мәселен, ер балалар жиналысында қазақ халқына тән ер мінезді ұл тәрбиелеу мақсатында «Ер бала – ұлт мақтанышы» тақырыбында Исниязов М.Р. ер балалармен кездесу өткізсе, «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында Бекентаев С.Ж. баяндама жасады. Ал қыз балалар тәрбиесі бойынша «Қыз бала ұлт намысы» тақырыбында Муканова А.Х. ата-аналар жиналысында баяндама жасады. Халқымыз қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қыз баланы бүтіндей ұлттың тәрбиешісі ретінде тәрбиелеген. *«Қызды тәрбиелегенің – бір ұрпақты тәрбиелегенің», - деген екен ата- бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Өйткені қыз болашақ ұрпақтың анасы.* Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді.

Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті...

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы — әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды.

Қазақ халқының мақсаты — әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу. Қыз бала бойжетіп, әке-шешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атанады. Өз шаңырағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп, түтін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы, әрі бақыты.

Қыз баланың физиологиялық, психологиялық даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстары өз нәтижесін бермей қоймайды. Бастауыш сыныптағы қыз бала ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді және достарын сыйлауға, мектепте өзін-өзі ұстауға тәрбиеленсе, 5-8 сыныптар аралығындағы қыз балалар тәрбиесі алғашқы кезеңдегі тәрбиені жалғастырады. Қыздардың мінез тұрақтылығын қалыптастыра отырып инабаттылыққа, әдептілікке, ізет пен мәдениеттілікке тәрбиелеу қажеттілігі тууда. Осыған орай арнайы құрылған жоспар бойынша іс-шаралар уақытылы өткізілді. Жоспарға сәйкес, «Бой түзеу –әуелі, ой түзеу – В человеке все должно быть прекрасно» тақырыбында алғашқы отырысы өтті. Отырыста

мектебіміздің тәжірибелі ұстаз Дюсембаева Гульжан турмуханбетовна мен Утебаева Жамила Амировна қыз балаларға ақыл-кеңесін айтты, өмірде кездесетін келеңсіз жағдайларды мысал ретінде келтіре отырып, қыз балаларды әдемілікке, сыпайылыққа өзін-өзі тәрбиелек керектігін баса айтты. Қазан айының жоспары бойынша мектеп психологтары ер балалар мен қазы балаларға арналған «Оқушының стресске қарсы тұруы, сенімді мінез-құлық дағдысын арттыру, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру» тренингін өткізді. Қыз балалардың екінші отырысына арқау болған «Сырласайық – между нами девочками» тақырыбы болды. Аталған кездесу қыз балалардың физиологиялық ерекшелігіне байланысты 5-7 сынып қыз балаларына арналды. Мектептің жоғары сыныптың қыз балаларына да ашық тақырыпта әңгіме қозғауға арқау болған «Зиянды әдеттерден аулақ бол! – вред вредных привычек» (профилактика СПИДа и ВИЧа) және ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбы болды. Осы тақырыпта қалалық перзентханадан акушер-гинеколог пен мектебіміздің медбикелері тақырыпты тарқата айтты. Қыз балалармен жұмыс барысында әдемілік, сән туралы айтпау орынсыз болар еді. Себебі: қыздарымыз әдемілікке жаны құмар жандар. Сән мен сұлулық жүрген жерде талғам тақырыбы міндетті түрде қатар жүрер орынды. Қыз балалар ұйымының №3 отырысында «Сән мен Талғам» тақырыбы қозғалды. Кездесуге арнайы тігінші шақырылды. Сән мен талғам бойынша қыз балалар сұрақтарын қойып, тиісінше, жауап ала алды.

Ер бала тәрбиесі – ертеңгі сәтті отбасының кепілі. Сондықтан ер бала тәрбиесіне олқылық жіберуге болмайды. Осы мақсатта жұмыс атқаратын «Қайсар» ер балалар ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес, «Ер адамға тән мінез деп қандай қасиетті атауға болады?» тақырыбында орта буын оқушыларымен диалог алаңы өтті. Дені сау адамның болашағы жарқын болатыны жазылмаған заңдылық. Осы орайда ер балалармен «Ер бала гигиенасы», «Зиянды әдеттерден аулақ бол!», «Жұқпалы аурулар» тақырыптарында арнайы дәрігер мамандармен кездесу өткізілді. Қаңтар, ақпан айларында «Ерлік – ердің ісі», «Әке – отбасы тірегі» тақырыптарында тақырыптық шаралар өтті. Аталған тақырыптарда тәжірибелі ұстаз, бала тәрбиесінде біршама тәжірибесі бар өнегелі әке болып отырған Исниязов М.Р. мен Бекентаев С.Ж. оқушылармен сырласты, баяндама оқыды. Қазіргі заманның көше тәртібі, қоғамдық орындар тәртібі көп сынға алынып жүргенін де жоққа шығара алмаймыз. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беруде «Жастар субмәдениеті және рухани-адамгершілік» пікір-талас практикумы ұйымдастырылды. Оқушылар аталған тақырып бойынша келтіріген бейне роликт ерден өздерін көргендей болып, қателіктерін түсінгендей болды. Ер балалар арасындағы тағы бір өзекті мәселенің бірі – құқықбұзушылық. Дөрекілік, өктемдікті батырлық санайтын ер адамның бір мінезіне байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Менің жеке қасиеттерім» ІІБ мамандарымен кездесу болып өтті. Құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған шаралар ай сайын жүргізіледі. Сынып жетекшілер сынып сағаттарында арнайы сабақ өткізсе, мектеп инспекторы түсіндірме

жұмыстарын үнемі жүргізеді.

Тәрбиелеу жұмыстарымен қатар, оқушыларды қауіп-қатерден сақтандыру, қауіптің қай жақтан төнетіні жайында білімдерін жетілдіру және қауіп-қатер бола қалған жағдайда қандай әрекетке бару дұрыстығы жөнінде білімдерін толықтыру мақсатында діни экстермизм және терроризмнің алдын алу шаралары ұйымдастырылады.

Терроризм туралы білім қазіргі қоғамдағы қауіпсіздікке нақты қауіп ретінде, террористік актілер кезіндегі мінез-құлық ережелері жалпы білімнің бірінші кезеңінен бастап қалыптасуы керек екені айқын. Қоғамдық ортадағы Террористік көріністерге қарсы күрестің негізгі бағыттарының бірі олардың алдын алу болып табылады. Терроризммен күресу ғана емес, оның пайда болуының алдын алу керек екенін есте ұстаған жөн. Балаларға террористік қауіп жағдайындағы мінез-құлықтың негізгі ерекшеліктері мен түсініктері туралы білім беру, балаларды қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына үйрету, жеке қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, қауіпсіздік ережелерін сақтауға саналы көзқарасты дамыту үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Оқушылардың, ата-аналардың өмір қауіпсіздігін сақтау, төтенше жағдайларға ұшырап қалудың алдын алу мақсатында құрылған 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, қыркүйек және қазан айларында ата-аналар жиналыстары өткізілді. Сыныптарда өтілген ата-аналар жиналысында «Терроризмнен қорғану – қоғам талабы» тақырыбында, сынып жетекшілер, терроризм жағдайының алдын алу мақсатында түсінік жұмысын жүргізді. Мақсаты: Лаңкестердің іс-әрекеті жайын аңғару, қандай әрекетке күдікпен қарауды, террорлық іс-әрекеттің алғашқы белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру.

Білім алушыларға тәрбие беру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында да сынып сағаттары үнемі өткізіліп тұрады. Атап айтар болсақ, жолда жүру ережесі бойынша мазмұнды шара өткізген даярлық тобының тәрбиешілері, бастауыш сынып жетекшілері керемет сынып сағаттар, көріністер қойып, жақсы іс-шара өткізді. Террористік актілердің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс тамақтануды дамыту.

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайы

Жұмыстың мақсаты: Әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік педагогикалық қиыншылықтарын жүйелі шешу, олардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік қалыптастыру және қалпына келтіру.

Осыған сәйкес мынадай **міндеттер** туындайды:

1. Қиын жағдайға тап болған оқушыға, ата-анаға әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық көмек көрсету.
2. Қамқорлықта, қорғаншылыққа алынған оқушылармен жұмыс ұйымдастыру.
3. Жеке тұлға мен қоғамның арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру.
4. Салауатты өмір салтын насихаттау, жағымсыз қылықтыр формасын алдын алу бойынша жұмыс ұйымдастыру (шылым шегу, ішімдік ішу, наркотикалық және психотроптық заттарды пайдалануы).
5. Девианты мінез құлқы бар балалармен жұмыс.
6. Мектептегі әлеуметтік отбасының жағдайы төмен оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.
7. Әртүрлі қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау.

2023 -2024 оқу жылындағы жұмыстар жоспар бойынша атқарылды. Оқу жылының басында әртүрлі категорияларға жататын оқушылар тізімін жаңартылып түзетілді. Кәмелетке толмаған оқушылар арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында тәртібі қиын оқушыларға ерекше назар аударылып отырылды.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Оқу жылының басында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынып, анықталған әлеуметтік категорияларына байланысты жұмыстар жүргізіліп отырыл

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

2023-2024 оқу жылында Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебінде

Мектептегі оқушылар саны	1263
Мектепке дейінгі балалар саны / ШО, даярлық тобы/	81+46/127
1 - 4 сынып	521

5-9 сынып	584
10-11 сынып	158
Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім балалар саны	11
Әлеуметтік көмек алатын отбасы саны	18
жалпы бала саны	65
ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	38
ондағы бала саны /ШО, даярлық тобы/	4
ондағы бала саны /үйде отырғаны, балабақша/	18
ондағы бала саны /жоғары оқу орны, колледж - 23 жас/	4
ондағы бала саны /басқа мектепте оқитын оқушылар/	1
Көп балалы отбасы саны	190
жалпы бала саны	845
ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	410
ондағы бала саны /ШО, даярлық тобы/	23
ондағы бала саны /үйде отырғаны, балабақша/	223
ондағы бала саны /жоғары оқу орны, колледж - 23 жас/	110
ондағы бала саны /басқа мектепте оқитын оқушылар/	78
Аз қамтамасыз етілген отбасы	0
жалпы бала саны	0
ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	0
ондағы бала саны /ШО, даярлық тобы/	0

ондағы бала саны /үйде отырғаны, балабақша/	0
ондағы бала саны /жоғары оқу орны, колледж - 23 жас/	0
ондағы бала саны /басқа мектепте оқитын оқушылар/	0
Қолайсыз отбасы саны	1
жалпы бала саны	4
ондағы бала саны /1-11 сыныптар/	4
ондағы бала саны /ШО, даярлық тобы/	0
ондағы бала саны /үйде отырғаны, балабақша/	0
ондағы бала саны /жоғары оқу орны, колледж - 23 жас/	0
ондағы бала саны /басқа мектепте оқитын оқушылар/	0
Толық отбасы саны	381
ондағы бала саны	1078
Толық емес отбасы саны	27
ондағы бала саны	45
Өгей әкелерімен тұратын балалардың отбасы саны	24
ондағы бала саны	25
Өгей аналарымен тұратын балалардың отбасы саны	2
ондағы бала саны	4
Балалар анасының серіктесімен /сожителем/ тұратын отбасылар саны	2
ондағы бала саны	3
Сенімхатпен тәрбиеленіп жатқан балалардың саны	32

Мүгедек балалар саны	9
оның ішінде үйден оқып отырған балалар саны	5
Тәуекел тобындағы балалар саны	0
Мектепшілік бақылауға есепке алынған балалар саны	0
Ішкі істер бөлімінде есепте тұратын балалар саны	1
Ата-аналарының білімі:	
Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	876
Техникалық және кәсіптік	1046
Орта	741

2023-2024 оқу жылының тамыз айында **Әлеуметтік** себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу шарасы аясында «Мектепке жол» акциясы өткізілді.

Акция мақсаты: күнкөрісі төмен, көп балалы және тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған , Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына **әлеуметтік** көмек пен қолдау көрсету.

Акция аясында Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаражаттан көп балалы , аз қамтылған отбасыларынан шыққан және жетім, қамқорлықтағы балалар, мүмкіндігі шектеулі және ата-анасының мүмкіндігі шектеулі балалардың әр қайсысына - **40 567** тг көлемінде , киім- кешек,оқу құралдарын алу үшін - **78** балаға бір реттік ақшалай көмек көрсетілді.

Сонымен қатар міндетті оқу қорынан бөлінген қаражаттан жалпы 1-4 сынып оқушылары **516** бала, 5-11 сынып оқушыларынан көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан, жетім, қамқорлықтағы балалар үшін тегін ыстық тамақпен **21** бала қамтылды. Барлығы -**536** бала ыстық тамақпен қамтылды.

Акция шеңберінде Демеушілік көмектер де қатар жүрді.

Мектеп ұстаздарының көмегімен Демеушілік көмек түрінде 100 000 (жүз мың теңге) ақшалай берілді.Ол қаражаттан екі отбасы баласына бөліп берілді. Толық емес аз қамтылған отбасының баласы- Серік Мади Қасқырбайұлы 8 «Г»сынып оқушысына 50 000 (елу мың) теңгеге киім кешек алып берілді

Аз қамтылған отбасының баласы – Сарбас Алдиар Берікұлы 7 сынып оқушысына 50 000 (елу мың) теңгеге киім-кешек алып берілді.

Мектеп ұжымының көмегімен көп балалы отбасынан шыққан Кенжалиндер отбасындағы 4 балаға 4 қысқы етік, 1қысқы куртка алып

берілді.

Көп балалы отбасынан шыққан Ашықбаева Аяжан Саматқызы 8 «А» сынып оқушысына мектеп ұстаздары 40 000 (қырық мың) теңге көлемінде көмек ұйымдастырды. Атап айтар болсақ, мектеп ұстаздары: Анапина З.Б., Баянбаева Н.С., Бекмуратова Г.С., Карабаева Г.А., Әбілдина Айгерім.

Аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан Байгенжина Аружан Серікқызы 9 «Г» сынып оқушысына мектеп мұғалімі Қойбағарова Ж.Ж. Демеушілік көмек мектеп ұстаздарының ұйымдастыруымен, барлығы 33000 (отыз үш) мың теңгеге көмек көрсетті.

«Жүрек жылуы» қорынан көмек алған оқушылар:

Аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан Бралина Ақерке Ержанқызы 6 «Г» сынып оқушысына 50 000 (елу мың) теңге

Аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан Китибаева Аружан Тимуровна 8 «В» сынып оқушысына 24100 (жиырма төрт мың бір жүз) теңгеге

Аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан Сапарбек Ислам Нұрланұлы 7 «Б» сынып оқушысы **«Ішкі саясат» бөлімі -20 000** (жиырма мың) теңгеге көп балалы отбасынан Болатбек Аяулым мен Болатбек Мадияр - 50 000 (елу мың) теңгеге көмек көрсетілді. Көп балалы отбасы баласы Қалихан Аяулым Айдынкызы 9 300 (тоғыз мың үш жүз) теңгеге мектеп ұжымы киім – кешектен көмек берді. Көп балалы отбасы баласы Тапалов Алишер Жандосовичке 8000 тг Ажар Молл сауда орталықтан демеушілік жасалынды. Жүсіп Дария Жәнібекқызы мен Жүсіп Салтанат Жәнібекқызына ТОО «Алюминстрой» 30 000 (отыз мың) теңгеге демеушілік жасады.

«Арқалық аумақтық емхана» ұжымы-8 балаға көмек берді **Барлығы - 191 400** тг. көмек көрсетілді. Көмекті қажет ететін оқушыларымызға көмек үнемі көрсетіліп отырылады. «Қамқорлық» акциясы жыл бойы өз жалғасын таба береді.

29 қазан Қамқоршылар күніне «Мейірімге толы жүрек» атты Дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қамқорлықтағы оқушылардың Қамқоршыларымен мектеп арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Қамқоршы, қорғаншыларға алғыс білдіру, құттықтау, құрметтеу, жетім және қамқорлыққа алынған балалардың құқықтарын қорғау.

Іс – шараның барысына тоқтала кетсек:

Қамқоршыларды мерекелерімен құттықтау үшін мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары Бекентаев С.Ж. сөз берілді.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы мейірбандық, жомарттық, кеңпейілділік, бауырмалдылық бойларыңыздан табылып, осынау балаларымызға қамқорлық көрсетіп, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді сіңіріп, тәрбие беріп отырғандарыңыз үшін бас иеміз.

Сіздердің қамқорлықтарыңызда балалар бар, соған байланысты кез – келген қамқорлық «Аялы алақаннан» басталады. Сіздер баланың бақытты болуына жәрдемдесесіздер. Кез келген бала бақытты болуға лайықты. Бақытқа қол

жеткізу, балаға – қуаныш, мейірім сыйлау сіздерден бастау алады. Оқушы Қапан Мұхаммедәлидің орындауында тамаша ән шашу жолданды.

Қамқоршы ата-ана Зубова Татьяна Николаевнаға сөз берілді.

Балалардың әлеуметтік жағдайын қадағалап ,осы балалар мен қамқоршылар арасындағы қарым қатынасын бақылап отыратын мектебіміздің **әлеуметтік педагогы Құлмағанбетова Ақжамал Байжумановна сөз алды.**

Құрметті қамқоршы апалар, сіздердің балаларыңыздың білім алып отырған ордасы әрқашанда сіздердің балаларыңызға сапалы білім, саналы тәрбие беріп келеді. Бала болашағы үшін бір жақты қызмет ету аздық етеді. Сондықтанда сол балаларға отбасылық тәрбие беріп, қамқорлық жасап отырған сіздердің де еңбектеріңіз зор. Балаларымыз еліміздің қалаулы азаматтары мен азаматшылары болып өсуі үшін бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс жасайық.

Бала өмірінде ең басты тәрбие көзі отбасынан басталса, мектеп тарапынан да бала тәрбиесіне көп ықпал жасалады. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы бала тәрбиесіне негізделгендігін айта кеткім келеді. Ана-әке деген сөздер баланың жанында мәңгі сақталады. Ата-ананың аялы алақанын жоқтатпай, мейірімін шашып отырған осынай жандарға алғысымыз шексіз. Осы бүгінгі іс – шарамызды қорыта келе, бала біздің болашағымыз демекші, сіздер мен біз екі жақты байланысты үзбей, бала болашағы үшін бойымыздағы барлық жақсы қасиеттерімізді бала бойына дарыта отырып, жұмыла іс жасайық.

Іс-шараға қатысқан Қамқоршылардың дендеріне саулық, отбасыларына бақыт тілей отырып ,мектеп әкімшілігі атынан алғыс хат пен тәтті салынған сыйлықтар табысталды.

Президенттік шыршаға – мүмкіндігі шектеулі 2 бала тізімге жазылып, ҚББ нің ұйымдастыруымен Қостанай қаласына барып , смартфон ,ертегі кітап және 2 кг тәтті кәмпиттер алып келді.

2024 жылғы Қала әкімі шыршасына көп балалы, аз қамтылған отбасыларынан шыққан ,мүгедектік анықтамасы бар балалар және жетім, қамқорлықтағы балалардан -19 бала қатысты .

Биылғы жылы қалалық ішкі істер бөлімінде - 1 оқушы тіркеуге алынып отыр.Ол оқушыға арнайы жоспар жасалынып,сынып жетекшімен бірігіп тәрбиелік жұмыстар жүргізілуде. Мектепшілік тіркеуінде, Қатерлі топта оқушы тіркелген жоқ.

Қолайсыз отбасы тізімінде оқу жылы басында 3 отбасы,8 бала болды, оқу жылы аяғында 2 отбасы 4 бала болып отыр.

Жалпы, құқықтық тәртіпті бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керектігі айтылады.

Асхана жайлы есеп

Асханада оқушылар тамақтану үшін 22стол,132 орынға есептелген,

буфет жұмыс істейді.

Асхана күніне тегін ыстық тамақпен қамтылған 539 бала қабылдайды, оның ішінде 1-4 сынып оқушылары -520, 19 бала – әлеуметтік мәртебесіне байланысты.

Қалған 724 бала буфеттік тамақпен қамтамасыз етілген.

Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуын бақылауды медбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, жалпы мектептегі ата-аналар комитетінің өкілі және сынып жетекшілері жүзеге асырады.

2023-2024 оқу жылының 1-10 сәуір аралығында мектебімізде «Дұрыс және тиімді тамақтану-денсаулық кепілі» **онкүндігіне** арналған іс-шарасы жоспарлы түрде өтті.

Шараның мақсаты - дұрыс тамақтанудың маңыздылығы жөнінде халықтың, әсіресе мектеп жасындағы балалардың сауаттылығын арттыру, оқу оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту үшін жағдай жасауға ықпал ету болып табылады.

Онкүндік барысында оқушылардың дұрыс тамақтануы туралы төмендегідей іс-шаралар өткізілді: Бастауыш сынып оқушыларымен сынып жетекшілері «Ас-адамның арқауы», «Дәрумендер біздің досымыз» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарының мақсаты адамға зияны бар тағамдармен таныстыру; өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болды. Сабақ барысында оқушылармен диалог өткізілді. Чипсы өнімдері, газдалған сусындар құрамындағы зиянды заттарды, оларға жүргізілген зерттеулер көрсетілді. Сонымен қатар, дәруменмен дос болуға шақыратын ойындар өткізілді. Балалардың жарнамалардағы заттарға еліктемеулері туралы айтылды. Оқушылар сабақ барысындағы түсінген ақпараттарын ортаға салды. Мектеп кітапханашылары:Оспанова Маржан 3 «Ә» сынып оқушыларымен «Денсаулыққа пайдалы дәрумендер» тақырыбында көрме ұйымдастырды. Оқушыларға дәрумендердің ағзадағы рөлі және дәрумендер жетіспеуінен болатын аурулар, көкөністердің пайдасы туралы білімдерін жетілдіру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көрме материалдарында көкөністер түрлері көрсетіліп, әр көкөністің пайдасы баяндалды.

Мектеп медбикесі Тиленова Айым 4және 1 сынып оқушыларымен «Тамақтанудың негізгі ережелері» тақырыбында бейнеролик көрсетті. Сонымен қатар «Тез әзірленетін тағамдар зияны», «Фасфуд тамақтарының денсаулыққа әсері», «Фасфуд өнімдерінің балаларға әсері», «Тұтынушыларға кеңес» т.б. слайдтар көрсетіліп, көптеген ақпараттар берілді. Жоғарыда айтылған шаурма, донер-кебабтарға қоса гамбургер, хот-дог, гриль, поп-корн, чипсы, кириешки, картошка фри, қақталған шұжық секілді тағамдар өте жоғары температура дадайындалады. Дәл осы тағамдарды ұзақ күнделікті пайдалану салдарынан асқазан жарасы, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, жүрек-қан тамыр аурулары, семіздік пайда болатыны, әсіресе ас қорыту жолдарына өте зиян екені деректерден анықталғаны туралы үзінділер көрсетілді.

5 және 6 сыныптар арасында «Ас-адамның арқауы» тақырыбында

плакаттар байқауы өткізіліп, оқушылар шығармашылығы бағаланып, марапатталды.

Аға тәлімгер Бултирикова Гүлжаухар Максимовна «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен Флешмоб өткізді. Сонымен қатар, дене тәрбиесі мұғалімдерімен әлеуметтік педагогтар бастауыш сынып оқушыларының спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтанудың - адам денсаулығына пайдасы зор екендігін түсіндірді.

Әлеуметтік педагогтар мен мектеп медбикесі 8 -сынып оқушыларына «Дұрыс тамақтану-салауаттылық кепілі» тақырыбында үнпарақтар таратылып, адам ағзасына қажетті өнімдердің құрамында қандай дәрумендер бар, олардың қандай пайдасы бар деген сұрақтар қойылып, оқушылардан өз ойларын ортаға салып жауаптары тыңдалды.

Мектеп психологтары жоғары сынып оқушыларымен «Тамақтанудың адам көңіліне әсері» тақырыбында тренинг өткізді.

Тиімді тамақтанған адам біраз ауру-сырқауға ұшырамай, оларды оңай жеңіп отыратын болады. Тиімді тамақтанудың мезгілсіз, ерте қартаюдан алдын-ала сақтандырудағы маңызы зор. Асқазаны, жүрек-қан тамыры т. б. сырқатқа ұшырағанда тамақтанудың арнайы ойластырылып жасалған рационны мен режимі емнің бір түрі болып табылады. Өткізілген іс-шаралар уақытымен бұқаралық ақпарат құралдарына шығарылып отырылды.

2024-2025 оқу жылына Жалпы міндетті оқу қорынан бөлінетін қаржыға келер болсақ:

Мектеп есепшісіне Жалпы міндетті оқу қорынан бөлінетін қаржыға келер 2024-2025 оқу жылына сұраныс жасалынды.

-Мектеп жанындағы лагерьге екі ауысымға 25 оқушыдан, барлығы - 50 оқушы,

-Қала сыртына Көктау ауылындағы «Құрылысшы» лагерінің 3 ауысымына - 10 бала,

-9- сыныпты бітіретін - 3 жетім балаға бір реттік көмек түріне,

-«Мектепке жол» акциясына 70 балаға бір реттік ақшалай көмек,

- Ыстық тамақ ішетін- 539 балаға қаржы бөлуге сұраныс жасалынды.

Алдағы уақытта да, балалардың денсаулығын нығайтуға, әлеуметтік жағдайларын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырылады. Олардың қауіпсіз қоршаған ортада өсіп-өнуіне ықпал, жақсы білім алуына мүмкіндік беретін іс-шаралар өз жалғасын табады деп жоспарлануда.

2024-2025 оқу жылына қойылып отырған мақсат:

Тәртібі қиын балалармен алдын-алу жұмысын жалғастыру, аз қамтылған балалармен жұмыс жүргізуді жалғастыру.

Кемшіліктер:

Осы оқу жыл барысында тегін тамаққа құжат жинауда ата-аналармен тығыз жұмыс жасай отырып, құжаттарды уақытылы жиналуын қатаң қадағалау, уақытты тиімді ұйымдастыру.

Әлеуметтік карта жасауда, сынып жетекшілермен жекелей жұмыс жасай отырып, тегін тамақтанудың тізімін құрып, уақытылы мекеме басшысына бекітіру.

2024 – 2025 оқу жылында жұмыстың нәтижелі болу мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасаймын:

1. Өткен оқу жылындағы кемшіліктерді болдырмау мақсатында тегін тамаққа құжат жинауда құжаттарды уақытылы өткізу, ата-аналарға белгілі уақыт аралығын беру;
2. Жыл басынан девиантты мінез-құлықты оқушылармен жұмыс қанағаттанарлық жағдайда жүргізілуін;
3. Сынып жетекшілеріне, әлеуметтік оқытушыға девиантты мінез-құлықты оқушылармен алдын алу жұмысын жалғастыру;
4. Пән мұғалімдеріне осы оқушылармен жеке дара жұмыс жүргізу.

Оқу -тәрбие үрдісіндегі психологиялық-педагогикалық қызмет

2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жұмысының жылдық жұмыс жоспары құрылып, соған сәйкес психологиялық қызмет жұмысы өз жұмысын бастады. Психологиялық қызмет жұмысы 5 бағыт бойынша жүргізіледі: диагностика, түзету-дамыту жұмыстары (тренинг, ойын-сабақтар, әңгімелесу), профилактика және психологиялық ағартушылық, кеңес беру, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар, әр оқушымен сұраныс бойынша жеке диагностикалық жұмыстар және де кеңес беру жұмыстарымен, топтық жұмыстар жүргізілді. Балалардың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған Жол картасын орындау шеңберінде білім беру ұйымдарында мектепте психологиялық қызметтің жұмысы түрлі бағыттар бойынша жүргізіледі.

Психологиялық қызмет жұмысының мақсаты:

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және оқу-тәрбиелеу үдерісіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыны жеке тұрғыдан қамтамасыз ету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;

-психологиялық-педагогикалық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;

-өзіне-өзі қол жұмсау және олардың әрекет етуінің алдын-алу мақсатында өзіне-өзі қол жұмсауға бейім кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету;

Қыркүйек айында ПМПК есебінде тұратын балалардың тізімі жаңартылды. Келген, кеткен оқушылар жөнінде мәліметтер, үйде оқитын балалардың құжаттары жинақталды. ПМПК есебінде тұратын балалардың тізімі ПМПК комиссиясына тапсырылды. Қалалық білім бөліміне ПМПК есебінде тұратын оқушылар жөнінде, олардың қай категорияға жататыны туралы ақпарат берілді. Қыркүйек айында ПМПК есебінде 43 бала болса, қазіргі таңда 39 бала. Оның ішінде үйде оқитын 4 бала Қазыбай Б, Сухова Л, Елтай А, Әділхан Д. ЗПР – 19 бала. Мүгедектігі бар балалар – 10 бала, НОДА категориясы – 6 бала, невротикалық ауруы бар балалар – 1 бала, соматикалық ауруы бар балалар – 8 бала, көру қабілеті категориясы (слабовидящие) – 2 бала, тіл кемістігі (нарушение речи) – 13 бала, тіл кемістігі (жеңіл түрі) – 24 бала.

Психологиялық қызмет жұмысының бағыттарының бірі кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу болып табылады. Жұмыс жоспарына сәйкес педагог-психологтар оқу жылының басында тұрмыстық зорлық-зомбылықты анықтау және оқушылардың аутодеструктивтілік көрсеткіштерінің деңгейін анықтау мақсатында тоқсан сайын (қыркүйек, желтоқсан, наурыз және мамыр айларында) 5-11 сынып оқушыларымен анонимді сауалнама жүргізіледі. Әр баламен жүргізілген жұмыстар тіркеу журналына тіркелінеді. Анықталған оқушылар "ерекше назар тобына" жатады.

Қыркүйек айында 5-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша Автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторинг «HR+» жүйесі бойынша 5-8 сыныптардан «Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау» әдістемесі, 9-11 сыныптардан Кондаш «Алаңдаушылық шкаласы» әдістемесі алынды, оқушыларға сілтеме бойынша өтіп сауалнаманың сұрақтарына жауап беру және қолайлы нұсқаны белгілеу ұсынылды. «HR+» жүйесі бойынша алынған сауалнаманың қорытындысы бойынша: Сауалнамаға барлығы 666 оқушы қатысты. Сауалнама бойынша анықталған білім алушылар саны – 17.

Сауалнама қорытындыларының нәтижесі бойынша анықтама жазылып, сынып жетекшілерге және ата-аналарға ұсыныстар берілді. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша анықталған оқушыларды «Ерекше назар тобы» есепке алып, жеке жұмыстар жүргізілуде.

11-15 қыркүйек аралығында 1-11 сынып оқушылары арасында «Егер қиын болса – қоңырау шал» ақпараттық-түсіндіру жұмысы және сенім телефонының жұмысы туралы акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты: Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын

облыстық психологиялық қолдау орталығы туралы хабардар ету, мектеп білім алушыларына психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен ата-аналар қоғамының психологиялық сауаттылығын арттыру.

Акция аясында оқушыларға жадынамалар мен визиткалар таратылып, ата-аналар чаттарына жіберілді. Сонымен қатар оқушыларға және ата-аналарға «Апатиямен қалай күресуге болады?», «Балалардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын-алу», «Мектептегі оқушыны бағалау және өзін-өзі бағалау», «Ата-аналар нені есте ұстауы керек?», «Бірінші сынып оқушысын стресске төзімділігін қалай арттыруға болады?» жөнінде шағын ақпараттар беріліп, стэндке ілінді. Акцияға барлығы 51 сыныптан 1259 бала қамтылды. Акция бойынша өткізілген жұмыс инстаграмм әлеуметтік желіге орналастырылды.

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты оқушылардан «Ағаштағы орныңыз қандай?» әдістемесі алынды. Әдістеме бейімделу процесінің ерекшеліктерін жылдам анықтауға, баланың мүмкін болатын проблемаларын көруге мүмкіндік береді. Балалар ұсынылған тапсырмаларды орындай отырып, өздерін суреттегі адаммен оңай сәйкестендіреді. Жүргізілген әдістеме бойынша оқушылардың бейімделуі қалыпты жағдайда.

Сонымен қатар 5-ші сыныптардан Автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторинг «HR+» жүйесі бойынша «Оқу мотивациясының бағалау деңгейі» әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге 4 сыныптан 90 оқушы қатысты. Жүргізілген әдістеменің қорытындысы бойынша 9 оқушы мотивацияның төмен деңгейлерін көрсетті. Сынып жетекшілер қорытындысымен таныстырылып, ұсыныстар берілді. Сондай-ақ 1 «А», 5 «А» және 5 «Г» сынып оқушылары арасында бейімделу тренингтері өткізілді.

29.09.2023 жылы «Bilim Foundation» психологиялық қолдау қызметінің тапсырысы бойынша мектебімізде 8-11 сынып оқушыларына «Үрейдің жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатына әсері. Үрейді түзету әдісі» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмысы өткізілді. Ақпараттық-түсіндіру жұмысының мақсаты жастардағы үрей сезіміне, оның себептеріне, белгілеріне, таралуына және ықтимал араласу шараларына жалпы шолу жасау. Оқушыларға жалпы үрей туралы түсінік оның таралуы және қамтылуы, себептері мен ықпал етуші факторлар, үрейді тиімді жеңуге арналған әдісте, жастарға арналған қолдау қызметі туралы ақпараттар берілді. Сонымен қатар оқушылармен стрессті азайту тәжірибелерінде жиі қолданылатын бірнеше тыныс алу әдістері жүргізілді. Бұл әдістер үрейді азайту және жалпы әл-ауқатты жақсарту үшін өте тиімді. Оқушылар көрсетілген әдістермен жаттығуларды қызыға орындады.

Қазан айында 7-11 сынып оқушыларынан «Агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басса-Дарк» әдістемесі, 8-11 сынып оқушыларынан Е.А.Климов «Дифференциалды диагностикалық сауалнама» әдістемесі жүргізілді.

Әдістеме мақсаты: оқушылардың қай мамандыққа бейім екенін анықтау. Оқушылардың жауаптарына сүйене отырып, қандай мамандыққа бейім екендігі туралы ақпарат беріліп, анықтама жазылды. Оқушылардың көпшілігінің тандаған мамандықтары осы сауалнама қорытындысымен сәйкес екендігі анықталды. Сауалнама қорытындыларының нәтижесі бойынша анықтама жазылып, оқушыларға, сынып жетекшілерге және ата-аналарға ұсыныстар берілді.

Қараша айында 6-11 сынып оқушыларынан «Орта және жоғары мектепке оқуға деген мотивация мен эмоционалдық қатынасты диагностикалау әдістемесі», жүргізілді. Әдістеме мақсаты: орта және жоғары мектепте оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау. Зерттеу қорытындысы бойынша танымдық белсенділік, жетістік мотивациясы, мазасыздану, ашу бағыттары бойынша 5 деңгейдің оқуға оң көзқарас, орташа деңгей, оқуға деген теріс көзқарас, оқуға күрт теріс көзқарас деңгейлері арқылы анықталды. 8-11 сынып оқушыларынан «Интеллект түрлері бойынша сауалнама» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме мақсаты: жасөспірімдердің қандай да бір қызмет түріне бейімділігін анықтау. Зерттеу қорытындысы бойынша лингвистикалық, математикалық-логикалық, тұлғаишілік, көрнекі-кеңістіктік, музыкалық, кинестетикалық, тұлғааралық қызмет түрлері бойынша оқушылардың қандай да бір қызмет түріне бейімділігі анықталды. Әдістеме қорытындысының нәтижесі бойынша анықтама жазылып, оқушыларға, сынып жетекшілерге және ата-аналарға ұсыныстар берілді.

9-11 сынып оқушылары арасында «Стресске жоқ деп айт!» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг мақсаты:

- Стресс туралы түсінік беру.
- Стресстің адам денсаулығына кері әсерін түсіндіру.
- Тренинг — жаттығулар арқылы стресстен шығу жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- Позитивті ойды дамыту.
- Стресстен арылуға психологиялық кеңес беру.

Тренинг түсіндіру, сұрақ-жауап, практикалық жаттығулар түрінде өткізілді.

Тренинг басталмас бұрын ортаға жағымды көңіл-күйді қалыптастыру үшін «Сені көргеніме қуаныштымын» жаттығуынан басталды. Әрбір қатысушы өз көршісіне келесі сөздерді айтты: «Мен сені көргеніме қуаныштымын, себебі.....». Бұл сөйлемді адамның сыртқы келбетіне байланысты сөзбен емес, мінез ерекшелігіне байланысты сөзбен аяқтау керек болды.

Оқушыларды тренинг тақырыбымен таныстырып, Стресс дегеніміз не оны қалай түсінеміз? сұрақтар қойылып, оқушылар жауап берді. Стресстің пайда болу себептері мен белгілерін атап шықты.

Тренинг барысында оқушылармен бірнеше жаттығулар өткізілді.

Оқушылар өте белсенді болып қатысып, тренинг сабақ өте жақсы өтті.

Қостанай облысының білім басқармасының 6-15 қараша аралығында өткен IV онкүндігі аясында «Біз әртүрліміз, біз теңбіз, біз біргеміз» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында тренинг өткізілді. Мақсаты: мүмкіндігі

шектеулі адамдарға қоғамның инклюзивті мәдениетін және кемсітпейтін толерантты қатынасын қалыптастыру. Іс-шарада мақсатқа сай түрлі жаттығулар өткізілді, және әр тренинг соңында мақсаты жайлы қорытындыланып, оқушылардың ой-пікірі тыңдалды. Іс-шара жоғарғы деңгейде өткізіліп, белгіленген мақсатына жетті.

Ағымдағы жылдың қараша айының 16 жұлдызында 9-10 сыныптарында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында профилактикалық сағат өткізілді. Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың түрлері, буллинг, кибербуллинг жөнінде ақпарат беріліп, сұрақтар қойылды. Қойылған сұрақтарға оқушылар жауап беріп, балалар өз ойларымен бөлісті. Ситуациялық жағдайлар талқыланды. Қорытындысында оқушылар бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға үйренді.

Қараша айының 20-шы жұлдызында 5-7 ші сынып оқушыларына «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылармен бірнеше тренинг жаттығулары өткізілді. Сонымен қатар оқушыларға мейірімділік, қатыгездік танытудың салдары жайлы бейнеролик көрсетілді. Тренинг барысында оқушылар өздерін еркін ұстады және іс-шараға белсенді қатысты.

15-30 қараша аралығында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша 5-11 сынып оқушыларынан АСППМ жүйесі бойынша тоқсандық сауалнама «Депрессия шкаласы» әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 722 оқушы қатысты. Анықталған білім алушылар саны – 32. Сауалнама қорытындыларының нәтижесі бойынша анықтама жазылып, сынып жетекшілерге және ата-аналарға ұсыныстар берілді. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша анықталған оқушыларды «Ерекше назар тобы» есепке алып, жеке жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар 7 «Б» және 10 «Г» сыныптарында «Жүрек жылуы» тақырыбында ата-аналар жиналысында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында ата-аналармен практикалық, сергіту жаттығулары өткізілді.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қабілет онлайн платформасында 8-11 жастағы оқушылардың қабілеттерін анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. Диагностикадан 2-5 сынып оқушылары аралығында 108 оқушы өтті. Оқушылар диагностикадан өтіп, сыни ойлау,

коммуникация, коллаборация және эмоционалдық интеллект бойынша қабілеттерін анықтай алды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар мен сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

Желтоқсан айының 1-ші жұлдызында 8 «Ә» және 8 «Г» сыныптарында «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» және «Баланы буллинг және кибербуллингтен қалай қорғауға болады?» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. **Мақсаты:** балаларға қатыгездікпен қарау мәселесі бойынша ата-аналарды ақпараттандыру және жәбірлеуді болдыртпайтын және оның алдын алуда ата-ананың міндетін түсіндіру.

Жиналысқа мектебіміздің инспекторы Бекенов Қайрат Ақанұлы қатысып, ата-аналарға балалардың түңгі беймезгіл уақытта жүруін қадағалау, электронды темекінің зияны, бопсалау, ақша сұрау сияқты теріс қылықтар жөнінде біраз ақпараттар айтып өтіп, ата-аналарға жадынамалар таратты. Сонымен қатар мектеп психологі Ибраева Ж.С. Зорлық зомбылықтың алдын-алу, буллинг және кибербуллинг жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, бірнеше ұсыныстар берді. Жиналыс әрі қарай тренингпен ұласты. Тренинг барысында ата-аналармен практикалық, сергіту жаттығулары өткізілді. Ата-аналар «Бала және ата-ана» 2 топқа бөлініп, әр топқа сұрақ берілді. Берілген тақырып бойынша постер қорғап шықты. Одан кейін сергіту ретінде «Қызықты сұрақтар» ойыны ойнатылды. Ортаға ата-аналар шығып, оларға бір-бір әріптен берілді. Ата-аналарға сұрақтар қойылып, берілген әріптер бойынша сұрақтарға жауап берді. Тренинг жақсы деңгейде өтті.

Желтоқсан айының 4-ші жұлдызында өңірлік аурухананың гинекологы Альмуханбетова Гульнур Кенжетаевнаның қатысуымен «Қыздар арасында» ашық әңгіме өткізілді. Іс-шара барысында «Қыз бала гигиенасы», «Жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу», «Электронды темекінің зияны» тақырыбында мәселелер талқыланды. Гульнур Кенжетаевна оқушы қыздарға қыз балалар гигиенасы, жыныстық тәрбие жөнінде көптеген маңызды ақпараттар айтып, түсіндірді. Мектеп психологтары жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын-алу және электронды темекінің зияны жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өздерінің толғандырған сұрақтарын қойып, жауап алды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ішінен құрылған «Ұлағат» әкелер мектебінің және «Қайсар» ер балалар ұйымы жоспарына сәйкес «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында ұлдар отырысы өткізілді. Мақсаты: ер балаларға ұлттық тәрбие беру, қайсарлыққа, жігерлікке, сабырлыққа тәрбиелеу. Мектептің 8-11 сынып ер балаларына арналған тағылымды, ер азаматқа тән мінез қалыптастыруға тәрбиелейтін іс-шарада ер жігіттің қалай болу керектігін, ел-жұрт, үлкен-кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, қыз балаларға, әйел адамдар мен балаларға қалай қамқорлық жасау, болашақта отбасы мен ел-жұртына қалай үлгі-өнеге болу, қиын сәттер мен ел басына күн туған сын сағаттарда қалай ерлік көрсетіп, қалай азаматтық таныту секілді істерге бағыт-бағдар беру бойынша кеңестерін айтты.

«Шаңырақ» отбасы клубы мен «Асыл мұра» клубының ұйымдастыруымен 8-

11 сынып қыз балалары үшін қаламыздағы «Ана-дария» аналар кеңесінің төрайымы Бақытжамал Аяғанқызымен кездесу сыр-сұхбат өткізілді. Кеш барысында Бақытжамал Аяғанқызы қыз балаға байланысты халқымыздың тәрбиесі жайында әңгімелеп берді. Бұрынғы мен қазіргі кездегі қыз бала тәрбиесіне де тоқталды. Қыз балалар өнегелі әжені ұйып тындап, сұрақтарын қойды.

Жас мамандармен «Жас маман иесі – бүгінгі жас маман» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: жас мамандардың жаңа ортаға бейімделуі, басқа адамдарды түсінуге, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға психологиялық қолдау көрсетіп, оларға әдістемелік көмек беруі болды. Тренинг барысында түрлі әдістерді пайдаланып, жас мамандардың ашылуына қолайлы жағдай туғызды.

25-желтоқсан Психолог күніне орай сынып оқушыларымен «Жақсы көңіл-күй сыйлай білейік», «Снятие эмоционального напряжения» тақырыптарында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: топтық қарым-қатынас, сыйластық, бір-біріне сенім арту, қарым-қатынасты нығайту, стресске қарсы тұру, стресстен шығу жолдарын көрсету. Тренинг оқушыларға өте ұнады және қызықты өтті.

Сондай-ақ мұғалімдермен «Эмоционалдық стрессті жеңілдету әдістері» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: ұжымдық қарым-қатынас, стресске қарсы тұру, стресстен шығу жолдарын көрсету. Тренинг барысында әртүрлі жаттығулар жүргізілді. Тренинг өте қызықты өтті.

Желтоқсан айының 1-ші жұлдызында 8 «Ә» және 8 «Г» сыныптарында «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» және «Баланы буллинг және кибербуллингтен қалай қорғауға болады?» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. **Мақсаты:** балаларға қатыгездікпен қарау мәселесі бойынша ата-аналарды ақпараттандыру және жәбірлеуді болдыртпайтын және оның алдын алуда ата-ананың міндетін түсіндіру.

Жиналысқа мектебіміздің инспекторы Бекенов Қайрат Ақанұлы қатысып, ата-аналарға балалардың түңгі беймезгіл уақытта жүруін қадағалау, электронды темекінің зияны, бопсалау, ақша сұрау сияқты теріс қылықтар жөнінде біраз ақпараттар айтып өтіп, ата-аналарға жадынамалар таратты. Сонымен қатар мектеп психологі Ибраева Ж.С. Зорлық зомбылықтың алдын-алу, буллинг және кибербуллинг жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, бірнеше ұсыныстар берді. Жиналыс әрі қарай тренингпен ұласты. Тренинг барысында ата-аналармен практикалық, сергіту жаттығулары өткізілді. Ата-аналар «Бала және ата-ана» 2 топқа бөлініп, әр топқа сұрақ берілді. Берілген тақырып бойынша постер қорғап шықты. Одан кейін сергіту ретінде «Қызықты сұрақтар» ойыны ойнатылды. Ортаға ата-аналар шығып, оларға бір-бір әріптен берілді. Ата-аналарға сұрақтар қойылып, берілген әріптер бойынша сұрақтарға жауап берді. Тренинг жақсы деңгейде өтті.

Қаңтар айының 11-ші жұлдызында 7 «Г» сыныбында «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» және «Баланы буллинг және кибербуллингтен қалай қорғауға болады?» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. **Мақсаты:** балаларға қатыгездікпен қарау мәселесі бойынша ата-аналарды ақпараттандыру және жәбірлеуді болдыртпайтын және оның алдын алуда ата-ананың міндетін

түсіндіру.

Мектеп психологтары Танаберген А.О. және Ибраева Ж.С. Зорлық зомбылықтың алдын-алу, буллинг және кибербуллинг жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, бірнеше ұсыныстар берді. Жиналыс әрі қарай тренингпен ұласты. Тренинг барысында ата-аналармен практикалық, сергіту жаттығулары өткізілді. Ата-аналар «Бала және ата-ана» 2 топқа бөлініп, әр топқа сұрақ берілді. Берілген тақырып бойынша постер қорғап шықты. Одан кейін сергіту ретінде «Қызықты сұрақтар» ойыны ойнатылды. Ортаға ата-аналар шығып, оларға бір-бір әріптен берілді. Ата-аналарға сұрақтар қойылып, берілген әріптер бойынша сұрақтарға жауап берді. Тренинг жақсы деңгейде өтті.

16-ақпан 2024 жылы «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» тақырыбында облыстық бірыңғай жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа құрметті қонақ ретінде қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Қолдасбаева Зинаида Шакировна мен мен Бейсенбай Ержанұлы қатысты. Жиналыс аясында балалардың арасында зорлық-зомбылықтың алдын-алу, қатыгездікті болдырмау, түрлі жағымсыз жәйттардың жолын кесу жөнінде мектептің әлеуметтік педагогы мен психологі баяндама жасап, ата-аналарға қажетті кеңестер бере білді. Бала болашағымыз. Бала тәрбиелеу ісі – ұлы іс екендігі жөнінде шақырылған қонақтар сөз алып, қай ата-ананы болмасын, бала тәрбиесін үнемі алаңдататындығын айтып, осы орайда ата-аналар қауымын жұмылған жұдырықтай мектеп пен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқаруға шақырды.

Ағымдағы жылдың ақпан айында мектепалды даярлық сынып оқушыларынан мектепке дайындық әдістемесі жүргізілді. Әдістемеге барлығы 75 оқушы қатысты. Оқушылардан кіріспе әңгіме, оқи билуі, танымдық талдау, есте сақтау, ойлау, сөйлеуінің дамуы, жұқа моторика, өзін-өзі бағалауы сияқты деңгейлері зерттелді. Зерттеу қорытындысы бойынша сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді. Сонымен қатар барлық даярлық сынып оқушылары ПМПК комиссиядан өткізілді. Комиссия мүшелері балалардың мектепке дайындық деңгейлерін тексерді.

26-28 ақпан аралығында 5-11 сынып оқушылары арасында «Егер қиын болса – қоңырау шал» ақпараттық-түсіндіру жұмысы және сенім телефонының жұмысы туралы акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты: Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын облыстық психологиялық қолдау орталығы туралы хабардар ету, мектеп білім алушыларына психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен ата-аналар қоғамының психологиялық сауаттылығын арттыру.

Акция аясында оқушыларға жадынамалар мен визиткалар таратылып, ата-аналар чаттарына жіберілді. Сонымен қатар оқушыларға және ата-аналарға «Эмоцияларыңызды қалай басқаруға болады?», «Тиімді қарым-қатынастың негізгі ережелері», «Достықты қалай нығайтуға болады?», «Қалай балаларыңызға жақсы ата-ана болуға болады?» жөнінде шағын ақпараттар беріліп, стэндке ілінді. Акцияға барлығы 5-11 сыныптан 742 бала қамтылды.

Қостанай облысы білім басқармасының 2022-2024 жылдарға арналған суицидтің, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, есірткі және психотроптық заттарды қолданудың, балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын-алу жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жоспарын орындау аясында 5-11 сынып оқушылары арасында 2024 жылы 15 наурызда «Бұл әлем қандай керемет, қарашы!» тақырыбында бірыңғай облыстық сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: өміршендікті, стресске төзімділікті, позитивті өзін-өзі тануды және тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Сынып сағаты аясында 2 блок қарастырылды. 1.Теориялық оқушыларға құнды, маңызды ақпараттар беріліп, әңгіме жүргізілді. Сұрақтар қойылып, оқушылар өздерінің ойларын ортаға салды. 2.Практикалық оқушыларға бейнероликтер көрсетіліп, талқыланды. Сонымен қатар практикалық тапсырмаларды орындады. Сынып сағаты барысында дүниені позитивті қабылдаудың, өмірге құндылық ретінде қараудың маңыздылығы көрсетілді. Оқушылар сынып сағатына белсене қатысты. Өткізілген бірыңғай сынып сағатының қорытындысын ұсынылған есеп бойынша тапсырылды.

27 наурыз 2024 жылы балалар ұжымын біріктіруге, буллингтің алдын-алуға арналған «Біз әртүрліміз», «Stop bullying» тақырыбында психологиялық тренингтер өткізілді. Аталған шарада балалар шыдамдылықты, мінез тұрақтылығын шыңдайтын, ұжымда өзін еркін ұстауды қалыптастыратын түрлі жаттығулар орындады.

29 наурыз 2024 жылы «Тәрбие жүйесінде оқушылардың ұжымдық және жеке тұлғалық жағымды қасиеттерін арттыру жолдары» тақырыбында сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырысы өткізілді. Мектеп психологі Ибраева Ж.С. «Мектеп оқушылары арасында жасөспірімдік кезеңде аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу жолдары» тақырыбында баяндама жасап, қатысушы сынып жетекшілерге балалардың жасөспірімдік кезеңде орын алатын түрлі мінез-құлықтары жөнінде әдістемелік тұрғыдан кеңестерін айтып, сонымен қатар оқушылардың жасөспірімдік шағында олармен атқарылу қажет жұмыс түрлерін атап, нұсқаулық берді.

02 сәуір 2024 жылы 11 «Ә» сынып оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: оқушылардың емтихан алдындағы қобалжу, мазасыздану сезімдерінен арылуға көмек беру, бойларында сенімділік пен тұрақтылық орнатуға бағыт-бағдар, кеңес беру. Тренинг практикалық жаттығулар түрінде өткізілді. Тренинг басталмас бұрын ортаға жағымды көңіл-күйді қалыптастыру үшін **«Мен өзімді мақтаймын»** жаттығуынан басталды. Әрбір қатысушы келесі сөздерді айтты: **«Мен өзімді мақтаймын, себебі.....»**. Бұл сөйлемді адамның сыртқы келбетіне байланысты сөзбен емес, мінез ерекшелігіне байланысты сөзбен аяқтау керек болды.

Тренинг барысында оқушылармен бірнеше жаттығулар өткізілді.

«Жылдамдық» жаттығуы

Оқушылар жылдам сөздер тобын мұқият тыңдап әр сөздің 2-ші әрпін жазу керек болды.

Ес, сезім, анықтау, білек, емен, адамгершілік, кітап, үлкен, білім, екінші.

«Шар» жаттығуы.

Оқушылардың әрқайсыларына бір-бір шардан таратылды. Оқушылар шарды алып, өздерінің жағымсыз ойларын, жаман көңіл-күйлерін осы шардың ішіне үрледі. Осылайша жағымсыз ойлардан арылды.

Музыкалық оркестр

Белгілі бір әуен ойнатылды. Барлық ұжым бұл оркестр. Қатысушыларға парак таратылып, оқушыларға оркестрды басқарып, әуенді ойнатты.

Сергіту сәті «Джунглидағы жаңбыр» жаттығуы.

Бұл жаттығудың мақсаты: иық, мойын, омыртқалардағы, бұлшық ет қатаюынан арылту, босаңсыту. Балалар бір-бірінің артынан тұрып, нұсқау бойынша жеңіл қимылдар жасап, жаттығуларды орындады.

«Ақ тілек» жаттығуы оқушыларға емтиханнан сүрінбей өтуге, оларға қолдау көрсетіп, күш беретін жылы сөздер жазылған тілектер берілді. Оқушылар тренингке белсенді қатысты, тренинг өте жақсы өтті.

04 сәуір 2024 жылы 10 «Б» сынып оқушыларымен «Біз стресске бой бермейміз» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: Эмоцияны басқара білу жолдары және басқа да жағымсыз эмоциялардан арылу дағдыларын меңгеру, ішкі шиеленісті, агрессияны, ашулануды жеңілдету жолдарын көрсету. Тренинг барысында оқушылармен бірнеше жаттығулар өткізілді.

Ортаға жағымды көңіл-күйді қалыптастыру үшін тренинг «Сөйлейтін қолдар» жаттығуынан басталды.

Жаттығудың барысы: Қатысушылар екі шеңбер құрады: ішкі және сыртқы, бір-біріне қарама-қарсы тұрды. Көшбасшы команда бергенде, қатысушылар жетекшінің бұйрығымен сыртқы шеңбер бір қадам оңға жылжып, алынған жұптар айтылған нұсқаулар бойынша жаттығуды орындады. Келесі жаттығу **«Сағат бойынша достар»** жаттығуы. Бұл жаттығуда балалар бір-бірімен әртүрлі қимылдар арқылы амандасты.

«Қоқыс жәшігі» жаттығуы. Бұл жаттығудың мақсаты: жағымсыз эмоциялардан арылу. Оқушыларға қағаздар мен қаламдар таратылып, шеңбердің ортасына қоқыс жәшігі қойылды. Қатысушылардан қазіргі уақытта бойындағы жағымсыз эмоцияларды қағазға жазуды сұралды (әр адам өз эмоцияларын көрсетеді). Осыдан кейін қағаз бөліктері қоқыс жәшігіне тасталды.

«Кір жуғыш машина» жаттығуы. Бұл жаттығудың мақсаты: бұлшықет кернеуін жеңілдету, қарым-қатынастағы қашықтықты азайту.

Балалар бір-біріне қарама-қарсы екі қатарға тұрды. Бірінші адам «машина», соңғы адам «кептіргіш» болады. «Машина» қатарлар арасында өтеді, бәрі оны жуады, сипады, мұқият және мұқият ысқылайды. «Кептіргіш» оны кептіруі керек - оны құшақтап алыңыз. «Жуудан» өткендер «кептіргіш» болады, келесі «машина» бірінші кезекте тұрады.

« Атомдар мен молекулалар »

Әр қатысушы- жеке атомдар .Жүргізушінің айтуы бойынша атомдар қозғалысқа түседі , бір-бірімен жеңіл қақтығысқа түседі . Жүргізуші қанша

атомның қосындысынан молекула құралатынын айтады , сол кезде сол санға сай бірігіп тұра қалу керек . Молекула құрамына кірмей қалғандар ойыннан шығады .

«Ашулы шарлар» жаттығуы

Оқушыларға шеңбер болып тұрып, шарды үрлеп, оларды байлау ұсынылды. Бұл жаттығудың мақсаты ішкі шиеленісті, агрессияны, ашулануды жеңілдету жолдарын көрсету болды. Оқушылар адам бойындағы болатын жағымсыз эмоцияларын шығара білді. ,

«Бұзылған телефон» ойыны

Қатысушылар 2 топқа бөлінді. Оқушылар бір-бірінің артында тұрып, ең соңғы тұрған би қимылын жасап, алдындағы адамның иығына тигізеді, ол бұрылып, өзіне көрсетілген қозғалысты есіне түсіреді. Осыдан кейін ол келесі ойыншының иығына тиеді және т.б. Сосын алдымен не болғанын қарайды. Қозғалыс жасаған соңғы қатысушы бірінші болып, ойын солай жалғасты.

Тренинг өте көңілді өтті. Балалар белсене қатысты.

Сәуір айының 19-30 аралығында 5-11 сынып оқушыларынан тоқсан сайынғы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша Автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторинг «HR+» жүйесі бойынша Депрессия шкаласы (CES-DS) әдістемесі алынды. Оқушыларға сілтеме бойынша өтіп сауалнаманың сұрақтарына жауап беру және қолайлы нұсқаны белгілеу ұсынылды. Сауалнамаға 5-11 сынып оқушыларынан барлығы 572 оқушы қатысты. Анықталған білім алушылардың саны – 67.

Сауалнама қорытындыларының нәтижесі бойынша анықтама жазылып, сынып жетекшілерге және ата-аналарға ұсыныстар берілді. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша анықталған оқушылар «Ерекше назар тобы» есепке алынып, әр баламен жеке консультация жүргізілуде.

Психологиялық қызмет жұмысындағы бес бағыттың бірі – жеке консультациялық жұмыс болғандықтан оқушылармен, ата-аналармен және сынып жетекшілермен үнемі жүргізіледі. Сынып жетекшілер мен ата-аналардың сұранысы негізінде оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі (диагностикалық, консультациялық, түзету-дамытушылық). Оқушылар үнемі бақылауда болады. Барлық жүргізілген жұмыстар тіркеу журналдарына тіркелініп отырады.

Жүргізілген жұмыс біздің жеке кәсіби мүмкіндіктерімізді анықтауға, сонымен қатар болашақта жеке іс-әрекетімізді жүзеге асырудың және кәсіби өсудің негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

7 бөлім. Оқу-материалдық активтері

Модернизациялық шарттарда мектеп алдында тұратын білімдермен тапсырмаларды толықтыру және дамыту материалды-техникалық базаны жоғарғы нарыққа көтеру.

Арқалық қаласында орналасқан «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 1971 жылдан жұмыс жасап келеді.

Мектептің материалдық техникалық базасы білім беру стандартына сай оқу бағдарламасында қарастырылған жоспарды орындауға толық мүмкіндік жасалған. Бұл негізгі білім берудегі бағдарламалар лицензия талаптарына сәйкес.

Яғни, мектептің материалдық базаны нығайту жұмыстарын жүргізіліп отырылады. Сондай-ақ мектептің заңды мекеме екені расталған.

Мектептің жылу жүйесі орталықтандырылған. Мектептің орташа ауа температурасы $+20^{\circ}\text{C}$. Сынып бөлмелерінің ауасы сабақ үзілісі кезінде желдетіледі.

Сынып бөлмелері сол жақ – бүйірлі жарықпен жарықтандырылған. Сынып бөлмелерінің терезелері көкжиектің шығыс, солтүстік - шығыс бағдарында. Мектеп терезелері күн сәулесінен қорғаудағы ақшыл түстес шымылдықтармен жабдықталған. Ғимарат ішіндегі бөлмелерде оқу үстелдері мен оқу тақталарының орналасу арақашықтықтары, бөлме жарығы, санитарлық талаптарға сай, светодиода лампалармен қамтамасыз етілген.

Электр - су жүйесі орталықтандырылған, канализация жүйесі бар. Су тәртібі, оқушылардың қайнатылған суды пайдалануы қадағаланады. 2013 жылы желтоқсан айында мектепте автоматты өртке қарсы хабар беру дабыл жүйесі орнатылған. Мектептің төрт қабатында да эвакуация жоспары бар. Оқушылардың қауіпсіздігін ТОО «Барыс KST» күзет фирмасы қамтамасыз етеді. Ол фирмамен 2024 жылдың қаңтар айынан бастап №6 келісім шарт жасалған. 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап мектеп ғимаратында 32 бейне бақылау камералары орнатылған, оның 9-ы ғимараттың сыртында, 23 –і ғимараттың ішінде орналасқан. Дабыл түймесі 2017 жылдың қаңтар айынан бастап жұмыс істейді. Бейнебақылау және дабыл түймесі орталықтандырылған жедел басқаруға қосылған. "НҰР-Сақшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен №14 келісім шарт жасалған.

Спортзалдың көлемі 265,3 кв.м. Температура тәртібі $+20^{\circ}\text{C}$ жылылықта.

Мектепте медицина кабинеті бар, талапқа сай жабдықталған, лицензияланған. Медициналық бақылаудан барлық педагогикалық және кіші қызметкерлер ұжымы уақытында өткен.

Мектеп медбикесі Тиленова Айымторы Жаксылыковна 35 жыл қызмет етуде. Арқалық қаласы медициналық училищесін 1986 жылы аяқтаған.

Медицина қызметкерлеріне профилактикалық екпе жасауға рұқсат беру куәлігі №50 2024 ж 3 сәуірі күні берілген. 1 жылға жарамды.

Мектептің барлық қабаттарында қыз және ұл балалар үшін әжетханалар орналасқан, (1-ші қабатта - 6 әжетхана, 10-унитаз, 2-ші қабатта - 5 әжетхана, 9-унитаз, 3-ші қабатта - 5 әжетхана, 9-унитаз, 4-ші қабатта - 5 әжетхана, 9-унитаз). 2023 жылдың ақпан айында әжетханаларға 20 кабина орнатылды. Сантехникалық жұмыс жабдық күйінде атқарылады.

Асхана 1-ші қабатта орналасып, техникалық және сантехникалық жабдықтарымен толық жасақталған. Асханада 500 орындық бар, ыстық тамақпен қамтамасыз ететін жеке кәсіпкер Б.Мукаева.

Оқушылар мен тәрбиешілер үшін 36 сынып бөлмесі бар. 1-ші қабатта оқу сыныптары – 6, 2-ші қабатта – 12, 3-ші қабатта - 9, 4-ші қабатта – 9, 1-денешынықтыру залы бар.

Асхана 500 орындығымен жұмыс жасайды. Асхана 2023 жылдың шілде-тамыз айларында жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Дәрігерлік кабинеті, алғашқы көмек көрсететін лицензиясы бар.

Спорттық алаңы: көлемі – 1850 квм. Шағын футбол, волейбол, баскетбол, жүгіру жолы, жаттығуға арналған воркаут құрылғыларымен жаңа үлгіде жабдықталған.

Мектеп ғимаратының алаңына брусчатка тастары төселген және оқушылармен мектеп қызметкерлері демалатын алаңқай орындықтармен жабдықталған. Мектеп ауқымына жаңа қоршау орнатылған. Мектеп ауқымы талапқа сай жарықтандырылған.

2 информатика кабинеті, 1 STEM кабинеті жұмыс жасайды. Барлығы 5 ноутбук және 1 моноблок, 30 компьютермен жабдықталған. Интернет желісі 5 нүктеге қосылған 8 вайфай құрылғысы жұмыс істейді, интернет жылдамдығы 20 МГ бит/сек 3 нүктеде және 40 МГ бит/сек. 2 нүктеге қосылған. АО Транстелеком қызмет көрсетеді.

Қазіргі уақытта оқу процессі материалдық және техникалық база бойынша жетілдірілді. Барлық оқу кабинеттеріне парталар мен орындықтар алынды. Оқу кабинеттерінде интерактивті 5 панел және акт залына лэд экран орнатылған, олардың барлығы интерне желісіне қосылған. Барлық оқу кабинеттері компьютерлік құрылғылармен жабдықтылып, интернет жесіне қосылған.

Күрделі жөндеу жұмысы 2010 - 2011 жылы өткізілген.

8 бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

КІТАПХАНАШЫНЫҢ ОТЧЕТЫН ОСЫ ЖЕРГЕ ҚОЯСЫҢ

9 бөлім. Білім алушылардың білімін бағалау

Оқушылардың білімдерін бақылау және бағалау, мектепте білім сапасын арттыру үшін мектепшілік іс-шаралық жоспар құрылған.

Оқу-тәрбие үрдісін бақылаудың пайдаланатын негізгі түрлері:

- сыныптық бақылау;
- жаппай бақылау;
- тақырыптық бақылау.

Бақылау қорытындылары педагогикалық кеңес, басшы жанындағы отырыс пен әдістемелік отырыстарынды талқыланады.

Мектеп қызметінің басты көрсеткіші оқушылардың жетістіктері болып табылады. Материалды меңгеру нәтижелерін қадағалап отыру мақсатында пәндер бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары жүргізіледі. Бақылау жұмыстарына талдау жүргізіле отыра, оқу үлгерімінің орташа көрсеткіштері жалпы тұрақты және рұқсат етілген деңгейде екені анықталды. Басқарушылық қызметтің негізгі міндеті әкімшілік тарапынан мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарының орындалуына бақылау жасау болып табылады. Бақылау мектеп жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады. Бақылау, зерделеу қорытындылары бойынша аналитикалық материалдар құрылды. Мектепшілік бақылау қорытындылары талданып, әкімшілік кеңестерде, директормен өткен кеңестерде талқыланды. Қолда бар материалдар талдауы оқушылардың оқу мүмкіндіктері туралы білуге мүмкіндік береді, психологтардың зерттеулері көмегімен барлық пән мұғалімдері өткізетін оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке түзету жұмыстарын мақсатты түрде жүргізілді.

Білім сапасын және тәрбиелік деңгейін арттыру үшін оқыту түрлері мен әдістерін қатаң түрде сақтау қажет, сондай-ақ, оқушыға қойылатын талаптар да сақталуы тиіс. Мектепте жыл сайын (сәуір, мамыр айында) бастауыш мектепті бітіріп, негізгі мектепке көшкелі отырған 4-сынып оқушыларынан білім деңгейін бақылау мақсатында математика мен қазақ тілінен бақылау жұмысы алынды. Аталмыш жұмыс бұрынғы 4- сыныптықтардың оқытудың жаңа жағдайына бейімделіп кетуін жеңілдетуге және тездетуге мүмкіндік береді және пән мұғалімдеріне 5- сыныптықтарды оқытуда психологиялық әдіс-тәсілдерді және педагогикалық әдістерді анықтауға көмек көрсетеді.

Білім беру мекемесінде соңғы үш жылда үздік, екпінділер саны, және білім сапасында өсу серпінділігі байқалады.

Барлық сатыдағы негізгі пәндер бойынша білім сапасы үш жылдық

көрсеткіш бойынша өсім бар. Білім көрсеткіштерін анықтау мәселесі - бастауыш мұғалімдерінің міндеттерінің бірі болып табылады.

Білім сапасын көтеру үшін шешімдер қабылданды:

- оқушыларды білімдеріне қарай сай бағалау;
- тоқсандық бақылау жұмыстарын үнемі қадағалау;
- білім сапасын көтеруде пән мұғалімдерінің әдіс-тәсілдерін бақылау

Алдағы уақытқа қойған талаптар:

- Пәндердің сапасын көтеру мақсатында оқу үрдісінің барлық мүмкіндіктерін қолдану;

- Жүйелі түрде бақылау мен бағалау үрдісін жүргізіп отыру;

- Оқушылар білімдеріндегі олқылықтарды жою жұмыстарын ұйымдастыру.

Мектебімізде білім алушылардың білімін бағалауға, талапқа сай қорытынды шығаруға ерекше көңіл бөлінеді және әр пән мұғалімінен талап етіледі. Оқушының сыныптағы күнделікті оқу үлгерімін, сабаққа қатысуы мен үй тапсырмасын орындауына формативті бағалау жүргізіледі. Электронды журналға түсіріліп отырылады. Оқу жоспарының инварианттық бөлімінде көрсетілген пәндерден бір тоқсанда әр бөлім бойынша оқушының білімі мен біліктілігін тексеру үшін БЖБ алынды. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болатын пәндерден БЖБ тоқсанына екі реттен артық болмайтыны ескерілген. ТЖБ әр тоқсан аяғында арнайы бекітілген кесте бойынша алынды. Оқу пәндерінің күрделілігі ескеріле отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ қойылған жоқ. Пән мұғалімдері жиынтық бағалау тапсырмаларын өтілген материалды қамти отырып даярлады.

2022 - 2023 оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап ата-ана өтінішімен мектепке ауысып келді. 2 Б сынып оқушысы *Кенжебай Б.* денсаулығына байланысты үйде оқытылуда. Арнайы үйде оқытудың типтік оқу жоспарымен аптасына 14 сағат негізгі пәндерден білім берілді. Атап айтсақ: қазақ тілі, әдебиеттік оқу – 2 сағат, математика – 3 сағат, дүниетану, жаратылыстану – 1 сағат, орыс тілі, ағылшын тілі – 2 сағат, цифрлық сауаттылық -1 сағат. Электронды журналда толтырылып, есепке алынуда. Үйде оқытудың барысы ДЖМ –тің күн тәртібінде арнайы қаралды. Үйде оқитын оқушылар мен ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сараланған жеке тапсырмалар әзірлеп, бағыт - бағдар беріледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жеке үйде оқытуды ұйымдастыру оқыту бағдарламаларын мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде меңгеру міндетін қояды. Үйде оқытуды жүзеге асыратын педагогтар, психологтар келесі бағыттар бойынша арнайы қолдау көрсетеді: оқыту үдерісі шеңберіндегі көмек көрсету, оқуға деген жағымды көзқарасты қалыптастыру, ата - аналармен қарым - қатынас жасау. Мектепте инклюзивті білім беруде жолға қойылған.

Оқушылардың білімін сырттай бағалау.

Мектебімізде «Оқу жетістіктерін сырттай бақылау» үш жыл аралығында өткізілген жоқ.

Оқушыларды қорытынды аттестаттау.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – олардың білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5–бабының 14-тармақшасына және «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылдың 10 сәуірдегі №88 бұйрығы, «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 17 сәуірдегі №261 бұйрығы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 17 сәуірдегі №180 бұйрығына сәйкес 2022 – 2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында 2023 жылдың 19 сәуірі №245 бұйрық бойынша оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілді:

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдары 2023- 2024 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етпек.

Жалпы мектептің білім сапасы: 2023 – 2024 оқу жылында – 59,3 %.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес барлық пәндер зерделенді. Әр тоқсан қорытындысына сәйкес сапа ең төмен пән, білім сапасы төмен сынып жекелей бақылауға алынды. Оның себептері: оқушылардың оқуға деген ынтасының төмендеуі; сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің арасында тығыз байланыс болмауы; пән мұғалімдерінің оқушылармен жүйелі түрде жете жұмыс жасамауы; үлгерімі төмен оқушылармен деңгейлік тапсырмаларды орындамауы; Шұғыл кеңес отырысында, әдістемелік бірлестікте осы сынды мәселелер талданып, кемшіліктерді жою бойынша жеке жоспар құрылып, төмен сапа көрсеткен сыныптар мен пәндер мектепшілік бақылауға алынды. Оқу сапасы проблемалы сыныптарда Lesson Study зерттеу сабақтары арқылы оқытушы мұғалімдердің бағалау әдістерімен қатар үш деңгейлі оқушылардың бағалау жүйесі арқылы оқуға тартылу дәрежелері зерттелінді. Бұл зерттеу өз кезегінде баланың әлеуеттенуінің оқу сапасына тікелей ықпалын көрсетіп, өзіндік бағасы мен өзара бағалануын жетілдіру жолдарын қарастыра алуымызға көмек бере алды. Осындай жұмыстар сыныптардағы көрсеткіштер өсу дәрежесін көрсетті. Жүйелі бақылау нәтижесінде білім сапасында өсім байқалды. Мемлекеттік даму бағдарламасын орындау мақсатында мектебімізде үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыстар жасалып, мектепшілік бақылау жоспары бойынша әрдайым білім сапасы назарға алынып, мониторинг жасалады.

Негізгі буын сынып оқушыларының базалық дайындықпен қатар оқушының бейіналды дайындығын қамтамасыз ететін бағыттар бойынша вариативтік курстар оқыту жүзеге асырылады. Осы сатыда ішкі және сыртқы

дифференциация негізінде оқушының базалық дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді. 9-сынып оқушыларымен жүргізілетін кәсіби бағдарлау жүйесі жоғары буында оқушылардың оқу пәндерінің бағытын таңдап, таңдаған мамандығы бойынша білімдерін жалғастыруға жетелейді. Сондай-ақ негізгі орта білімнен кейін білімін техникалық және кәсіптік оқу орындарында жалғастыру мүмкіндігі бойынша жұмыстар жүргізілді. 9-сынып оқушыларымен соңғы екі жылда жүргізілген кәсіби бағдар бойынша нәтиже төмендегідей

2023 - 2024 оқу жылында 9 - сыныпта 102 оқушы бар. Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жоғары буын сыныптарының оқу пәндері мен таңдау бойынша бейінді оқу пәндерін ұштастыру негізінде жаратылыстану - математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту жүзеге асырылуда. 10 сыныпқа келетін оқушылармен кәсіптік бағдарлау бойынша сауалнамалар алынып, таңдаған мамандықтары бойынша оқу бағытын, тереңдетілген пәндер және таңдау пәндері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 10-11 сыныптарда тереңдетілген және таңдау пәндерінде алған білімдері мамандықты игеруде алғашқы білім, білік, дағдыларын қамтамасыз етеді. Сондықтан оқушылардың жоғары оқу орындарына түсуі үшін тапсыратын ұлттық бірыңғай тестілеуінде көрсеткен көрсеткіштері үш жылдық салыстыру бойынша өсу динамикасын көрсетті:

Салыстырып қарағанда «Үздік аттестат», «Алтын белгі» иегерлерінің өсу динамикасын байқауға болады.

Оқушылар ҰБТ нәтижесі ең шешуші әсер ететін фактор екендігін мойындап отыр. Өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға тырысып, өз білімдерін саралап, білімдерін тереңінен жетілдіруге ұмтылады.

2023 - 2024 оқу жылында ҰБТ-ге 67 оқушы қатысты.

Қаңтар - наурыз айында өткен ақылы түрдегі 1, 2 мүмкіндігін пайдаланып ҰБТ-ге қатысқаны 60. Орта ұпайы **64,2**.

Мамыр – маусым айындағы грантқа ие болу үшін берілген 1, 2 мүмкіндікті пайдаланып ҰБТ – ге қатысқаны – 67.

ҰБТ – ге 67 білім алушы қатысты. 1 білім алушы қажеттілігіне қарай алдағы уақытта таңдауы мүмкін, қазіргі таңда мектеп қабырғасында оқып жүрсе де онлайн түрде бағдарламалар, сайттар ашу, т.б. компьютерлік тапсырыстармен жұмыс жасауда, онлайн курстар оқып, өз білімін қажетті саласына, қабілеті мен қызығушылығына сәйкес жетілдіруде.

Жіберілген кемшіліктер анықталып, ҰБТ дайындығын күшейту, орта буыннан күнделікті сабақта дайындық жұмыстарын жүргізу, жалғастыру, күшейту жоспарлануда.

ҰБТ тапсырудағы жаңалықтармен оқушылар, ата – аналар хабардар.

Үш жылғы 9, 11 сынып оқушыларының еңбекке орналасуын талдай келе, негізгі және жалпы орта білімді аяқтағаннан кейін әртүрлі оқу орындарына грант, ақылы түрде болсын түсетінін, жалпы түлектердің 100 % еңбекке орналасатынын байқауға болады.

Оқушылардың еңбекке орналасуына кәсіби бағдарлауды жүзеге асыруда Жоғары, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарымен байланыс орната отырып, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,

Н.Құлжанова атындағы гуманитарлық колледж, көпсалалы колледж, медициналық колледждермен, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетімен де бірлесе отырып, 9 және 11 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізуде. Жоғары оқу орны және техникалық – кәсіптік оқу орындарының ашық есік күндеріне оқушылар қатыстырылып, мамандық таңдау, оқу орынның жағдайы, білім беру жүйесімен таныстырылады.

Кәсіби бағдар маманы Қ.Ғ.Сәндібек мектептің педагог-психологы А.О.Танабергенмен бірлесе 9, 10, 11 сынып оқушыларынан Дж.Голланд әдістемесі бойынша «Тұлғаның типтерін анықтау» сауалнамасын және Е.А.Климов классификациясымен дифференциалды – диагностикалық сауалнамасын алды. Сауалнама нәтижесі бойынша сынып топтарына және жекелеген оқушыларға кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізіп, мамандық таңдау оқушының өз қабілетін анықтауға көмек көрсетті.

Білім алушылардың бос уақытын, ұйымдастыруда қосымша біліммен қамту рөлі үлкен. Қосымша біліммен қамту арқылы білім алушының дарынын ашып, білімді тәжірибелік оқыту негізінде жинақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан мектепте қосымша білім беруді ұйымдастыруда жұмыстық оқу жоспарында әр түрлі қабілеттерді дамытатын көркем-эстетикалық, өлкетану, спорттық, театр үйірмелері ұйымдастырылған. Сондай-ақ білім алушылар мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарына «Жас ұлан» БЖО, «Тұран» орталығында каратэ, дзюдо, «Қайрат» спорт кешенінде бокс, дзюдо, ауыр атлетика, Н.Байқадамов атындағы музыка мектебінде би, вокал, домбыра үйірмелеріне, «Smartland» «Тұран» орталықтарында ағылшын тілі курсына қатысып, қабілеттерін шыңдауда.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Педагогтардың іштей түрлі байқауларға қатысуы, оң нәтиже көрсету деңгейін көтеру,
2. Оқушылардың да іштей байқауларға қатысу көрсеткішін жоғарылату;
3. Пән олимпиадасы, ғылыми жұмыс сайысы бойынша облыс, республика деңгейіне көтерілу үшін нәтижелі жұмыс жасау.
4. Оқушылардың облыс, республика деңгейінде жетістікке жетуі үшін, мұғалімдердің өзіндік білім жетілдіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлу.
5. Білім алушылар толық оқулықпен қамтамасыз етілген, дегенмен әдеби, тарихи кітаптармен толықтыру.
6. Соңғы үлгідегі модификацияланған кабинетпен жабдықтау

